ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Р. Қ. Өмірбекова
Н. Қ. Мәтбек

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

*Оқу құралы*

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 қаз – 923
Ө 44

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*
*жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің*
*Ғылыми Кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі*
*шешімімен ұсынылған*
*(№4 хаттама 13 шілде 2016 жыл)*

**Пікір жазғандар:**
филология ғылымдарының докторы, профессор ***Т.С. Тебегенов***
филология ғылымдарының докторы ***С. Асылбекұлы***
филология ғылымдарының кандидаты ***Р.К. Садықова***

**Өмірбекова Р.Қ., Мәтбек Н.Қ.**
Ө 44 Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 220 б.

**ISBN 978-601-04-2438-8**

Философия мамандықтарына арналған бұл оқу құралында тілді меңгерудің $C_1$ деңгейі қамтылған. $C_1$ деңгейі тіл үйренушілердің өз мамандығына қатысты тілдік бірліктерді орынды қолдануын, ойларын жүйелі түрде жеткізуін көздейді.

Оқу құралында мамандыққа қатысты ең қажетті деген тақырыптар сұрыпталып, мәтіндер мен коммуникативтік бағыттағы тапсырмалар жүйелі тілді меңгерудің төрт аспектісі арқылы (оқылым, жазылым, айтылым, тілдесім) берілді.

Оқу құралындағы тапсырмалар қатары студенттердің тілін дамыту, тілдік құзыреттілігін жетілдіру, еркін сөйлеуге жетелеу және мемлекеттік тілдің қадір-қасиетін жете таныту мақсатында туындаған.

Еңбек студенттерге, магистранттарға, оқытушыларға арналған.

**ӘОЖ 811.512.122**
**КБЖ 81.2 қаз – 923**

ISBN 978-601-04-2438-8

© Өмірбекова Р.Қ., Мәтбек Н.Қ., 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

# Алғы сөз

Қазіргі таңда еліміздің егемендікке қол жеткізуге сай әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуымызға байланысты көп оң өзгерістер әкелді. Әсіресе жоғарғы оқу орындарында оқыту мазмұнының жаңаша өзгеруі, білім берудің жаңа технологияларын оқу үрдісіне енгізу басты талаптардың бірі болып отыр.

Ұсынылып отырған оқу құралы философия факультетінің студенттеріне арналған.Оқу құралының басты мақсаты – ауызекі сөйлеу тілі қалыптасқан студенттердің қазақша сөйлеуін одан әрі дамыту, жазу дағдысын қалыптастыру,кәсіби лексикасын байыту.

Студентке берілген мәтіннің мазмұнын айту, пікір білдіру,өз ойын еркін жеткізу дағдыларын қалыптастыру міндеттеледі. Қазақ тілін студенттердің болашақ мамандықтарымен байланыстыру – олардың тілге деген қызығушылығын арттырары сөзсіз.

Бұл оқу құралында орта ғасырларда отандық философияда ерекше орын алатын тұлғалар мен қазақ халқының ақын-жырауларының аса көрнекті өкілдері туралы мәтіндер берілді. XV-XVIII ғғ. дүниеге келген философиялық ой- толғамдар жыраулық түрде таралып өмір сүрген.Адамның ойымен қатар,оның сана-сезіміне өзінің зор әсерін тигізетін ауқымы да көлемді болып алынды.Ондағы мақсатымыз - меңгере отырып студенттердің философиялық сараптау жасауына мүмкіндік туғызып,халқымыздың мыңдаған жылдық тереңдікке кететін ділін,дінін дүниесезімін таныуына үлес қосу.

Оқу құралында мамандыққа қатысты деген тақырыптар сұрыпталып, сол тақырыптарды меңгерту мақсатындағы коммуникативтік тапсырмалар жүйесі тілді меңгертудің төрт аспектісі арқылы (жазылым,айтылым,тілдесім) жүйелі беріліп отырады.

## 1-САБАҚ



### ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

**Қазақстан Республикасы**

Қазақстанның жері кең-байтақ. Ол жерінің үлкендігі жөнінен дүние жүзінде 9-орында. Біздің еліміз Ресей, Қытай, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстан елдерімен көршілес орналасқан.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік алды. Тәуелсіз Қазақстанды ең бірінші болып Түркия таныды. 1999 жылдың басында дүние жүзінің 150 мемлекеті танып, 106 елмен дипломатиялық қатынас орнатылды. 1992 жылғы 2 наурызда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды.

Қазақстанда 130-дан астам ұлт өмір сүреді. Әрбір ұлттың өз салт-дәстүрлерін, діни рәсімдерін орындауға толық құқықтары бар. Қазақстан халқының татулығы дүние жүзін таңғалдырып отыр.

**2-тапсырма. Сұрақтарды оқып, жауап беріңіз.**

1. Қазақстанның жер көлемі қандай?
2. Ол қандай мемлекеттермен көршілес орналасқан?
3. Қазақстан Республикасы қашан тәуелсіздік алды?
4. Қазақстан қашан БҰҰ-ға мүше болып қабылданды?
5. Қазақстанда қанша ұлт өмір сүреді?
6. Ұлт өкілдерінің қандай құқықтары бар?

**3-тапсырма. Бос орынға қажетті сөздерді қойып жазыңыз**. Қажетті сөздер: *Астана, тәуелсіздік, Еуразия, мемлекеттік тіл, 16 миллион, жер көлемі.*

Қазақстан --------------------- құрлығында орналасқан. 199 жылы Қазақстан өзінің ----------------- алды. Астана – Қазақстанның ----------------------. Қазақстан Республикасының ----------------------------- қазақ тілі. Қазақстанда  ------------------- адам тұрады. Қазақстанның -------------------------- 2717,3 шаршы шақырым.

**4-тапсырма. Синонимдерді жұптастырыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| 1. тәуелсіз | а. мемлекет | 1. ------------ |
| 2. ел | ә. келешек | 2. ------------ |
| 3. конституция | б. транспорт | 3. ------------ |
| 4. болашақ | в. егеменді | 4.------------- |
| 5. көлік | г. Ата Заң | 5. ------------ |

**5-тапсырма. Берілген сөздермен сөз тіркесін құраңыз.**

---------------- жер, --------------- орын, ------------------ алу, --------------- қатынас, ----------------- мүше, ---------------- ұлт, ------------------ рәсім, ------------------ татулығы.

**6-тапсырма. Қосымша тапсырмалар.**
**а) Мақал-мәтелді оқып, есте сақтаңыз.**
Жалғыз ағаш орман болмас,
Жалғыз кірпіш қорған болмас.

Саналы адам сағыңды сындырмас,
Санасыз адам жағыңды тындырмас.
**б) Өлең шумағын оқып, жатқа айтыңыз.**
Біз қазақ еліміз бастан не көрмеген,
Намысын ешкімге қолынан бермеген.
Тұс-тұстан анталап, көз сүзген жаулардан
Кең-байтақ даласын қас қақпай қорғаған. (Ш.Әлдибекұлы.)

## 2-САБАҚ

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

**ҚР Тұңғыш Президенті**



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Н.Ә. Назарбаев 1940 жылдың 6 шілдесінде Алматы облысы Қаскелең ауданы Шамалған аулында дүниеге келген. Әкесі Әбіш пен анасы Әлжан еңбекқор, өнерлі кісілер болған.

Нұрсұлтан Әбішұлының мамандығы – металлург. Жастық шағын Теміртау мен Қарағандыдағы темір өндіру зауытында өткізген. Басшылық қызметтерге де ерте араласты. 44 жасында Үкімет төрағасы болды. 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.

Елбасымыздың аты қазір әлемге әйгілі.

**2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кім?
2. Нұрсұлтан Әбішұлы қашан және қай жерде дүниеге келді?
3. Нұрсұлтан Әбішұлының әке-шешесінің есімдері кім?
4. Нұрсұлтан Әбішұлының жастық шағы қай жерде өтті?
5. Нұрсұлтан Назарбаев қашан Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды?

**3-тапсырма. Мәтін бойынша Елбасы жайлы сауалнаманы толтырыңыз.**

Аты-жөні ________________________

Әкесінің аты ________________________

Анасының аты ________________________

Туған күні, айы, жылы ______________________
Туған жері ______________________
Мамандығы ______________________
Атқарған қызметтері ______________________

**4-тапсырма. Жоғарыдағы сауалнаманы өзіңіз жайлы мәліметпен толтырыңыз.**

Аты-жөніңіз ______________________
Әкеңіздің аты ______________________
Анаңыздың аты ______________________
Туған күніңіз, айыңыз, жылыңыз ______________________
Туған жеріңіз ______________________
Мамандығыңыз ______________________

**5-тапсырма. Аралас сөздерден сөйлем құраңыз.**

1. Ата заңы / болады / елдің / тәуелсіз.
2. Қабылданды / 1995 жылы / Конституциямыз / біздің.
3. Болсын / халқы / еліміздің / біздің / бақытты.
4. Оқимыз / университетте / біз.
5. Қала / өте көрікті / Алматы.

**6-тапсырма. Бос орынға тиісті жалғауларды қойыңыз. Сөйлемнің бастауыш, баяндауышын табыңыз.**

Біздің қалада ____ ____ үлкен кітапхана бар. Ол 7 жас____ оқу____ барған. Әркім Ата Заң____ құрметтеу____ міндетті. Мен____ дос______ ата-ана____ қала____ тұрады. Мен өз ел______ азамат_______.

**7--тапсырма. Бос орынға тиісті сөздерді қойып жазыңыз.**

Қазақстанның ______________ Президенті – Н.Ә.Назарбаев. Әбіш пен Әлжан – ___________________ кісілер. Нұрсұлтан Әбішұлы ____________________ шағын темір өндіру зауытында өткізді. Ол жас кезінен _______________ қызметке араласты. Елбасының аты ____________ әйгілі.

**8-тапсырма. Есте сақтаңыз.**

**Президент, Елбасы** – республикалық басқару нысаны бар көптеген елдердегі мемлекеттің сайланбалы басшысы.
**Үкімет** – мемлекеттің жоғары атқарушы органы.

**9-тапсырма. Қосымша тапсырмалар.**
**а) Мақал-мәтелді оқып, есте сақтаңыз.**
Қоянды қамыс өлтіреді,
Ерді намыс өлтіреді.

Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын,
Жаманның жамандығын айт, құты қашсын.

**б) Өлең шумағын оқып, жатқа айтыңыз.**
Кең-байтақ қой Қазақстан картасы,
Астанамен айшықталған ортасы,

Бүгін бізге таңдай қағар күллі әлем,
Мұның бәрі – Елбасының арқасы.

Шықты тарап ой данадан,
Бері қарап жұлдыз беті.
Өзі қалап сайлап алған
Елімнің бар Президенті.

## 3-САБАҚ

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

### Мемлекеттік рәміздер




Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің тәуелсіздігін білдіретін белгі. Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздік нышаны ретінде ерекше қадірленеді. Олардың түр-түсі мен ресми қолданылу тәртібі Конституцияда белгіленеді және заңмен қорғалады. Ата Заңда: «ҚР Мемлекеттік рәміздерін құрметтеу – әрбір Қазақстан азаматының міндеті», – деп жазылған. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу азаматтардың мемлекет тәуелсіздігін құрметтеуді нығайтып, жасөспірімдердің отансүйгіштік сезімін қалыптастырады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін оның Мемлекеттік рәміздері бекітілді:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны.

**2-тапсырма. Жаңа сабақ бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Мемлекеттік рәміздерді атаңыз.
2. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу кімдердің міндеті?
3. Мемлекеттік рәміздерде не бейнеленген?
4. Мемлекеттік рәміздердің авторлары кімдер?
5. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу қандай сезімді қалыптастырады?

**3-тапсырма. Тұрлаусыз мүшелерді табыңыз.**

Қазақстан Республикасының Туының түсі көгілдір. Тудың ортасында күн орналасқан. Күннің астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген. Тудың сол жағында ұлттық ою-өрнек бар. Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков. Мемлекеттік Туымыз 1992 жылы 4 маусымда қабылданды.

**4-тапсырма. Жақшаның ішіне тиісті жалғауларды қойып, оқыңыз.**

Мемлекеттік Елтаңба(тәуелдік жалғау+ілік септік) басты белгі(тәуелдік жалғау) – шаңырақ. Шаңырақ(ілік септік) айнала(тәуелдік жалғау+жатыс септік) уық(көптік жалғау) бар. Уық(көптік жалғау+табыс септік) пырақ(көптік жалғау+ілік септік) қанат(тәуелдік жалғау) қоршап тұр. Пырақ – аңыз(көптік жалғау+жатыс септік) кездесетін қанатты тұлпар. Елтаңба(ілік септік) жоғарғы жағ(тәуелдік жалғау+жатыс септік) бесбұрышты жұлдыз орналасқан. Елтаңба(ілік септік) астыңғы жағ(тәуелдік жалғау+жатыс септік) «Қазақстан» жазуы орналасқан. Елтаңба(ілік септік) автор(көптік жалғау+тәуелдік жалғау): Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Елтаңба 1992 жыл(тәуелдік жалғау) 4 маусым(жатыс септік) қабылданды.

**5-тапсырма. Сөйлем мүшелеріне талдаңыз.**

2006 жылы 7 қаңтарда Қазақстанның жаңа Әнұраны қабылданды. Әнұранның авторлары – Шәмші Қалдаяқов, Жұмекен Нәжімеденов және Нұрсұлтан Назарбаев.

**6-тапсырма. Сұхбатты толықтырыңыз.**

– Сәлеметсіз бе?
– Сәлеметсіз бе?
– Сіз қай елдің азаматысыз?
– Мен Қазақстан Республикасының азаматымын.
– Сен қайда тұрасың?
– --------------------------------------.
– Қазақстан өзінің тәуелсіздігін қашан алды?
– ------------------------------------------------------.
– Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Н.Ә.Назарбаев.
– Қазақстан қай құрлықта орналасқан?
– -------------------------------------------------------.
– -------------------------------------------------------?
– Біздің мемлекетіміздің елордасы – Астана қаласы.
– ----------------------------------------------------------?
– Иә, біздің еліміз – көпұлтты мемлекет.
– Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін айтып бересіз бе?
– -----------------------------------------------------------.

**7-тапсырма. Есте сақтаңыз.**

**Дәстүр**.

1. Тарихи қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін идеялар, көзқарастар, мәнерлер, салттар, тәртіптер, өзін-өзі ұстау әдептері.

2. Өзін-өзі ұстай білуде, тұрмыста қалыптасқан тәртіп, дәстүр.

**8-тапсырма. Қосымша тапсырмалар.**

**а) Мақал-мәтелді оқып, есте сақтаңыз.**

Түсі игіден түңілме.
Сыпайы сырын білдірмес.
Батыр бір өледі,
Қорқақ мың өледі.

**б) Өлең шумағын оқып, жатқа айтыңыз.**

Бақыт, бірлік – күн талабы,
Тоқтамайды дабыр әні.
Мәңгі-бақи шырқалады
Республика Әнұраны.

## 4-САБАҚ

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, есте сақтаңыз.**

**Қазақстан Республикасындағы мерекелер**








Демалыс күніне мереке күн сай келетін болса, келесі күн жұмыс күні болып саналады. Қазақстан Республикасындағы мереке күндер демалыс күндер болып табылады.

**Ұлттық мереке:**

Тәуелсіздік күні – 16 – 17 Желтоқсан

**Мемлекеттік мерекелер** :

Жаңа жыл – 1 – 2 Қаңтар;

Халықаралық әйелдер күні – 8 Наурыз;

Наурыз мейрамы – 22 Наурыз;

Қазақстан халқының бірлігі күні – 1 Мамыр

Отан қорғаушылар күні – 7 Мамыр;

Жеңіс күні – 9 Мамыр;

Астана күні – 6 Шілде;

Қазақстан Республикасының Конституциясы күні – 30 Тамыз;

Тұңғыш Президент күні – 1 Желтоқсан.

**2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Қазақстан Республикасында тойланатын қандай мерекелерді білесіз?
2. 1 мамырда қандай мереке болады?
3. Наурыз мерекесі қашан тойланады?
4. Мамыр айында қандай мерекелер бар?
5. 30 тамызда қандай мереке тойланады?
6. Мереке күндер демалыс күндер болып санала ма?

**3-тапсырма. Сөйлемдегі бірыңғай мүшелерді табыңыз.**

Мұғалім Әли мен Мақсұтқа тапсырма берді. Үстелде кітап, дәптер, бояу, қалам жатыр. Қазақстанда қазақтармен бірге орыс, өзбек, ұйғыр, түрік, корей және басқа халықтар тұрады. Мен қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білемін. Мен парсы және араб тілдерін үйреніп жүрмін.

**4-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтап, көшіріп жазыңыздар.**

Біздің үйдегі адамдар мыналар: ____________________ . Менің сөмкемде мынадай құрал-жабдықтар: _________________________ бар. Айнұр мен Сара – ________ сабаққа бірге дайындалады. Жалпылауыш бола алатын сөз таптары мыналар: _____________________ . Мүслима, Иса, Бақыт – ______________ жиналысқа қатысты. Орынбор, Ақмешіт, Алматы – ________ Қазақстанның астанасы болған қалалар.

**5-тапсырма. Сөйлемге құрамына қарай талдау жасаңыз.**

Арман, Асқар және мен – үшеуміз бұларды жататын үйлеріне апарып, орналастырып келдік.

**6-тапсырма. Сұхбатты оқыңыз.**

– Сен қайда барасың?

– Мен Қарағандыға барамын.

– Немен барасың? Ұшақпен ұшасың ба?

– Жоқ, ұшақпен ұшпаймын. Пойызбен барамын.

– Пойызға билет алдың ба?

– Жоқ, алған жоқпын.

– Алматыда неше теміржол бекеті бар?

– Алматыда екі теміржол бекеті бар.

– Алматыда неше әуежай және неше порт бар?
– Алматыда бір әуежай бар, ал порт жоқ.
– Алматыда неше автобекет бар?
– Алматыда екі автобекет бар. Олар: «Сайран», «Саяхат».

**7-тапсырма. Қосымша тапсырмалар.**
**а) Мақал-мәтелді оқып, есте сақтаңыз.**
Ақыл сұраудың өзі – ақылдылық.
Айнаға үйір бойын түзейді,
Халыққа үйір ойын түзейді.
**б) Өлең шумағын оқып, жатқа айтыңыз.**
Бақытты боп жүргенім
Сенің арқаң, Ұлы Отан!
Елім менің – тірегім,
Құшағында гүл атам.

## 5-САБАҚ

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, есте сақтаңыз.**

**ҚР Конституциясы – Ата Заң**




**Қазақстан Республикасының Конституциясы** – тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ата Заңы. 1991 жылы желтоқсанның 16-сында Қазақстан өз мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған. Біртұтас Қазақстан азаматтығы, тәуелсіз экономикалық жүйе, қаржы-несие, салық және кеден мәселелері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері белгіленді. 1992 жылы 4 маусымда – Қазақстан Елтаңбасы, 11 желтоқсанда Қазақстан Әнұранының жаңа мәтіні бекітілген. 1992 жылы Қазақстан БҰҰ-ға мүше болып қабылданды. 29 қыркүйекте Қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайы ашылды.

1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы қабылданды. Осыдан кейін Қазақстанның сыртқы елдермен қатынасы күшейді. Республиканы 100-ден аса ел таныды.

1995 жылдың наурызынан бастап егемендіктің тағы бір белесі басталды. Ол республиканың Конституциялық Сотын танумен, Жоғары Кеңес депутаттарының өкілеттілігіне қол сұғылмайтындығымен, Қазақстан халқы Ассамблеясы ашылуымен байланысты.

1995 жылы 30 тамызда республикада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнының сапасында еді. Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Парламент туралы конституциялық бөлім өзгерістерге ұшырады.

1995 жылы желтоқсанда екі палаталы (жоғарғы палаталы – Сенат, төменгі палаталы – Мәжіліс) Парламентке сайлау өткізілді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы:

- 1-бөлімі, Жалпы ережелер
- 2-бөлімі, Адам және азамат
- 3-бөлімі, Президент
- 4-бөлімі, Парламент
- 5-бөлімі, Үкімет
- 6-бөлімі, Конституциялық кеңес
- 7-бөлімі, Соттар және сот төрелігі
- 8-бөлімі, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару
- 9-бөлімі, Қорытынды және өтпелі ережелер

**2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Қазақстан өз тәуелсіздігін қашан жариялады?
2. Қазақстан қашан БҰҰ-ға мүше болып қабылданды?
3. Тәуелсіз Қазақстанның 1-Конституциясы қашан қабылданды?
4. Республиканы қанша ел таныды?
5. 1995 жылы 30 тамыздағы бүкілхалықтық референдум нәтижесінде қандай құжат қабылданды?
6. ҚР Конституциясы қандай бөлімдерден тұрады?

**3-тапсырма. Бос орынға ілік септігі мен тәуелдік жалғауын жазыңыз.**

1. ел______ конституция ______
2. біз______ ел______
3. тамыз______ отыз______
4. біз______ мемлекет______ азамат______
5. мен______ ел______

**4-тапсырма. Жоғарыда берілген сөз тіркестерін қатыстырып, хабарлы сөйлем құрастырыңыз.**

**5-тапсырма. Берілген сөйлемдерді оқып, тұрлаулы мүшелерді табыңыз.**

Қазақ хандарының бірі Тәуке 1626–1718 жылдары өмір сүрген. Тәуке хан тұсында да Қазақ хандығы жақсы дамыды. Ол «Билер кеңесін» құрды. XVII ғасырдың басында «Жеті жарғы» заңдар жинағы шықты. Қазақ елі тарихында бұл заңның орны ерекше.

**6-тапсырма. Сұхбат бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

– Сәлеметсіз бе?
–________________________ .
– Қазақстанға қашан келдіңіз?
– ________________________ .
– Қай мемлекеттен келдіңіз?
– ________________________ .
– Қазақстанға қандай мақсатпен келдіңіз?
– ________________________ .
– Тәуелсіз мемлекеттің айрықша нышандары нелер?
– ________________________ .
– Өз еліңіздің Ата Заңы туралы не айтар едіңіз?
– ________________________ .
– Сұхбатыңызға көп рақмет. Сау болыңыз.
– ________________________ .

**7-тапсырма. Қосымша тапсырмалар.**
**а) Мақал-мәтелді оқып, есте сақтаңыз.**
Кен байлығы –жерде, сөз байлығы – елде.
Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

**б) Өлең шумағын оқып, жатқа айтыңыз.**
Өркендеп өз қолына алған ісі,
Биікке қазағымның самға, құсы!
Халық боп қадір тұтып, қастерлеген
Ата Заң – Азат елдің Ар-намысы!

## 6-САБАҚ

**1-тапсырма. Берілген үзінділерді оқып, есте сақтаңыз.**

**Ата заң. «Адам және азамат». (14, 15, 17-баптар)**



**14-баптан:**

1) Заң және сот алдында жұрттың бәрі тең.

2) Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

**15-баптан:**

1) Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.

2) Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ.

**17-баптан:**

1) Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

2) Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

**2-тапсырма. Үзінділер бойынша сұраққа жауап беріңіз.**

1. Барлық адамдар үшін заң бірдей ме?
2. Қай бапта адамды кемсітуге тыйым салынған?
3. Адамдарды ұлтқа, дінге бөлу дұрыс па?
4. Біреудің тілін кемсітуге бола ма?
5. 15-бап бойынша адамның қандай құқығы бар?
6. 17-баптың 2-тармағында не туралы айтылған?

**3-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңыз.**

Сот алдында жұрттың бәрі бірдей ме? Адамдарды ұлтына, тегіне қарай кемсітуге бола ма? Әркімнің өмір сүруге құқығы бар ма? Қазақстанның жаңа Конституциясы қашан қабылданды? Адамды орынсыз жазалауға бола ма?

**4-тапсырма. Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.**

Біз Отанды құрметтейміз. Әрбір тәуелсіз елдің Конституциясы бар. Ата Заңда біздің құқығымыз жазылған. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Еліміздің әрбір азаматы Конституциядағы заңдарды орындауы керек.

**5-тапсырма. Берілген сөздерді септеңіз.**

| | |
|---|---|
| Ата Заңымыз | борышың |
| Жарлығы | туған жеріңіз |
| Міндетім | ережесі |

**6-тапсырма. Сұхбатты оқыңыз.**

– Денсаулығың қалай, достым?
– Құдайға шүкір.
– Отбасыңмен хабарласып тұрасың ба?
– Иә, жиі-жиі телефон соғып тұрады.
– Ата-анаңның денсаулығы қалай?
– Рақмет, жақсы.
– Сен Алматыда қанша уақыт боласың?
– Мен Алматыда бір жылдай боламын.
– Жақсы, сау боп тұр.
– Жақсы, көріскенше.

**7-тапсырма. Есте сақтаңыз.**

***Жеке тұлға*** – азамат, азаматтық құқықтық субъектісі. Азаматтық құқық қатынастарында жеке тұлға сапасында аталмыш елдің азаматтары ғана емес, сондай-ақ шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар да әрекет ете алады.

**8-тапсырма. Қосымша тапсырмалар.**
**а) Мақал-мәтелді оқып, есте сақтаңыз.**
Тәрбие басы – тіл. (М.Қашқари.)
Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік.
Жаман жолдас жолдасын жолда қалдырар.

**б) Өлең шумағын оқып, жатқа айтыңыз.**
Нұр шашқан жас ұрпақтың ұғымына,
Тікелей әсер еткен ғұмырына.
Айналды Ата Заңым мызғымайтын
Тәуелсіз мемлекеттің тұғырына.

Әр бабы, әр тармағы жойылмайды,
Шектеу де және тегін қойылмайды.
Келісімшарт жасақан барлық шетел
Қазақтың Ата Заңын мойындайды.

## 7-САБАҚ

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, есте сақтаңыз.**

### ҚР мемлекеттік тілі




Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының тұрғылықты халқы қазақ халқының және шетелдерде өмір сүріп жатқан қазақтардың ұлттық тілі. 1989 жылы 22 қыркүйекте ҚР «Тілдер туралы» Заңы қабылданып, қазақ тіліне «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» мәртебесі берілді.

1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Онда қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып бекітілді. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституцияның 7-бабында былай делінеді:

«1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды».

1997 жылы 11 шілдеде ҚР «Тілдер туралы» жаңа Заң Парламентте қайтадан талқыланып, ол ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілді. Бұл Заң бойынша қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақ халқының ұлттық тілі болып есептеледі.

ҚР «Тілдер туралы» Заңының 4-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар:

– Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;

– Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;

– Қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті» екендігі жазылған.

**2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Қазақ тілі кімдердің ана тілі?
2. Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңы қашан қабылданды?
3. ҚР Конституциясында мемлекеттік тіл туралы не айтылған?
4. 1997 жылы 7 шілдеде қандай заң қабылданды?
5. ҚР «Тілдер туралы» Заңының 4-бабында не айтылған?

**3-тапсырма. Сөйлемдердің түрлеріне қарай ажыратыңыз.**

Өз Отаныңызды және ана тіліңізді қастерлеңіз. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға тиіс. Сіздің ана тіліңіз қай тіл?

**4-тапсырма. Берілген сөйлемдердің жігін ажыратып, тиісті тыныс белгісін қойыңыз.**

Алматы қандай әдемі тәуелсіз Қазақстан Республикасы жасасын Астана менің мақтанышым кең-байтақ туған елім мен сені сүйемін біздер қазақстандықтармыз қош келіпсіз төрлет достым.

**5-тапсырма. Өлеңді оқып, жатқа айтыңыз. Бұйрықты сөйлемдерді табыңыз.**

Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте (Қадыр Мырзалиев).

**6-тапсырма. Төмендегі үлгідегідей сұхбат құрыңыз.**

– Сенің ұлтың кім?
– Менің ұлтым – қазақ.
– Сенің ана тілің қай тіл?
– Менің ана тілім – қазақ тілі.
– Сен қай тілде сөйлейсің?
– Мен қазақ тілінде сөйлеймін.
– Сен қандай тілдерді білесің?
– Мен орыс және ағылшын тілдерін білемін.
– Қазір қай тілді үйреніп жүрсің?
– Парсы тілін үйреніп жүрмін.

**7-тапсырма. Есте сақтаңыз.**

| |
|---|
| **Этика, әдеп** – дұрыс мінез-құлықты дұрыс емес мінез-құлықтан бөліп тұратын принциптер. Адамның, әлдебір қоғамдық немесе кәсіптік топтардың (мысалы, дәрігерлік этика, сот әдебі) құлықтық өзін-өзі ұстау нормаларының жүйесі. |

**8-тапсырма. Қосымша тапсырмалар.**

**а) Мақал-мәтелді оқып, есте сақтаңыз.**

Өнер алды – қызыл тіл.
Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетеді,

Құйма құлаққа айтсаң, құйып алады.
**б) Өлең шумағын оқып, жатқа айтыңыз.**
Ақыл-ойын ананың
Ана тілден аламын.
Ана тілі ардақты,
Ақ сүтіндей ананың.

## 8-САБАҚ

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

### Қазақ тілі




Қазақ тілі – өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Оған қысылып-қымтырылып, ерін ұшынан шүлдірлеп-былдырлау мүлде жат. Қазақ нені айтса да, ауызды толтырып айтады. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы – домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқақ әуенділігі – шырқап салар әніндей. Шешендерден шыққан қара сөздің өзінде өлеңге бергісіз келісім, іштей үйлескен ырғақ болады. Сөз бен сөз, дыбыс пен дыбыс өзара ұйқасып, жымдасып

жатыр. Тыңдаушысын бірден ұйытып әкететін осы үндестік пен әсем ырғақ құлақ түбінде сыңғырлап, қазақ тілін сұлу да сиқырлы етіп көрсетеді. Кейде қазақ болып туғаның үшін және әлемдегі ең бай, ең сұлу тілде сөйлегенің үшін өзіңді бақытты сезінесің.

(Қ.Жұмаділов)

**2-тапсырма. Ұлы адамдардың ұлағатты сөздерінің мағынасын түсініп, жаттап алыңыз.**

## Ұлағатты сөздер

Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани, ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады.

М. Әуезов

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Ғ.Мүсірепов

Ана тілі халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі.

Ж.Аймауытов

Қазақ тілі аса бай тіл, икемді тіл.Қалай исең, солай иіле береді. Орамын, бұрамын тауып, қисынын, орайын келтіріп пайдалансаң,бұл тілмен сурет салуға, тас қашап, ағаш, текемет оюға болады- ау. Бұл тілден май тамады десе де сияр. Халықтың тіліне, жырына құлақ салсан, не бір алуа-шекер балдай татитын нәріне, әріне әсте тоймайсын. Ғашықпын қазақ тіліне…. Осындай майса, сұлу тілді қалай өгейсітуге болады.

Н.Оңдасынов

Асан Қайғы, Жиренше
Сөйлеп өткен қазақ тіл.
Жәнібек, Қойлыбай
Сыйлап өткен ғажап тіл.
Ата-анамыз әлдилеп,
Уатқан бізді баба тіл
Сол туған тіл атауы-
Ежелгі біздің қазақ тіл.
Осы тілді жек көрген
Дүниеден қалар құр. Бағаласаң шынымен,
Баба тілің – асыл – дүр

(Қожаберген жырау)

Сүйемін туған тілді, ана тілін,
Бесікте жатқанымда- ақ, берген білім,
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
ұлағыма сіңірген таныс үнін.

С.Торайғыров

**3-тапсырма.** Шағын мәтінді оқыңыз.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ – КӨНЕ ТІЛ

Қазақ тілі – қыпшақ тілдер тобындағы ең бай және көркем тіл. Қазақ тілі – түркі тілдер тобына жататын көне тілдердің бірі. Қазақ тілі түркі тілінің « Қыпшақ ноғайлы тілдері» деп аталатын тобына жатады.

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тарихы бойында басқа түркі халықтарымен қонысы, саяси – шаруашылық жағдайы жағынан да тығыз байланыста болып келгені сияқты, оның тілі де сол халықтар тілімен өте жақын қарым- қатынаста болды.

Бұл жағдайлар көне замандардан басталатын жазу түрлерінің, жазба нұсқалардың түркі халықтарының барлығына да ортақтығын, оларды қалыптастыруға, дамытуға олардың барлығының да солардың ішінде біздің бабаларымыздың да шама-шарықтарынша өз үлестерін қосқандығын байқатады. Сондықтан да олар қазіргі түркі халықтарының солардың ішінде қазақ халқының да жазу тарихының жазба нұсқалары тарихының бір кезеңі, көне замандық белгісі ретінде танылады. Осыған орай қазақ тілі де «түркі тілдері» деп аталатын топқа қосылады. Типологиялық белгілері жағынан да басқа түркі тілдері сияқты қазақ тілі де жалғамалы (агглютинативті) тіл деп есептеледі.

Түркі тілдерінің туыстастығы олардың лексикалық мағынасынан, дыбыстық жүйесінен, грамматикалық құрылысынан нақты байқалады. Сонымен қатар түркі тілдерінің әрқайсысына тән фонетикалық, лексикалық, грамматикалық өзгешеліктер де болады. Ондай өзгешеліктерді қазақ тілін басқа туыстас тілдермен салыстыра отырып та байқауға болады. (А.Салқынбай, Е.Абақан. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: Сөздік-Словарь, 1998.)

**4-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, дұрыс жауапты таңдаңыз.

1. Қазақ тілі- қыпшақ тілдер тобындағы… тіл
а) ең бай және көркем тіл
ә) құдіретті тіл
б) касиетті тіл
2. Қазақ тілі – түркі тілдер тобына жататын… бірі
а) өзгеше тілдің
ә) туыстас тілдің
б) көне тілдердің

3. Түркі тілдерінің туыстастығы олардың… байқалады
а) грамматикалық мағынасынан
ә) лексикалық мағынасынан
б) синтаксистік мағынасынан

4. Сонымен қатар түркі тілдерінің әрқайсысына тән… өзгешеліктер де болады
а) фонетикалық, лексикалық,грамматикалық
ә) семантикалық
б) синтаксистік
5. Қазақ тілі түркі тілінің… деп аталатын тобына жатады
а) қазақ тілі
ә) қыпшақ ноғайлы тілдері
б) татар-қарашай тілдері

**5-тапсырма.** Мәтіннен жай сөйлемдерді табыңыз.

**6-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.
1. Қазақ тілі қандай тіл?
2. Қазақ тілдер қандай тілдер тобына жатады?

3.Түркі тілдерінің туыстастығы неден байқалады?
4. Тағы да қандай өзгешеліктері бар?

**7-тапсырма.** Мәтіннен жай сөйлемдерді табыңыз.

**8-тапсырма.** Топпен «Ана тілін ардақтай білеміз бе?» деген тақырып төңірегінде пікірлесіңіздер.

**9-тапсырма.** Мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз.

**10-тапсырма.** «Ана тілі – ар өлшемі» тақырыбына шағын шығырма жазыңыз.

## 9-САБАҚ

### ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ



**1-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз.

...Әбу Насыр Әл Фарабидің «екінші ұстаз» аталуы оның іліміне көрсетілген жоғары құрмет. Бүкіл әлемде ең ірі төрт ғалым өмір сүрген дейді, оның екеуі яғни Аристотель мен Александр Исламға дейін, ал қалған екеуі Әбу Насыр мен оның шәкірті Әбу Әли Ибн Сина ислам дәуірінде» - деп әділ бағасын дер кезінде-ақ XII ғасырда өмір сүрген ортаазиялық Абул Хасан Байхаки деген ірі тарихшы беріп кеткен.

Ұлы ұстазға, ұлы бабамызға бұдан артық баға беруге бола ма?! Ендігі Әл-Фарабидің ұрпағынан тілейтін тілегіміз ұлы ұстаздың артына қалдырып кеткен ұшан-теңіз білім байлығын жинап, оқып-зерттеп, игеріп, тәлім-тәрбиелікке, мәдениеттілікке, парасаттылыққа ұмтылыс жасаса.

Бірнеше ғасырлық тұмшалаудан кейін ерікті егемен елдің енді ғана ашылып келе жатқан шынайы тарихының әр беті , қасиетті де қастерлі беті – киелі қазақ топырағының дүние жүзіне танымал ұлы перзенті Әбунасыр әл Фараби екендігі бұл күндері баршаға аян.

Әбунасыр Әл Фараби біздің жыл анауымыздың 870 жылдары, киелі Түркістан жеріндегі көне Отырар қаласына дүниеге келген. Ол кезде араб әлемінде Отырар қаласын Фараб деп атғандықтан, Әбунасыр Мұхамедке  Фараби аты қоса беріледі. Әбунасыр Мұхаммедтің білімге деген  құштарлығы атақты Отырар қаласында-ақ басталған болатын. Себебі сол заманда дәуірлеп тұрған Жібек жолының ең үлкен мәдениет ошағы мен білім ордасы аталған Отырар қаласында Әбунасырдың терең білім алуына, парасатты болып ер жетуіне негіз болатындай дүниежүзіне аты әйгілі Александриядан кейінгі екінші ірі кітапхана бар еді. Есейе келе қалған білімін Бағдат қаласында жалғастырады. Ерте дүниеде шыққан ұлы ғұлама ғалымдардың  ілімін түпнұсқадан оқып, терең игеру үшін араб, парсы, грек және басқа тілдерді үйренеді. Әл Фарабидің көпшілік еңбектерін зерттеуге, оны талдай келіп оқырман қауымға түсінікті етіп қайта жазуға арналған. Сонымен қатар өзі де «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Ғылымдардың шығуы» тәрізді мән-мағынасы терең, мазмұнға бай көптеген философиялық туындыларын жазады.

Әл-Фарабидің биология және медицина тақырыптарына арналған еңбектері ерекше. Соның ішінде «Адам ағзалары жайлы», «Жануарлар ағзалары жайлы», «Темпераменттер жайлы», «Адам ағзалары», «Галенге қарсы жазылған трактат» атты ғылыми туындылары айырықша орын алады.

**2-тапсырма.** Мәтіннен тәуелдеулі сөздерді теріп жазыңыз.

**3-тапсырма.** Мәтінді орыс тіліне аударып, өз сөзіңізбен түсінгеніңізді баяндаңыз.

**4-тапсырма.** «Ұлы ұстаздың тағылымы» атты мәтін бойынша кездесетін мына сөздермен таныс болыңыз.

Шаш етектен – өте мол
Байлыққа батсам – байлыққа ие болсам
Сілтеу – көрсету
Жазғыру – жазалау
Оңбайтын – жаман, дұрыс емес
Ықтиярынсыз – ерікіз, зорлықпен
Өзекті – актуалды, көкейкесті
Сайма-сай – тең
Кесел – ауру
Еліктеу – ұқсау

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз.

Адам баласы өз тіршілігінде бақытты болуға тырысатыны, соған ұмтылатыны шындық. Бірақ әркім бақыт деген ұғымды әрқилы түсінеді. Біреулер балалы-шағалы болсам бақыттымын дейді, енді біреулер білім қуып, ғалым болсам бақыттымын дейді, енді біреулер жоғары лауазымға ие болсам бақыттымын дейді, енді біреулер шаш-етектен байлыққа батсам, сонда бақытты болам деп есептейді. Қысқасы, әрбір адамның бақыт туралы түсінігі бір-біріне ұқсамайды.

Осы орайда ұлы бабамыздың «Бақыт жолын сілтеу» атты трактатында «... адам абсолюттік бақыт туралы оның өз түсінігі ең дұрыс және ең ұлы немесе ең жетілген (игілік) деп сенеді» – деп жазады. Нәтижесінде әрі мадақтауға, әрі жазғыруға болатын жағдайлардың жиынтығы қосылып келгенде ол адам бақытқа жетеді» – деп түйіндейді. Ұлы ұстаздың пайымдауынша, «әрі мақтауға, әрі жазғыруға соқтыратын мұндай жағдайлар үшеу» екен: біріншісі – адамның іс-әрекеті, мысалы, орнынан тұруы, отыруы, көруі, естуі;екіншісі – жан-дүние сезімдері, мысалы, құштарлығы, рахаты, қуанышы, ашуы, қорқынышы, жабырқауы, күйінуі, қызғанышы; Үшіншісі – ақыл-парасаты»

«Егер ол оңбайтын іс істесе, онда ол жазғырылуға, егер ісі тамаша болса, онда ол мадақталуға лайық. Егер оның жан эффектісі(жан – дүние сезімі) ойлаған жерден шықпаса, онда ол жазғырылуға лайық, ал егер күткендей болып шықса,онда мадақтауға лайық ».(Әл Фараби «Әлеуметтік-этикалық трактаттар». Алматы, 1975,5-6 беттер).

Яғни адам баласы бақытты болуы үшін оның ісінің дұрыс, халықтың ойынан шығатын, қолдау табатын, мақталуға лайық іс болғаны ләзім дейді.

«Ең алдымен біліп алатын нәрсе: – дейді ұлы ұстаз – адам тамаша әрекеттерді кездейсоқ жасауы және өзінің ықтиярынсыз жасауы мүмкін. Осындай жағдайларда жасалған ондай тамаша әрекеттер бақытқа жеткізбейді. Егер осы әрекеттер оның өзінің ықтиярына және (өз еркімен) таңдауына негізделген болса (сол жағдайда), ол бақытқа жетеді. Өзінің барлық әрекетінде тамаша әрекетті қалайтын болса және өмір бойында осылай ететін болса, сонда ғана ол бақытқа жетеді».

«Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл күші) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз: біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады» – дейді көреген данышпан.

Сондай-ақ, Әл-Фараби мінез-құлық пен денсаулық жөнінде: «Адамның днесінің жетілуі-денсаулық: егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек. Денсаулыққа белгілі бір млшерді сақтаудың арқасында ғана жететін болғандықтан: мөлшерімен ішіп-жесең денің сау болатыны, мөлшермен еңбек етсең күш қосылатын сияқты, жақсы мінез-құлықты мөлшерлі әрекеттер арқылы келеді» - деді ол.

«Жаман мінез-құлық – рухани кесел. Бұл кеселді жою үшін тән кеселін емдеуде қолданылатын дәрігерлердің тәжірибесіне еліктеуіміз керек», - дейді тағы бір сөзінде.

Ұлы бабамыздың тәрбиелік маңызы бар мына сөздеріне құлақ түрелікші: «Өз ойымызша белгілі әрекеттің артынан бір уақыт өткеннен кейін көретін рахатымыз үшін және біраз уақыт өткеннен кейін, сол рахат үшін көретін азабымызды салыстырамыз да, өзімізді жаман әрекетке итеретін сол рахаттан» бас тартамыз.

Адам Атадан, Хауа Анадан жаратылып, берірек скифтер аталып, одан бері сақтар, одан берірек қыпшақ, одан бері қасиетті қазақ елі аталып отырған ұлы көшпенділердің ұрпағына Әл Фараби бабамыздың айтып кеткен өсиеті мен аманаты осы емес пе?!... Қандай өміршең ойлар.

**6-тапсырма.** Мәтінді мағынасына қарай бөлімдерге бөліп, тақырып қойыңыз.

**7-тапсырма.** «Жаман мінез-құлық – рухани кесел» дейді ұлы бабамыз. Жаман мінез-құлыққа нелер жатады? Олардан құтылу жолдары бар ма? Осы берілген сұрақтарға жауап бере отырып, өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

**9-тапсырма.** Шағын шығарма жазыңыз. Бақыт дегенді сіз қалай түсінесіз?

**10-тапсырма.** Ұлы бабамыз Әл-Фарабидің қанатты сөздерін жазып алып, есіңізге сақтаңыз:

1. Шын беріле қызықтаған нәрсе ғана адамның жүрегінен орын алады.
2. Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат.
3. Бақытқа жеткізетін әрекет – тамаша әрекет.
4. Білім жолына түскен жан күнделікті күбең тіршілікті ойламауы қажет.
5. Бір нәрсеге, не өнерге талпыну үшін адамға алдымен табандылық қажет.

**11-тапсырма.** Дұрыс жауабын табыңыз.

1.Әбу Насыр әл- Фараби қай жылы дүниеге келген?
а) 670
ә) 920
б) 970
в) 820
г) 870
**2. Әбу Насыр әл- Фараби қай қалада дүниеге келген?**
а) Түркістан
ә) Отырар
б) Самарқанд
в) Бұқара
г) Тараз
**3. Әбу Насыр әл-Фараби есейгенде қай қалада білім алған?**
а) Бағдат
ә) Отырар
б) Самарқанд
в) Бұқара
г) Тараз
**4. Бабамыз қай ғалымның еңбегін жете зерттеген?**
а) Ибн Сина
ә) Аристотель
б) М. Қашқари
в) А.Иүгенеки
г) Ж.Баласағұни

## 10 -САБАҚ

## А.ИҮГНЕКИ



XII ғасырда өмір сүрген ұлы ойшылдардың қатарына А.Иугнекиді жатқызуға болады. Ол жөнінде «...ақындардың ақыны, даналардың көш басы, гауһардан сөз теретін, одан ешкім озбады», – деген өлең сөздер қалған. Негізгі еңбегі – «Ақиқат сыйы». Бұл дастанда көтерілген негізгі мәселе – ол адам өмірінің мәні. Осы орайда ойшыл моральдық мәселелерге көп көңіл бөледі. Адам – саналы түрде іс-әрекет жасай алатын пенде, ал оның санасын, рухын дамытатын – білім. Ойшыл ол жөнінде:

«Білімдар «істің біліп, бекін!» – дейді,
Ақылмен іс істеген өкінбейді.
Білмеген талай жұмыс істеп жүріп,
Амал жоқ, түбінде сол опық жейді».

А. Иугнекидің ойынша, «білімсіз – тірі өлік». Оны ол мынандай шумақпен қорытады:

«Сүйекте жілік болар, ерде – білік,
Ақыл ғой ердің көркі, етте – жілік.
Жіліксіз ет секілді білімсіздік,
Қол созбас сүйексізге бұл тіршілік».

Ғұлама ақын адамның бақытты болуы білімге, ал бақытсыздық қараңғылыққа, надандыққа байланысты деп ұғынды.

«Кедейдің кертіп жейтін малы – білім,
Білімнің жоқ-жітікке берері мол».

Ойшылдың көтерген бұл ойлары бүгінгі таңдағы Қазақстан халқына өзінің өзектілігімен көрінеді. Тек қана Дүниеде жинақталған жаңа технологияларды терең игеріп, оларды шығармашылық деңгейде пайдалану арқылы ғана біз дүниежүзілік қауымның терезесі тең мүшесіне айналамыз. Ал ол үшін халықты ағарту, ғылымдағы жетістіктерді оқу-білу қажет. Алайда біз бұл жолда «технократизм», «сциентизм» шырмауында қалып қойып, өзіміздің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дүниесезімімізден айырылып қалмаймыз ба деген ащы ой еріксізден көкірегімізге ұялайды. А.Иүгнекидің даналығы – ол білімді қажетті түрде моральдық санамен бірге ұштастырып қарайды. Ол бізге «дәрежең өскен сайын ұстамдырақ бол, тәкаппарлықтан құтыл, кішіпейілдік ұста. Ұлықсынба, абайла, ол – бір құдай!» – деген тамаша өсиеттерді қалдырды. А.Иүгнекидің біршама моральдық қағидалары Библия, я болмаса Құран сияқты діни құжаттарда берілген терең ойлармен үндесіп жатады. Мысалы, «қанды қанмен жусаң тазармайды», өйткені алғашқы қанның ізі кеткенмен, жаңа қанның ізі қалады. «Біреу зәбір жасаса, қарымына рақат көрсет, кешір, зәбірлік жасама», – дейді ұлы ойшыл.

«Бал бар жерде ара да бар. Ең алдымен араның зәрін байқап көр», – деген бабамыздың сөзінен біз Дүниенің қайшылығын байқаймыз. Ойшылдың пікірінше, «небір асқан өнерде бірер мін болады», сондықтан «бір айыпқа бола бас кесуші Дүниеде тірі адамсыз қалады». А.Иүгнеки білімді соншалықты зор бағалағанмен, сол білімді тудыратын, насихаттайтын адамдардың еңбегінің ақысы қайсыбір болмасын қоғамда төмен болатындығын қынжыла айтады. Оны біз мынау ойдан көреміз: «өнер арқылы дәулеттің келуі мүмкін емес. Қиындық атаулының ең қиыны – осы. Дүние арамдарды көтеріп, адалды шалады», – деп қынжылады ұлы ойшыл.

Дүниені танып-білудегі сөз құдіретіне ежелгі түріктер өте үлкен мән берген. Оны біз А. Иүгнеки шығармашылық жолынан да табамыз. Ол әсіресе оның мәнін адамдардың қарым-қатынасына тигізетін әсерінен байқайды:

«...Есепті сөз – ер сөзінің асылы,
Мылжың тілді «жау» деп ұғын тартыста», – дейді ойшыл.

Ол адамды мағыналық сөйлеуге, сыр сақтай білуге шақырады:

«Ақылды ма көп сөйлеген күбіне,
Талай бастың тіл жетті ғой түбіне.
Оқ жарасы жазылады, бірақ та
Тіл жарасы жазылмайды: түбі не», – деп тебіренеді ұлы ойшыл.

Шын сөз бал секілді, жанға жайлы, дертке шипа болып келеді деп, ұлы ойшыл адамды әділдікке, шындыққа, ұстамдыққа шақырады.

Орта ғасырдағы аскеттік өмір салтына сәйкес, ойшыл адамдардың қарым-қатынасындағы жомарттық пен сараңдық мәселесіне де тоқтап, оларға талдау жасайды.

«Жомарт ер білім жолын жете білер,
Мал беріп, атақ алып өте білер.
Жарылқап кем-кетікті біліммен ен,
Жақсы атпен дүниеден кете білер», – деп тебіренеді ұлы ойшыл.

А.Иүгнекидің ойынша, «сараң – малдың құлы», ол емдегенмен жазылмайтын ауру, оның түбі – менмендік, өркөкіректік тәкаппарлық, ол – нағыз адамның табиғатына сай келмейтін, мүлдем жат нәрселер. Қорыта келе, ойшыл адам өмірге жамандық емес, жақсылық, игілікті істер жасау үшін келеді деген түйін жасайды:

«...Іспен тәуір жұрттың көңілін анықтап,
Өз бойыңды парықсыздан аулақ сап.
Әуелі істер жұмыс иінін ойлап ал,
Керек пе, әлде жоқ па екен деп анықтап», – деген ғибрат сөздерді айтады.

Ұлы тұлғалардың ойларының ерекшелігі – олар әрқашан өзінің өзектілігімен көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда жоғарыда көрсетілген ұлы бабамыздың ойлары бүгінгі заманда өрлеу үстіндегі халқымызға ауадай қажет.

**2-тапсырма.** Мәтін мазмұнына қатысты мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. А.Иүгнекидің қандай еңбегін білесіз?
2. «Ақиқат сыйы» еңбегінде қандай мәселеге көңіл бөледі?
3. Ойшылдың көтерген мәселелерінің өзектілігі неде?
4. А.Иүгнеки қандай өсиеттер қалдырған?
5. Данышпан сөз құдіретін қалай түсіндіреді?

**3-тапсырма.** Сөйлемдерді мәтінге сәйкес ретімен орналастырыңыз.

1. Ғұлама ақын адамның бақытты болуы, білімге, ал бақытсыздық қараңғылыққа, надандыққа байланысты деп ұғынды.

2. Ұлы тұлғалардың ойларының ерекшелігі – олар әрқашан өзінің өзектілігімен көрінеді.

3. Дүниені танып-білудегі сөз құдіретіне ежелгі түріктер өте үлкен мән берген.

4. “Бал бар жерде ара да бар. Ең алдымен 4 араның зәрін байқап көр”, деген бабамыз.

5. Ойшыл адам өмірге жамандық емес, жақсылық, игілікті істер жасау үшін келеді деген түйін жасайды.

**4-тапсырма.** Бағанада берілген сөздерден туынды сын есім жасап, көп нүктенің орнына қойыңыз да, сөйлемдерді толықтырыңыз.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ой | бақыт | Мораль | Жомарт | сараң |

XII ғасырда өмір сүрген ұлы ... қатарына А. Иүгнекиді жатқызуға болады. Ғұлама ақын адамның ... болуы білімге, ал бақытсыздық қараңғылыққа, надандыққа байланысты деп ұғынды. А. Иүгнекидің даналығы – ол білімді қажетті түрде ... санамен бірге ұштастырып қарайды. Орта ғасырдағы аскеттік өмір салтына сәйкес, ... адамдардың қарым-қатынасындағы ... пен ... мәселесіне де тоқтап, оларға талдау жасайды.

**5-тапсырма.** Мына сөздердің орыс тіліндегі баламасын жазыңыз.

Сана – рух –
ойшыл – ғұлама –
қауым – арам –
адал – жомарттық –
сараңдау – өзекті –

**6-тапсырма**. Даналар сөзін есте ұстайық

Жұмсармас, иілместі жомарт иер,
Мұрат та қол жетпейтін бұған тиер.
Мақтайтын бақылдарды жан шыға ма,
Сақыны ағайын, ел – бәрі сүйер. (А.Иүгнеки)

Жамандық келетін жолды жомарттық қияды. (А.Иүгнеки)

Ұрыс жүретін жолды жомарттық билейді. (А.Иүгнеки)

Сақылық пен жомарттық – бар аурудың дауасы. (А.Иугнеки)

Өмірде жақсы мінез жомарт деген,
Ізгілер сараңдықты құп көрмеген.
Берген қол бәрінен де құтты болар,
Сол жаман – ала біліп, түк бермеген. (А.Иүгнеки)

Жомарттың мақтауын ел асырады,
Айыбын кешіреді, жасырады.
Жомарт бол – алып-қашты сөз ермеген,
Жуытпай жаманатты ол қашырады. (А.Иүгнеки)

Сақылық – ел ішінде бір төбе де,
Абырой, атақ сонда, мәртебе де.
Бол жомарт, халықты сол сүйіндірген
Кейін де, бүгінде де, ертеде де. (А.Иүгнеки)

Ей, досым, білім ізде осы тұста,
Әрдайым біліп сөйле қақтығыста.
Мақтасаң – дарқан жанның даңқын өсір,

Бақылға бір оғынды сақтап ұста. (А.Иүгнеки)

Киімнің тозбайтыны – әділдік тоны:
туралық тонын ки, өтірік тонып ием (А.Иүгнеки)

Ұят кетті – білінбейді жарасы,
Адалдықтың көрінбейді қарасы.
Бар ма адалдық, өзі қайда бәрінде?
Арам зат қой «адал» деген бар асы. (А.Иүгнеки)

Жоқ жітіктің сенер байлығы – білім ғана. (А.Иүгнеки)

Білімсіз адам майы жоқ жілік сияқты бос қуыс болады. (А.Иүгнеки)

Сөзі өтірік адамдардан алыс жүр,
Жолмен тура, шыншылдықпен өмір сүр.
Тіл мен жақтың нағыз көркі – шын сөзі,
Шынын айтып, бұл сөзіме құлақ түр. (А.Иүгнеки)

**7-тапсырма.** Даналар сөзіндегі сын есімдерді теріп жазыңыз.

**8-тапсырма.** Төмендегі сөздердің антони мдерін жазыңыз.
Жомарт, жақсылық, өмір, жаман, мақтау, әділетсіздік, шын.

**9-тапсырма.** Топпен «А.Иүгнекидің нақыл сөздеріндегі философиялық ойлар» тақырыбы төңірегінде пікірлесіңіздер.

**10-тапсырма.** Даналар сөзіне сүйеніп, дұрыс жауапты таңдаңыз.

**1. Ұрыс жүретін жолды… қияды**
а) жомарттық
ә) мақтау
б) жұмсару

**2. Өмірде… жомарт деген**
а) ізгілер
ә) жақсы мінез
б) жаман мінез

**3. Ей, досым,… ізде осы тұста**
а) адалдық
ә) байлық
б) білім

**4. жоқ жітіктің сенер байлығы- … ғана.**
а) шыншылдық
ә) білім
б) ұят

**5. Сөзі… адамдардан алыс жүр**
а) өтірік
ә) шын
б) рас

**6. Исламның жоғарғы жихады не?**
а)жүрек жихады
ә) найза жихады
б) рухани жихад

**7. Барлық залымдықтар мен күнәлардан қашқан адамды кім деп атайды?**
а) мұхаджир
ә) мұсылман
б) қажы

## 11-САБАҚ

## СОПЫЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ

Орта ғасырдағы қалыптасқан философиялық ағымдардың ішінде сопылық философия ерекше орын алады. «Сопы» деген сөздің төркіні, шамасы, «sophos» – «дана» деген грек сөзінен шықса керек. Сопылық философия ислам дінінің шеңберінде пайда болған мистикалық (құпия) – аскеттік (өз-өзін шектеу) ағым. Оның дүниеге келу себебін жете түсіну үшін, біз назарымызды ислам дінінің кейбір ерекшеліктеріне аударуымыз қажет.

Ислам діні – тарихи ең соңғы дүниеге келген дүниежүзілік дін. Сондықтан бұл діндегі аса үлкен басымдылық – бірлік, бірқұдайлық, ол – абсолютті, оған ешқандай күмән келтірмеуі керек. Бұл қағиданы мықты ұстаудың астарында осы уақытқа шейін бытыраңқы көшпенді араб тайпаларының басын біріктіріп, оларды бір халыққа айналдырып, үлкен мемлекет құру қажеттігі жатқан еді. Иудаизм мен христиандық дін аз да болса «көпқұдайлылықтың» сарқыттарынан әлде де болса арылған жоқ-ты (мысалы, Құдайды адамға ұқсатып бейнелеу – икона, бір Құдайдың үштігі: құдай, әке, ұл және киелі рух т.с.с). Ислам дініндегі «Алла тағаланы» алсақ, Ол адамнан тым алшақ, қаһарлы, қатал, адамды саналы пенде етіп жаратқанымен, өзіне ұқсас еткен жоқ. Сондықтан адам адасып кетпес үшін Ол қоғам өміріндегі болуға тиіс тәртіптің негіздерін, адамның өмірдегі жүріс-тұрысының қағидаларын Мұхаммед пайғамбар арқылы құрандағы Шариғатта алдын ала берген және олар бұлжытпай орындалуы керек.

Алғашқы уақыттағы сопылар пендешілікке қарсы шығып, дүниеқорлық, байлықты жинаудан бас тартып (хухд), Алла тағаламен бірге болуға тырысты (такуа). Бұл ауыр жолда олар Мұхаммед пайғамбардың өмір жолын өнеге етті, өйткені ол қандай керемет бай өмір сүру мүмкіншіліктеріне қарамастан, өзін өте әдепті ұстап, қайыршы мен кедейлерге қол ұшын беруге тырысты. Алғашқы сопылардың бірі Хасен Басри: «Бұл дүние үшін о дүниені сатқан екі дүниеден біржола айырылады, бірақ о дүние үшін бұл дүниені сатқан екі дүниеге де ие болады», – деген екен. Яссауи бабамыздың сыйлаған, өнеге тұтқан сопыларының бірі – осы Хасен Басри. Ол жөнінде Яссауи:

«Нәпсісін тыйып қаһар қылды Хасен Басри...

әзәзілдердің жағында болғым келер ...», – деген екен. Сонымен сопылық философия адамдарды аскеттік өмірге, дүниенің алдамыш қызықтарына құмартпауға, рухты биік дәрежеде ұстауға шақырды.

Сопылық жолдың екінші үлкен басымдығы – Құдайдың шын жүрекпен сүйіп, оған толығынан берілу мәселесі. Ол үшін адам өзінің мендендігін толығынан ұмытып, күндіз-түні тек Алла тағала деген құштарлық, ғашықтық сезімде болуы қажет. Сонда ғана адамның өзіндік сана-сезімі жойылып, Құдайлыққа жол ашылады. Мұндай жан-дүние ахуалын сопылар фана (бейболмыс, Құдайға жетіп, сіңісу) деген ұғыммен берген. Орта ғасырлардағы Шығыс жұлдыздарының бірі Руми Джалаледдин төмендегідей нақыл сөздер арқылы бізге оны ашық та айқын түсіндіреді:

«Біреу сүйген жарының (Абсолюттің) есігін қағады. «Бұл кім?» – деген сұраққа: «Менмін», – деп жауап береді. Есіктің ар жағынан: «Бұл үйге Менімен Сен сыймайсың», – деген дауыс естіледі. Есік жабық қалпында қала береді. Ол тақыр далаға кетіп, жалғыздықтың азабын тартып, аузын берік ұстап, күндіз-түні Құдайға құлшылық етеді. Бір жылдан кейін қайтып оралып, есікті тағы қағады: «Бұл кім?», – деген сұраққа, Ол: «Сенсің», – дейді. Сол сәтте есік дереу ашылады». Сонымен тек «мендік» толығынан Құдайлықтың шеңберінде еріп-сіңген кезде ғана, адам рухтың ең биік сатысына көтеріліп, Алланың құшағына қосылады.

Сопылардың ресми мешіт алғашқы ғасырларда қанша қудаласа да, қарапайым халық арасында олардың беделі өсе берді. Олар тек қана Құранның аяттарын, шариғаттың қағидаларын түсіндіріп қана қоймай, дінді философиялық тұрғыдан тереңдете білді. Сопылардың ойынша, Шариғатты терең игеріп, оның талаптарын бұлжытпай орындау – ол Құдайшылықтың бірінші сатысы ғана.

Өйткені, адамның сыртқы іс-әрекеттері мен оның ішкі пиғылы, ниеттері бір-бірінен тіпті алшақ болуы да мүмкін. Құдайлыққа өтудің екінші сатысында адам осы екі ортада ешқандай қайшылықтар болмауы үшін іс-әрекеттер жасауы керек, ол Алла тағаланың алдындағы ең жоғарғы адалдық дәрежеге көтерілуі қажет. Ол үшін адам өзіндік сана-сезіміне өне бойы тереңдей түсіп, оны Жаратушының Құдіретті күштеріне бейімдеуі қажет, бұл – адамның екінші сатыдан – Тариқаттан өтуімен тең.

Сонда ғана адам Құдайға, яғни үшінші саты – Ақиқатқа көтеріліп, Алла тағаланы жүрекпен сезініп, онымен қауышады. Алайда бұл сиқырлық – мистикалық қиын жол, ол адамның Құдайды іздеудің жолында күндіз-түні құлшылық етіп, өне бойы рухани ізденісте болуын талап етеді. Сонда ғана оның ішкі көкей көзі (интуиция) ашылып, аян арқылы ол Алла тағаламен сұхбаттаса алады.

**2-тапсырма.** Мәтіннен түсінгеніңізді баяндап беріңіз.

**3-тапсырма.** Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Сопылық жол, Алла Тағалаға құштарлық, жалғыздық азабы, рухтың сатысы, ішкі пиғылы, адалдық дәрежесі, құлшылық ету, рухани ізденіс, ішкі көкей көзі.

**4-тапсырма.** Мәтіннен зат есімдерді теріп жазыңыз.

**5-тапсырма.** Мәтіннен туынды сын есімдерді тауып сөйлем құраңыз.

**6-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, дұрыс жауабын таңдаңыз.

1. Сопы созінің төркіні қай халықтан шыққан?
ә) латын
б) грек
в) қазақ
г) парсы
2. Дүниеге ең соңынан қай дін келген?
а) ислам
ә) будда
б) христиан
в) католик
г) православие
3. Кімдер Алла тағаламен бірге болуға тырысқан?

а) сопылар
ә) христиандар
б) католиктер
в) үндістер
г)буддалар
4. Құдайшылықтың бірінші сатысы не?
а) шариғатты игеру
ә) адал болу
б) ақиқатқа көтерілу
в) рухани іздену
г) көкей көзі ашылу
5. Құдайшылдықтың екінші сатысы  не?
а) адалдыққа көтерілу
ә) шариғатты игеру
б) жүрекпен түсіну
в) құлшылық ету
г) құран оқу
6. Құдайшылдықтың үшінші сатысы не?
а) ақиқатқа көтерілу
ә) шариғатты игеру
б) жүрекпен түсіну
в) құлшылық ету
г) құран оқу

## 12- САБАҚ

### ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ
### (1094-1167)



Міне, осындай сопылық философияның Орта Азиядағы көрнекті өкілі ретінде Қожа Ахмет Ясауи бабамызды айтуға болады. Ол халықтың ділінде аса ұлы діни қайраткер ретінде осы уақытқа дейін сақталған. «Меккеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет!» деген сөздердің өзі оны бізге ашық көрсетеді. Негізгі осы уақытқа шейін жеткен еңбегі – «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы). Бұл еңбекті, негізінен алғанда, адамның рухани даму жолын жарқыратып, көрсетіп тұратын шамшырақ ретінде қарауға болады.

Қ.А.Ясауи философиясында қойылған негізгі мәселе – ол адам болмысы, ал оның өзінің екі жағы бар. Біріншіден, адам – дене, оның қажеттіліктері өтелмей өмір сүру мүмкін емес; екіншіден, адам – рух, ол – оның басқа тірішіліктермен салыстырғандағы негізгі ерекшелігі, аса баға жетпейтін қасиеті. Бұл арада Қ.А.Ясауи үзілді-кесілді адамның терең мәнін оның рухани тұңғиығынан іздейді. Бұл көзқарас XX ғасырда өмір сүрген неміс ойшылы К.Ясперстің «нағыз адамның өмір сүру ахуалы – рухани ахуал» деген сөзімен үндеседі.

Дүние қуу жолында дұрыс қоғам орнату мүмкін бе? Әрине, жоқ. Бұл жөнінде Қ.А.Ясауи былай дейді:

«Дүние менікі дегендер – жаһан малын алғандар,
Құзғын құстай арамға белшесінен батқандар.
Молда, мүфти болғандар – жалған жала жапқандар,
Ақты қара қылғандар: ол тамұққа түседі.
Қазы, имам болғандар – нақақ жала қылғандар,
Есектей болып жегіліп, жүк астында қалады».

Қ.А.Ясауи бабамыздың даналығы – қоғамдағы күйзелістен шығу жолдарын қайсыбір зорлық-зомбылықтан, қантөгістен, төңкерістен іздемеуі. Ол Сократтың «өзіңді тани біл», Будданың «ең ұлы жеңіс – адамның өзін-өзі жеңе білуі» деген қағидаларына жақын жолды ұстайды:

«Залым егер жәбір қылса, Алла деғіл,
Қолың жайып, дұға оқып мойын сұңғыл.
Құдай тілек бермесе, сабыр қылғыл,
Хақтан естіп бұл сөздерді айттым, міне».

«Сабыр түбі – сары алтын» деген халықтың нақыл сөзі осы Ясауидің жоғарыдағы ойларымен үндесіп жатыр. Адамзаттың өткен жазулы тарихында зорлық-зомбылықтың негізінде бақытты қоғамды орнатқан бірде-бір ел аталмайды. Керісінше, зорлық қарымына одан де өрескел зұлымдықты тудырады. «Жек көру жек көрушілікпен ешқашанда тоқталмайды. Тек жек көрушіліктің жоқтығы ғана жек көрушілікті жояды», – деген екен ұлы Будда.

Ол өз заманындағы рухани-адамгершілік ахуалға көңілі толмай, ондағы кемшіліктерді қынжыла сынайды:

«Үлкен-кіші адамдардан әдеп кетті,
Қыз, келіншек, нәзік жаннан ұят кетті.
«Ұят барда иман бар», – деп Расул айтты...
Ғажап сұмдық заман болды, достар.
Ел, дүние, халқымызда қайырым жоқ,
Патша мен уәзірлерде әділет жоқ...
Түрлі бәле халық үстіне жауды...».

Қорыта келе, Қ.А.Ясауи бабамыздан қалған идеяларды бүгінгі адамзаттың рухани-адамгершілік күйзелістен шығу жолында іске жаратуға болатындығына біз кәміл сенеміз.

**2-тапсырма.** Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Адам болмысы, өмір сүру, өмірді жандандыру, нарықтық қатынастар, зардап шегу, бақытты болу, бабымыздың даналығы, зорлық-зомбылық көрсету, адам жеңісі, нақыл сөз, дамыған елдер, бұрмаланған өмір, материалдық игіліктер, қарқынды даму, өрескел зұлымдық, бақытты қоғам.

**3-тапсырма.** Мәтіннен философиялық терминдерді теріп жазыңыз.

**4-тапсырма.** Берілген сөз тіркестерімен шағын мәтін құраңыз.

Сопылық философия, діни қайраткер, адам болмысы, рухани тұңғиық, қарқынды даму, рухани құндылықтар, қоғамдағы күйзеліс, феодалдық қатынастар, таптық қатынастар.

**5-тапсырма.** Мәтіннен сын есім сөздерді теріп жазыңыз.

**6-тапсырма.** Мына сөздердің антонимдерін тауып жазыңыз.

Ашық –
даму –
даналық –
жақын –
бақытты –
жек көру –
үлкен –
ерте –
құлдырау –
күйзеліс –

**7-тапсырма.** Кестенің оң жағы мен сол жағын сәйкестендіріңіз.

| | | |
|---|---|---|
| | Қ. А. Ясауи | ... ондағы кемшіліктерді |

| | | |
|---|---|---|
| | философиясында қойылған негізгі мәселе – ол адам болмысы, ... | қынжыла сынайды. |
| | Қ.А. Ясауи бабамыздың даналығы - ... | ... оның рухани тұңғиығынан іздейді. |
| | “Сабыр түбі – сары алтын” деген... | ... халықтың нақыл сөзі осы Яссауидің ойларымен үндесіп жатыр. |
| | Ол өз заманындағы рухани – адамгершілік ахуалға көңілі толмай, ... | ... қоғамдағы күйзелістен шығу. |
| | Қ.А. Ясауи үзілді-кесілді адамның терең мәнін... | ... ал оның өзінің екі жағы бар. |

**8-тапсырма.** «Сопылық философияның ерекшеліктері» атты тақырыпта шағын шығарма жазыңыз.

**9-тапсырма.** «Қ.АЯсауидің діни-этикалық көзқарастары» тақырыбына топпен пікірталас жүргізіңіз.

**10-тапсырма.** Мәтінге сүйене отырып, дұрыс жауабын таңдаңыз.

1.Сопылық философияның көрнекті өкілін атаңыз
а) Қожа Ахмет Ясауи
ә) Жүсіп Баласағұни
б) Махмуд Қашғари
в) Әл- Фараби
г) Ахмет Иүгнеки
2.Қ.А. Ясауидің « Диуани Хикметті» қай тілде жазғанын көрсетіңіз
а) шағатай
ә) қазақ
б) араб
в) парсы
г) өзбек
3. Қожа Ахмет Ясауи философиясында қойылған негізгі мәселені атаңыз
а) адам болмысы
ә) өмір сүру
б) рухани дүние
в) күйзелістен шығу
г) өзін -өзі жеңу
4.Қожа Ахмет Ясауидің еңбегін атаңыз.
а) «Поэзия кітабы»
ә) «Диуани Хикмет»
б) «Айқап»
в) «Әл-Арузия»
г) «Поэтика»
5. Қ.А Ясауи дүниеге келген қаланы көрсетіңіз
а) Испиджаб
ә) Хорезм
б) Самарканд
в) Бағдат
г) Түркістан

## 13- САБАҚ

### БҰҚАР ЖЫРАУ



Бұл дүниеде ұзақ өмір сүріп, XVII ғасырдың екінші, XVIII ғасырдың бірінші жартысын қамтыған – жыр алыбы Бұқар жырау болды. Жырау өмірінің жас кезінде Тәуке ханның жанында болса, өмірінің соңында – Абылай ханның ақылшысы, кеңесшісі болды. Сол кездегі сұрапыл заманды жырау былай суреттейді.

Ай заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай...
Арғымағын жоғалтып, Тай жүгірткен заман-ай»,

деген жолдардан сол кездегі халық тағдырындағы қайғылы да күңгірт ахуалды көзге елестетуге болады.

Осы ақынның сөзімен айтсақ:

«Асан атты іспетті
Ен жайлауынан көшкен жұрт.
Зар илеп, баспай өксікті,
Ауыр күнді кешкен жұрт», – дейді.

Сол себепті де, Бұқар жырау барлық жан-тәнімен Абылай ханның бүкіл халықтың басын біріктіруге бағытталған саясатын қолдап, өзінің жыр-толғауларында оның тұлғасын мақтаныш етеді:

«Басыңа біткен күніңіз,
Құтты болсын ұлыңыз.
Хан Абылай атандың...
Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың.
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз,

Арманым бар ма, хан ием», –
деп өзінің қанағат ететінін білдіреді.

Енді Бұқар жыраудың әлеуметтік-саяси көзқарастарынан өтіп, оның болмыс, адам жөніндегі ойларына келер болсақ, ол бұл Дүниені өтпелі жалған ретінде қарайды. Еш нәрсе бұл дүниеде мәңгі емес, сонымен қатар өмірге келген құбылыс өзінің белгілі бір заңды сатыларынан өтіп барып, дүниеден көшеді:

«Он екі айда жаз келер,
Құс алдында қаз келер.
Айтып-айтпай немене,
Дәуреніңіз аз келер...».

Жыраудың ойынша, адам да басқа құбылыстар сияқты, өз өмірінің саты-сатыларынан өтеді. Оны ол ғажап шеберлікпен, қазіргі тілмен айтқанда, экзистенциалды түрде қарайды:

«Балалық он жасыңыз
Балғын өскен құрақтай.
Жиырма деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай.
Отыз деген жасыңыз
Тайдан аққан бұлақтай.
Қырық деген жасыңыз
Ерттеулі тұрған құр аттай.
Алпыс деген жасыңыз
Күзгі соққан жел екен.
Жетпіс деген жасыңыз
Жетім қалған күң екен...».

Тек адам ғана өзінің шығармашылығымен, жақсы істерімен, өмірде өзінің ізін қалдыра алады. Сонымен қатар адам өзінің өмірінің соңы болатынын білетін пенде болғандықтан, ол өмірге ешқашанда тоймайды, оның арман-қиялдары, үміті таусылмайды, ол шексіздікке ұмтылған жан:

«Аруды таңдап сүйсе де,
Алтынды үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Арманын қоймас адамзат!
...Қапалы күні қабарып,
Қайғының күні төнсе де,
Үмітін жоймас адамзат!
Жақындап ажал тұрса да,
Жаныңа қылыш ұрса да,
...Өмірге тоймас адамзат» – деп қорытады ойшыл. Бұқар жырау өзінің нақыл сөздерімен, терең де әсем жырларымен «халық атасы» дәрежесіне көтерілген ғұламалардың қатарында қала бермек.

**2-тапсырма.** Мына сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіздер.

1. Бұқар жырау қай кезеңде өмір сүрген?
2. Жырау халық тағдырын қалай суреттейді?
3. «Өзіңнен өзің безбе жұрт» деген нақыл сөзі нені білдіреді?
4. Бүгінгі таңдағы өзекті мәселе – жер мәселесі туралы жырау қандай саяси ой қозғайды?
5. Өмір сатылары туралы қалай жырлайды?

6. «Халық атасы» Бұқар жырау Адамзат туралы қандай ой толғайды?

**3-тапсырма.** Төмендегі жырау ойын жалғастарыңыз.

«Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді».

**4-тапсырма.** Топпен төмендегі жолдарда қандай философиялық ой түйінделгенін талқылаңыздар.

1. «Арманын қоймас адамзат!
2. Үмітін жоймас адамзат!
3. Өмірге тоймас адамзат!

**5-тапсырма.** Бағанадағы сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құраңыз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Бұқар жырау | бұл дүниені өтпелі | Өтеді |
| | Жырау | бір заңды сатылардан | жалған ретінде қарайды |
| | Адам да | көшпенділік өмір салтының тарихи | билер болды |
| | Төле би | Абылай ханның | сарқылысқа түскенін сезінеді |
| | “Адам өзінің | “қара қылды қақ жарған” | өзінің ізін қалдырады |
| | XVIII ғасырда дана | шығармашылық істерімен өмірде | алғаш бастаған тұлға |
| | Халықты жерге | тұрақтату саясатын | саясатын қолдаған |

**6-тапсырма.** Мына сөдердің орыс тіліндегі баламасын жазыңыздар.

Өмір – саясат –
адалдық – тұлға –
тағдыр – лауазым –
үміт – шығармашылық –
көшпенділік - шексіздік –

**7-тапсырма.** Екі бағананы сәйкестендіріңіз.

| | | |
|---|---|---|
| | Сұрапыл | Тағдыры |
| | Халық | Қолдау |
| | Саясатты | Заман |
| | Мақтаныш | Ету |
| | Әлеуметтік – саяси | Дәреже |
| | Өлместік | Таусылмау |
| | Үміті | Өмір |
| | Жадында | Көзқарас |

| | Көшпенділік | Сақтау |
|---|---|---|

**8-тапсырма.** «Бұқар жыраудың дүниетанымдық көзқарастары» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз.

## 14-САБАҚ

### АСАН ҚАЙҒЫ



XV ғасырда аса көрнекті жыраулардың бірі-Асан қайғы. Оның аты ғасырлар бойы халықтың жадында сақталып, аңызға айналып кеткен. Жырау өмір сүрген уақыт – Алтын Орда мемлекетінің ыдырап, жаңа қазақ хандық мемлекеттігінің қалыптаса бастау кезеңі болатын. Міне, Асан қайғы осы күрделі де жауапты іске атсалысып, жаңа мемлекеттің іргетасын қаласқан ұлы тұлға. Халықтың қамын көп ойлап, сол кездегі ел басындағылардың кемшіліктерін, кейбір тайыздықтарын көрсетіп, оларға ақыл беріп, дұрыс жол сілтегені үшін оны халық Асан қайғы деп атап кеткен. Жырау өзінің ішкі көкей көзімен болса да халықтың тарихындағы шешуші кезең келгенін сезіп, жаңа мемлекеттілікті құру жолында кетіп жатқан қателіктерді әшкерелеп, Жәнібек ханға былай дейді:

«... Ай, Жәнібек хан!
Айтпасам білмейсің,
Жайылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып қызып, терлейсің.
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Өзеуреп неге сөйлейсің?»

Әрине, мемлекетті құру үшін халықтың алып жатқан жерін анықтап, оны қорғай білу керек, оны жырау жақсы түсінеді. Ал «қымыз ішіп, қызарып» деген жолдары тіпті қазіргі заманға дейін өзекті.

Ал «Аққу құстың төресі,
Ен жайлап көлде жүр еді.
Аңдасып жүрген көп дұшпан,
Еліңе жау боп келеді», –

деген жолдардан жыраудың қазақ халқының болашағы қалмақтармен қақтығысып, бодандыққа ұшырайтынына алаңдап, сезгені сияқты ой келеді. Ол жаулардан құтылудың негізгі жолы – бейбіт өмірді қамтамасыз ету.

«Еділ бол да Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа», –

деген ақыл айтады ұлы жырау. Қазақ халқына нағыз керек нәрсе – ол ел бірлігі, рулар мен тайпалардың арасындағы тартыс, қантөгіске тыйым салу.

«...Есенің де тірің де,
Бір болыңыз бәріңіз!» –

деп ұран тастайды Асан қайғы.

Асан қайғы халықты бірлікке шақырып қана қоймай, оны қалай қамтамасыз ету керектігін талдайды, ел бастайтын топты халық қамын ойлауға, әділеттілікке шақырады.

«Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтып күн көрер...
Хан мен билер қысқанда, халық қайтіп күн көрер?
Онда халық түнерер. Халыққа қысым күш берер,
Халықтың кегі күшке енер», – деп, жырау үстем тапқа халық атынан қатты ескерту жасайды.

Сонымен қатар Асан қайғы қоғам өміріндегі моральдық қағидаларға да көп көңіл бөледі. Оның ойынша, әділдік – өтірік-өсекпен, алдау-арбаумен қабыспайды; даналық – өткен күндегі шындықты іздеу; қорқақтық – жау мен жауыздың алдында қашқақтау; залымдық – әлсізге жәбір көрсету; ақымақтық – айтқан ақылға көнбеу т.б.

Асан қайғы – қазақ жерінен шыққан алғашқы утопист. Елдің ауыр тұрмысы, табиғат қатаңдығы, оқтын-оқтын болатын жұт, аштық т.с.с. оны қатты күйзелтеді. Табиғатқа қарсу тұру, оны өзгерту керектігі сияқты Батыс қоғамдарында пайда болған идеялар көшпенділерге тән нәрсе емес еді. Сондықтан ұлы жыраулардың назары «жерұйықты» іздеуге бағытталады. Оны суы – сүт, топырағы – май, тасы – алтын, онда халық зардабы, соғыс, тартыс-қырқыс дегендер жоқ, бай да, кедей де жоқ, бәрі де – жеткілікті, бәрі де – бақытты. Ол мұндай «жұпар қорығын» өмір бойы іздеді. Ол, әрине, қай халық болмасын, бақытты өмірді аңсаған армандарының бір көрінісі еді.

**2-тапсырма.** «Асан қайғы – аңыз адам» деген тақырыпта шағын әңгіме жазыңыз.

**3-тапсырма.** Мына сұрақтар төңірегінде ой бөлісіп көріңіз.

а) Жыраудың «жерұйықты» іздеп, бақытты өмірді аңсаған идеялары дұрыс па? Өзіңіз сол заманда өмір сүрсеңіз қоғам өміріндегі қандай қағидаларға көңіл бөлер едіңіз?

ә) Жыраудың «қымыз ішіп, қызарып» деген жолдарының өзектілігі неде? Жаңа мемлекетіміздің абыройына нұқсан келтіретін қандай әрекеттерді әшкерелер едіңіз.

б) Осы кезеңде әлеуметтік мәселелерді көтеріп, философиялық көзқарастарын білдіретін қандай ақындардың есімін атай аласыз?

**4-тапсырма.** Төмендегі етістіктерден сөз тіркестерін құраңыз.

| | |
|---|---|
| Ойнау | шақыру |
| сүру | беру |
| қалу | әшкерелеу |
| ойлау | құру |
| іздеу | қашқақтау |
| көнбеу | мадақтау |
| бағынбау | аңсау |

**5-тапсырма.** Үш бағанадағы сөздерден қанша сөйлем құрай аласыз?

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Асан Қайғы | мемлекетті құрудағы | іргетасын қаласқан |
| | Жырау | нағыз керек нәрсе - | ойлауға шақырады |
| | Қазақ халқына | жаңа мемлекеттің | қағидаларға көп көңіл бөледі |
| | Жырау | қоғам өміріндегі | қателіктерді әшкереледі |
| | Асан Қайғы | халық қамын | ол ел бірлігі |
| | Асан Қайғы | “жұпар қорығын” | алғашқы утопист |
| | Жырау мұндай | қазақ жерінен шыққан | өмір бойы іздейді |

**6-тапсырма.** Мәтіндегі сын есімдердің орыс тіліндегі баламасын жазыңыз.

көрнекті –
күрделі –
ұлы –
дұрыс –
ауыр –
бақытты –
жеткілікті –

**7-тапсырма.** Мәтіндегі зат есімдердің орыс тіліндегі баламасын жазыңыз.

| | |
|---|---|
| Аңыз – | қағида – |
| хандық – | шындық – |
| іргетас – | залымдық – |
| кемшілік – | ержүректік – |
| қателік – | өркөкіректік – |
| тартыс – | даналық – |
| әділеттілік – | қорқақтық – |

**8-тапсырма.** «Асан қайғы- қазақ жеріндегі алғашқы утопист» тақырыбы төңірегінде пікір алысыңыздар.

## 15-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.

### АНАРЫС БАБА

Қазақ топырағында қалыптасқан философиялық ойлардың құрамдас бөлігі ретінде, осыдан екі жарым мың жыл шамасында бұрын өмір сүріп, грек философиясында скифтердің ой-үрдістерінен өшпес із қалдырған скифтік Анахарсисті (Анарыс) айтуға болады. Ол туралы грек философы Платон былай дейді: «Анахарсис – аты аңызға айналған скиф. Грецияға саяхат жасағанда Солонмен кездесіп, соның ықпалында болып, данышпандығымен атағы шыққан.

Біздің жыл санауымыздың бірінші ғасырында өмір сүріп, ел басқарған атақты Майқы би бабамыз Анарыстың өсиеттері деп, ел билеудің жолдарын айтып отырады екен. «Ең ақылды адам – ел билеуден аулақ адам» депті. Бабамыз «арыс» деген сөзді аузынан тастамайды екен. Мұны төңірегіндегі көркөкірек уәзірлеріне ренжігенде айтса керек. Майқы бабамыз өзінің алдына дүниедегі ғақылды оқымысты адамдардың айтқандарын тізіп қойып, соны күнде маңайындағыларға жеткізіп, сіңіріп отырған. Бір күні Сүлеймен пайғамбар жөнінде, оның әйелінің құс сүйегінен салынған үйде тұрғым келеді дегені жайында әңгіме болғанда, Майқы би баба ол әңгімеден біздің бабамыздың – Арыстың айтқаны күштірек деген екен. «О, қалай?» – деген уәзірлерге: «Біздің бабамыз Арыс өлі көп пе, тірі көп пе?» деген сұраққа: «Кеме үстіндегілерді қай жағына қосса, сол жағы көп болады. Өйткені кеме үстіндегі адам өлімнен төрт-ақ елі жырақ тұрады ғой», – деп кері жауап беріпті. Яғни, кеменің еденіндегі «тақтай төрт-ақ елі».

Майқы бидің айтуынша, латыншалап кеткен Анахарсис Скифский дегеніміз – осы Анарыс бабамыз. Бұл туралы Ғ.Есімнің дәлелдемелері көңілге қонарлық.

«Біріншіден, – дейді ол, – Майқы бабамыздың айтуынша, Анарыс – ел билеу жолдарын айтқан ғұлама. Анахарсис – Сақ патшасы Қадуйдің інісі. Ол Афиныдағы Солонмен достасып, онда бірнеше жыл өмір сүрген. Солон Афинский – ел басқару жүйесінде реформа жасаған әйгілі саясаткер, сондықтан Анарыстың ел билеу туралы айтқандары болуы өте орынды. Екіншіден, Анарыстың «өлі көп пе, тірі көп пе?» деген сұраққа кері жауап бергені философия тарихынан белгілі. Д.Лаэртцкийдің аталған кітабында ол туралы былай делінеді: «На вопрос кого больше, живых или мертвых, он переспросил: «а кем считать плывущих?». Анарыс айтты деген сөзбен Анахарсистің айтқаны дәлме-дәл келіп отыр. Бұл екеуінің бір адам екенінің тағы бір дәлелі.

Үшіншіден, Майқы Анарысты қайдан біледі деген ой келеді. Анахарсис б.д. дейінгі VI ғасырда өмір сүрген. Майқы би б.д.д. І ғасырдың басында дүние кешкен. Араларында 600 жыл тарихи уақыт. Бұл мерзімде әлі Анахарсис есімі ел жадында сақталған, ұмытылмаған. Төртіншіден, Анарысты Майқының бабам дейтіні – үйсіндердің сақ тайпаларынан таралғанынан тағы бір дәлелі болса керек. Үйсіндер туралы Геродот тарихында айтылған. Анахарсисті де тарихқа түсірген көне авторлардың бірі Геродот, ал Майқы би оның тарихын білмеді деуге негіз жоқ. Тіпті Геродот «Тарихын» білмей-ақ қойсын делік, Геродот скифтерге қатысты кітабын көбіне ел аузындағы әңгіме, аңыздардан құрастырған ғой. Ал осы жайларды, оқиғаларды Майқы би өте жетік меңгерген.

Аты аңызға айналған дала данышпанының, Анарыстың нақты өмірбаяны туралы деректер сақталмаған. Тек Диогеннің мәліметтері бойынша, ол шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 594 жылы, «архонт Эвкраттың тұсындағы қырық жетінші Олимпияда өтіп жатқан сәтте Афиныға келген». Осы күннен бастап Солонды үйіне іздеп келіп, өмір бойы дос болып өтіпті. Геродоттың айтуы бойынша, «Анахарсис – скиф патшасы Спаргапиптің шөбересі, Ликтің немересі, Гнурдың баласы».

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Майқы би бабамыз жанындағыларға нені өсиет еткен?
2. Майқы би Анарыс бабамыз туралы не дейді?
3. Анарыс бабамыз туралы философ-ғалым Ғ.Есімнің қандай дәлелдемелері бар?

4. Грек философы Платон Анахарсис туралы не дейді?

**3-тапсырма.** Мәтінге жоспар құрыңыз. Мәтінді әңгімелеу үшін тірек сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазыңыз.

**4-тапсырма.** Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Ел билеу, оқымысты адам, кеме едені, әйгілі саясаткер, сақ тайпалары, тарихты білу, ел аузындағы әңгіме, дала данышпаны, Анарыстың өмірбаяны, скиф патшасы, Диоген мәліметтері.

**5-тапсырма.** Мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазыңыз.

**6-тапсырма.** Бірінші бағанадағы сөйлемдерді екінші бағанадағы сөйлемдермен толықтырыңыз.

| | | |
|---|---|---|
| | Грек философы Платон былай дейді ... | VI ғасырда өмір сүрген |
| | Ең ақылды адам... | “Анахарсис – скиф патшасы Спаргапиптің шөбересі, Ликтің немересі, Гнурдың баласы” |
| | Солон Афинский - | үйсіндердің сақ тайпалардан тарағандығының дәлелі. |
| | Анарысты Майқының бабам дейтіні - … | “тақтай төрт-ақ елі” |
| | Кеме үстіндегілерді қай жағына қосса, … | ел басқару жүйесінде реформа жасаған әйгілі саясаткер. |
| | Кеменің еденіндегі... | ел билеуден аулақ адам. |
| | Анахарсис б.д. дейінгі... | сол жағы көп болады. |
| | Геродоттың айтуы бойынша… | «Анахарсис – аты аңызға айналған скиф». |

**7-тапсырма.** Шағын мәтінді оқып, жақшадағы сөздерді синонимдерімен ауыстырып жазыңыз.

Грек философиясында Анахарсисті өздерінің дана жеті бабаларының біреуі деп санайды. Олар артында үлкен кітаптар қалдырмағанмен, өздерінің нақыл сөздері арқылы даналыққа ие болды. Анахарсис “Жүзім (шыбығы) бір шоқ ләззат, содан кейін мастық, соңында (жеркеніштілік) әкеледі”, – еген екен. Бұл (ғажап) нақыл сөздің ішкі сыры әр нәрсенің өлшемін біліп, сақтауда болса керек. Оған арнап гректердің қойған ескерткіштерінде оның мынандай сөзі жазылған: “Тілің мен құлқыныңды, нәпсіңді (ауыздықтай) біл!”. Бірде Анахарсис “Адамның бойындағы ең (жақсы) және ең (жаман) нәрсе не?” деген сұраққа: “Тіл”, - деп жауап беріпті. Кезекті бір пікірталас үстінде, істің барысын тыңдап отырып, Анахарсис былай депті: “Элладалықтар қызық осы: мұнда сөзді (ақылдылар) айтады да, мәселені ақымақтар шешеді”. “Элладада жарысқа өнерпаздар қатысады да, өнерсіз адамдар қазылар алқасында жүреді”, - деген сөзді де Анахарсис айтқан екен. Оның ойынша, “адам мен адамның айырмашылығы – тілі мен атақ-даңқында емес, - ақылында”. “Қызғаныш пен (қорқақтық) – ең қасиетсіз сезімдер”. Грек елінің бір азаматы: “Сен (жат) елдің тұқымысың”, – деп кемсіткенде, ол: “Мен үшін – елім қайғы, ал сен – еліңе қайғысың”, - деген екен.

**8-тапсырма.** Төмендегі сөздердің антонимін жазыңыз.

*Ақылды, тірі, дос, орынды, жақсы, қызық, қорқақ, қасиетсіз, қайғы.*

**9-тапсырма.** Сөздікті пайдаланып, мына сөздерді орыс тіліне аударыңыз.

Үрдіс, аңыз, ықпал, данышпан, кеме, өлім, дәлелдеме, тарихи, шөбере, немере, оқымысты, патша, мәлімет, дерек, оқиға, ықпал, саясаткер.

**10-тапсырма.** "Анахарсистің реформаторлық идеялары" деген тақырыпта шығарма жазыңыз.

**11-тапсырма.** Даналар сөздерін оқыңыз.

Ұлылардан – ұлағат
Түн қанша ұзақ болса да таң атады. (Р.Хоремзи)
Тірі адам талайды көреді. (М.Қашқари)
Заман өтер – кісі тоймас,
Адам баласы мәңгі қалмас. (М.Қашқари)
Өткен күн қайтып оралмас. (Ю.Баласағуни)
Жүз есе тырыссаң да, мезгілі жетпей іс бітпейді. (Құтып)
Жақсы уақыт соққан желдей тез отыр. (А.Иүгінеки)

**ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН КӘРІЛІК ТУРАЛЫ**

Жасында тырысқан – картайғанда қуанады. (М.Қашқари)
Жасы үлкенді қадірлесе – құт болар. (М.Қашқари)
Ақылсыз қарт өкінішпен қартаяр,
Есті қарт қайғырмай-ақ қартаяр. (Ю.Баласағуни)
Жастық өз уақытын білмейді. (Р.Хорезми)
Еш жаңылмай, болсаң әділ ойда егер,
Бос жіберме жігіт кезді – пайда көр.
Біл бағалай: жүрмес жастық қалтаңда,
Өтер өмір тістей қатып қалсаң да.
Жас жігерге табын, білсең сол барын,
Бос өткізбей ізде зейнет жолдарын. (Ю.Баласағуни)

**16-САБАҚ**

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.

## ИСЛАМ

### Ислам діні туралы түсінік



Әлемде үш дін адамзаттың мәдени қазынасы деп танылады. Олар: будда діні, христиандық және ислам діні.

Ислам бұлардың қатарындағы жаңа әрі жас дін. Бүгінде жер жүзінде шамамен бір миллиард жүз жетпіс мыңдай адам осы дінді ұстанады. XX ғасырда ислам дінін тұтынушылар саны екі есеге өсті. Бұл біріншіден, ислам діні тараған региондардың демографиялық жағдайларға байланысты болса, екіншіден басқа діндер тараған дәстүрлі аймақтарда адамдардың ислам жолына бет бұруынан болып отыр.

Ислам араб тілінен аударғанда «бой ұсыну» деген мағынаны береді. Ислам және мұсылман (муслимун бой ұсынушы ерлер, муслиматун – бой ұсынушы әйелдер) сөздерінің түбірі бір.

Ислам – монотеистік дін. Ол мейірімді және қайырымды Аллаға ғана сенуді уағыздайды. Бүкіл әлемді – көк пен жерді жаратушы – Алла. Барша әлем тек соның хұзырында. Алла болмаса әлем сол сәтінде жоқ етілер еді. Адам баласының фани (жалған) дүниеде жасаған жақсылық-жамандығын таразылаушы, заманның ақырында оларға осы қылықтарына қарай рахым жасаушы немесе жазалаушы бір Алла. Барлық өлгендер заманақырда қайта тіріліп, соның алдында жауапқа келеді.

Ислам – адам баласына аян жолмен келген дін. Қасиетті Құран аяттары жиырма үш жыл бойында Жебірейіл періште арқылы Мұхаммед пайғамбарға жеткізіліп тұрған.

Ислам діни ғұрыптарды және дүниелік мәселелерді шариғат жолымен реттеп отырады. Ол сөзсіз орындалуы тиіс мұсылмандық парыздарды және орындағаны қосымша сауап болатын сунна жолдарын айқындайды, жоғары адамшылыққа, еңбекке әрі білімге уағыздайды және Құран-Каримдегі (Қасиетті Құран) аяттар мен пайғамбардың хадистері арқылы соның ережелерін белгілейді.

Исламның өзге әлемдік діндерден айырмасы – оның айқын рәміздерінің болуы. Мұсылманшылық екі сенім негізі бойынша құрылған: бірінші – Алладан басқа құлшылық етілетін тәңірдің жоқтығына; екінші – Мұхаммедтің (ғалайһиссаламның) Алла тарапынан бүкіл адам баласына жіберілген пайғамбар екендігіне сену. Сондықтан «Алладан басқа (тәңір) жоқ, Мұхаммед оның елшісі, араб тілінде «Ла илаһа иллаллаһ Мұхаммадұр-Расулұллаһ», – деген мүбарак қағиданы тілімен айтып, көңілімен бекіткен адам ислам дінінде болып саналады. Бұл сенімді (символды) Иман, сенушіні Мүһмин деп атайды.

Нағыз ислам жоғары мәдениетті және гуманистік идеяларды насихаттайды. Мұхаммед пайғамбар өзінің хадисінде: «Дінде зорлық жоқ» – деген. Яғни, ислам дініне біреуді мұқтаж ету немесе пайдасын беріп, енгізуге жол жоқ. Әр пенде исламды өз еркімен, өзінің қалыбымен (жүрегімен) қабылдауы тиіс.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз.

## ИСЛАМ ДӘУІРІНІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ. ХИДЖРА

Хиджра – ислам тарихындағы аса елеулі кезең болды. Кейбір зерттеулерде аталатындай, бұл жаңа дінді және Мұхаммедті қабылдамаған Меккеден жай қоныс аудару немесе қашу емес еді. Пайғамбардың соңынан ергендер дін жолында арабтар үшін аса қасиетті саналатын тайпалық қатынастарын құрбан етті. Оларды ислам нұры қуаттандырды.

Бұл алғашқы мұсылмандар арабтың «мұхаджир» деген сөзімен анықталды, ал жаңа дінді қабылдаған йасрибтіктер, жоғарыда айтқанымыздай, ансарилер, яки көмекшілер аталды. Мұхаммед жаңа қоныста тайпалық одақтарды жойды, олардың жауласуына, қанды қанмен жуу салтына тыйым салды. Исламды қабылданғандарды дін қарындас етті. Бұл өзге туыстардан да артық еді. Қауымда темір тәртіп орнады. Ол Алланың жердегі өкілі – имамға ғана бағынатын болды. Мұхаммед пайғамбар бірінші жұма намазын және тұңғыш хұтпаны (өсиет) осында оқыды, дейді діни жәдігерліктер.

Бірақ Мекке мен Мединаның арасы жараспады. Меккеліктер жаңа пайғамбарды мойындамады. Әбу-Суфиян бастаған меккеліктер медициналықтарды бағындырмақ болып жорық жасады. 624 жылы он алтыншы наурызда екі қол кездесіп, мединалықтар айтулы жеңіске жетті. Араға бір жыл салып, тағы ірі әскери қақтығыс болды. Соңында екі қаланың арасындағы соғыс созыла берді.

Осы жерде Мұхаммед асқан көрегендік жасады. Ол 628 жылы арабтардың дәстүрі бойынша ұрыс қимылдары тоқтатылуы тиіс хажылық айында Меккеге сапар шекті. Оған қалаға енуге рұқсат болмады. Бірақ, осы сапарында ол он жылға бітім жасады. Келесі жылында 629 жылы мұсылмандар келісімді пайдаланып, хажылық сапарын атқаруға мүмкіндік алды. Медициналық мұсылмандарды бұрынғы тайпаластары жылы қарсы алды. Көбі мұсылман болды. 630 жылы Мұхаммед пайғамбар Меккенің іргесіне он мың қолмен келгенде Әбу-Суфиянның өзі қаланы соғыссыз берді.

...сегіз жылдан соң Мұхаммед пайғамбар Меккеге жеңімпаз ретінде салтанатпен енді. Қала түгел мұсылман болды. Қағба пұттан тазартылды. Исламды бүкіл араб жұрты мойындады. Пайғамбар Византия мен Иранға исламды мойындау туралы жаушылар жіберді. Ислам Араб түбегінен тысқа тарала бастады. Бірақ ол күнге Мұхаммед пайғамбар жеткен жоқ. Меккеде ұзақ аялдамай Медина қаласына оралды. Осында алпыс үш жасында дүние салды.

Ислам төрт халифті – Әбу-Бәкірді, Омарды, Османды және Әліні сенімді деп бөліп атайды. Бұл замандар ислам діні жолында ерекше қызмет қылған қайраткерлер, кәміл мұсылмандар. Осы халифтер тұсында ислам Египетке, Сирияға, Иракқа, Ливияға, Иранға т.б. елдерге тарады.

Бұл уақыттарда жихад – дін жолындағы күрестер жүрді. Оның бір нысаны – ғазауат, дінсіздерге қарсы соғыс. Әр кәміл мұсылман дін жолында жанын пида қылуды мақсат тұтты. Бірақ, жихадтың мағынасын тек соғыспен шектеуге болмайды. Мұхаммед пайғамбар айтқан: Муджахит деген сол адам – Алла жолына көндіру үшін өз-өзімен күрессе; ал мұхаджир деген – барлық залымдықтар мен күмәлардан қашқан адам.

Ислам елдерінде жихад жайында негізгі бес қағида орныққан. Оның жоғарғы нысаны – рухани жихад. Мәні – өзін-өзі Алла жолына әзірлеу. Екінші – найза жихады. Ол – дінсіздермен күрес. Осы күресте шейіт болғандар жаннатта орын алады. Үшінші – жүрек

жихады. Ол – өзінің ерсі қылықтарымен күрес. Төртіншісі тіл жихады – тілді жақсы істерге қолдануға үйрету үшін күрес. Соңғысы қол жихады – қолды адал істер істеуге үйрету, бейімдеу, осы үшін күрес. Яғни жихаж – қару алып күрес ғана емес, негізінен рухани күрес әрі адамның өзін өзі жақсы істерге дағды алуына тәрбиелеуі үшін күресі.

**3-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Исламнан басқа қандай әлемдік діндерді білесіз?
2. Исламға бой ұсынушы адамды кім деп атаймыз және оны қалай таимыз?
3. Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлар жайында не білесіз және Мұхаммедтің олардан қандай ерекшелігі бар?
4. Ислам дүниесінде жыл санау қандай оқиғаға қатысты?

**4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ислам тарихындағы аса елеулі кезең не?

а) хиджра

ә) иман

б) дін

2. Алғашқы мұсылмандар қалай аталады?

а) хұтпан

ә) мұхаджир

б) пайғамбар

3. Алланың жердегі өкілі кім?

а) періште

ә) пайғамбар

б) имам

## 17-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз.

## МҰХАММЕД – ИСЛАМ МЕН ХАЛИФАТТЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ



Адамзат тарихында ересен бетбұрыс жасаған Меккедегі аса беделді құрайыш тайпасының Әшім әулетінен шыққан Мұхаммед пайғамбар еді.

Ислам «Мұхаммед – пайғамбарлардың мөрі» – деп атайды. Өйткені ислам діні адамзат баласына келген және келетін ең соңғы хақ дін, Мұхаммед Алланың соңғы елшісі саналады. Осыдан соң пайғамбарлық тынады, халифтер (ізбасарлар) келеді.

Мұхаммедтің өмірі: ақиқат пен аңыз. Әшім, одан соң, оның баласы Әбд-әл-Мүталлиб Қағбаның шырақшылары, аса беделді, салиқалы адамдар болды. Әбд-әл-Мүталлибтен Әбу-Тәліп, Әбу-Лахаб, Ғаббас, Хамза және Әбдаллаһ деген ұрпақтар өнді. Әбдаллаһ өте көркем еді, ол құрайыш тайпасынан Әмина атты қызбен некелескен, осы некеден Алланың рахымымен рабиғұл-әууәл айының он екінші кешінде, бейсенбі күні (23 маусым) 571 милад жылында Мұхаммед ғ.с. пайғамбар дүниеге келді.

Мұхаммед ғалайһисаламның дүниеге келуі туралы ақиқат пен аңыздың арасы пышақ жүзіндей, ажырату өте қиын. Тіптен оның туған айы-күнінде шүбә болмаса, жылы кейбір деректерде 570 деп көрсетіледі. Бұл мынандай оқиғаға байланысты: 570 жылы (милад немесе жаңа жыл санау бойынша) заратуштралық Иранмен соғыстағы христиандық Византияға Аксум патшалығы жәрдемге келді. Ол Хиджаз жазығы арқылы өтіп, жолында Мекке қаласын қоршауға алды. Меккеліктер Аксум әскерінің жауынгер пілдерінен түршікті. Бұл олардың бұрын көрмеген хайуаны еді. Осыдан Меккенің қоршалған жылын арабтар «піл жылы» деп атап кетті.

Меккені қамауға алған бірінші түнде-ақ аксумдықтар арасында апат ауру тарап, әскері қырыла бастады, қорыққан дұшпан Меккені тастап қашты. Иран шахы шаттануы тиіс еді. Бірақ осы түні оның сарайында кереметтер болды: Заратуштра құрметіне жағылған мәңгілік шырақ кенет өшіп қалды, ал парсының бас қазысының түсіне ноқта көрмеген атанды бір арабтың мұрындықтағаны кірді. Түн күндей жарық болды. Осы түнде дүниеге Мұхаммед келді. Осы аңызды негізге алсақ, Мұхаммед 571 жылы дүниеге келген болады. Мұхаммедтің бірінші әйелі – Хадишаның жасы туралы да дерек екі түрлі.

Ислам кітаптарында Мұхаммед жиырма бес жасында үйленеді, әйелі он бес жас үлкен, бай саудагердің жесірі еді десе, европалық дінтанушылар Хадишаның осы некеден бес бала көтергенін алға тартып, оның жасын жиырма сегізде еді деп көрсетеді. Шындық сол – Хадиша төрт қыз және Қасым атты ұл бала көтереді. Осыған қарап кейде Мұхамедті Әбу-Қасымның әкесі деп те атайтын. Бірақ, пайғамбардың көзі тірісінде Фатимадан өзге балалары тегіс дүние салды. Қалай болғанда да ақиқаты – пайғамбарамыз бен Хадишаның

некесі үйлесімді, абыройлы болды, араб дәстүрі рұқсат етуіне қарамастан Мұхаммед Хадишаның көзі тірісінде оның үстіне әйел алған жоқ.

Пайғамбардың туылуынан екі ай бұрын әкесі, туғаннан кейін алты жасында шешесі дүниеден қайтты. Сегіз жасына дейін атасы Ғабүл-Мүтәліптің, одан соң немесе ағасы, төрт шын абзал халифтің бірі – хазірет Әлінің әкесі Әбу-Тәліптің жанында тәрбиленді. Ол балалық шағында адал, шыншыл еді. Осыдан оны көбіне «Мұхаммадүл-Әмин», «Сенімді Мұхаммед» деп атайтын.

Мұхаммедтің балалық шағы туралы діни аңыздар былай дейді: ол замандарда қала тұрғындарының жас нәрестенің таза ауамен тыныстап, табиғат ортасында еркін өсуі үшін қала сыртын мекендейтін тайпалардың әйелдерінен сүтана тауып, кесімді мерзімге соған табыстау салты болатын. Мұндай әйелдер Меккеге келіп, емшек сүтімен асырайтын нәрестені өздері таңдап алар еді.

Келушілердің көбінің назары Әминәнің перзентіне тоқтамады. Солардың ішінен Халима есімді әйел ғана көңілін Мұхаммедке бөлді. Оның тұрмысы төмен еді. Бірақ, Мұхаммедті бауырына алғаннан ризығы артты, құдығы суалмады, жері көктеп тұрды, ақ мол болды. Бала үш айында аяғын басатын болды, жеті айлығында жүгіріп кетті, тоғыз айында адам таң-тамаша боларлықтай есті сөздер айтар еді. Үш жасына келгенде далада ойнап жүрген жерінен екі періште адам кейпінде келіп оның кеудесін ашып, жүрегін ұйыған қаннан, Адам-Атадан бермен келе жатқан бастапқы күнәдан тазартты, оған иман нұрын салды.

Діни кітаптарда Мұхаммедке пайғамбарлық қырық жасында келді, деп жазылады. Оған дейін ол Дамшаққа дейін керуен тартып, көп жерлерді көрді, көп адамдармен дидарласты.

Ол Хира тауына оңашаланып, терең ойларға берілді. Осындай оңаша сәттерінің бірінде оған үн келді. Ол «оқы» деп әмір етті. «Мен нені оқимын?» деді. Сонда құлағына Құранның беташар аяты келді. Мұхаммед ғажаптанып жан-жағына қарады. Қайда мойын бұрса да, алдында адам бейнесіндегі Жебірейіл періште тұрды. «Мұхаммед! Сен Алланың елшісісің! – деді ол. Осыдан кейін де, ол бірталай уақыт күмәнді болды. Бірақ, Жебірейіл арқылы Алладан тағы аяттар аян болды. Хадиша оны мұның бәрі жаратушы хақ тағаланың әмірінен екендігіне сендірді. Өзі мұсылман болды. Мұхаммедтің пайғамбарлығы осылай басталып, адам баласын адамшылық нәрімен сусындатты, қияметкe дейін сөнбейтін ғылым, білім, мәдениет күнінің шырағы бүкіл дүниені нұрландырды.

Ол ислам дінін үш жыл құпия таратты. Кейін Алланың әмірімен халықты тура жолға ашық шақыра бастады. Бірақ, рухтары дүниялық пиғылдармен қарайып қалған дін дұшпандары пайғамбарға қиянат жасап, қастандық ойлады. Бұл кезде оның сүйікті зайыбы – Хадиша мен қамқор ағасы Әбутәліп дүниеден озған еді. Осы уақытында ол Йасрибтің (Медина) хазрадж тайпасынан өзіне жақтастар тапты. Олар Мұхаммедті жаңа дінді таратып, қауымға басшы болуға шақырды. Бұл қауым кейінде ансарилер (көмекшілер) деп аталып, дін жолында қарымды істер жасады. Осылайша Мұхаммед Алланың әмірімен он үш жылдан соі ол ізгі жолға түсушілерді бастап, Медина қаласына көшті. Бірақ, көш алдында «Исраһа-л-миғраж» аталатын ерекше оқиғаны бастан өткерді. Қағбаның мағында тыныстап жатқан Мұхаммедке Жебірейіл періште келді. Ол әл-Барак атаған бір жауарды келтіріп, соған отыруға бұйырды. Көзді ашып-жұмғанша Хебронда, Вифлеем мен Иерусалимде болды. Осында Ибраһим, Мұса, Ғайса пайғамбарлармен мінажат етті. Содан соң көкке ұшып, Алланың дәргейінде болды. Оқиғаның жылдам болғаны соншалық еді – ол қайтып оралғанда, төсегі де суымаған, қисайып құлаған құмырадан сүт тамшылап үлгермеген...

622-жылы жиырмасыншы қыркүйекте (бір деректерде он алтыншы шілдеде) Мұхаммед пайғамбар Йасриб қаласына көшті. Осымен ислам тарихының жаңа беті ашылды. Мұсылмандық жыл санау – хиджра басталды. Йасриб қаласы Мадинат ан-наби-Пайғамбар қаласы деген ат алды.

Бертін келе, ол жай Медина, яғни «қала» аталып кетті. Хиджраның екінші жылында тұңғыш мешіт «масджид) – Пайғамбардың мешіті тұрғызылды. Мұхаммед пайғамбарға Меккеден көшкенде жүз жиырма адам ере келген еді. Бас-аяғы сегіз жылдан соң, ол Меккеге он мың қол бастап аттанды.

**2-тапсырма.** Мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазыңыз.

**3-тапсырма.** Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, өз бетіңізше мәтін құрап көріңіз.

Біздің дәуіріміз, мемлекеттердің ыдырауы, сауда жолы, Мекке қаласы, Қағбаға құлшылық, Ислам діні, қасиетті Қағба, Мұхаммед өмірі, Ислам кітаптары, Хира тауы,Мұхаммедтің пайғамбарлығы, Жебірейіл періште, Йасриб қаласы.

## 18-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.

### ШОҚАН УӘЛИХАНОВ
### (1835-1866)



Энциклопедист-ғалым, шығыстанушы, саяхатшы, публицист және қоғам қайраткері Шоқан Уәлиханов өз бойынша шын мәнінде еуропалық білімділік пен Шығыс халықтарының мәдениеті жайлы терең түсінікті үйлестірді және қысқа ғұмырында мол да жан-жақты шығармашылық мұра қалдырды.

Уәлихановтың азамат, ғалым және ойшыл ретінде қалыптасуында орыстың озық мәдениеті мен ғылыми қайраткерлерінің маңызды рөл атқарғандығын атап өтуіміз қажет.

Шоқан В.Г.Белинскийдің, Н.Г.Чернышевскийдің, А.И.Герценнің, Н.А.Добролюбовтың еңбектерін оқып үйренді, олардың көзқарастары мен идеяларын қуаттады.

Омбыда кадет корпусын бітірген Шоқан – өзінің отыз жылдық аз өмірінің ішінде этнография, Қазақ және Орта Азия тарихы мен мәдениеті саласында еңбектер қалдырған ғалым, ағартушы-демократ.

Шоқан Уәлиханов тікелей философиялық мәселелер жөнінде еңбектер жазбаған, алайда көптеген шығармаларынан философиялық пікірлер мен тұжырымдарын байқауға болады. Ол «Қазақстандағы шамандықтың қалдығы», «Даладағы мұсылмандық жөнінде», «Тәңірі «Құдай» деген еңбектерінде философияның негізгі мәселелеріне қатысты пікірлер айтады. Ең алдымен, Ш.Уәлихановтың сыртқы дүниенің адам санасынан тыс өмір сүретіндігіне шек келтірмейтіндігін айту керек. Қазақ жерінде шамандықтың орын алу себебін түсіндіргенде: «Сыртқы дүние – күн, ай, жұлдыздар және алғашқы құдірет болып табылады», – деп көрсетеді. Сонымен бірге шамандықтың шығу тегін мұқият зерттеуінен және басқа да еңбектерінен Шоқанның себептілік заңдылығын құптайтындығы, себепсіз құбылыс болмайтындығына кәміл сенетіндігі байқалалады. Мысалы, «Тәңірі (Құдай)» атты мақаласында қазақтардың малды қасиет тұтатын ырымдарының себебін халықтың күнкөрісі мал екендігімен түсіндірілді. Мысалы, «Тәңірі (Құдай)» атты мақаласында қазақтардың малды қасиет тұтатын ырымдарының себебін халықтың күнкөрісі малға байланысты екендігімен ұғындырады.

Сонымен, Шоқан сыртқы дүниенің санадан тыс өмір сүретіндігін, оның объективтік заңдылықтарға бағынатындығын мойындайтын философиялық көзқараста болғанын көреміз. Қазіргі кезде философияның негізгі мәселесінің маңыздысы есебінде адам, оның қоршаған дүниеге қарым-қатынасы аталынады. Уәлиханов бұл мәселенің маңызды екенін сонау XIX ғасырдың орта кезінде-ақ айтып кеткен. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбегінде табиғат пен адам, өмір мен өлім әрқашанда түпсіз сырға толы ғажайып таңданудың пәні болғанын» көрсетеді. Ғажайып әлемі, өмір мен өлім мәселесін, адамның табиғатқа қатынасын танып-білу қажеттігінен шамандық туғаны жайлы пікір тұжырымдайды». Бұдан Шоқан Уәлихановтың адам мәселесіне, оның пәни дүниедегі орнына, өлім мен өлім мәселесіне ерекше мән бергендігі көрініп тұр. Шамандық шығуының бір себебі табиғатқа екінші ғажайып нәрсе – адам, адамның терең ойға және танып-білуге ұмтылған рухы екенін көрсетеді. Яғни, адамның ішкі дүниесі, оның қоршаған дүниеге қатынасы зерттеуді қажет ететін мәселе ретінде қаралды.

Шоқанның прогресті халықтың материалдық тұрмыс жағдайының жақсаруымен тікелей байланыстыруы қоғамды дұрыс философиялық тұрғыдан түсінудің бірден-бір белгісі деуімізге болады. Сонымен бірге Шоқан Уәлиханов қоғамның топқа, жікке бөлінетіндігін, үстем топтың мүддесі қалың бұқараның мұң-мұқтажына қайшы келетіндігін атап көрсетеді. Ол мәңгілік, шексіздік идеяларын дамытты.

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Шоқан кімнің еңбектерін оқып, идеяларын қуаттады?
2. Ағартушының қандай еңбектерінде философиялық пікірлер айтады?
3. «Қазақстандағы шамандықтың қалдығы» деген еңбегінде қандай ой айтылады?
4. Шоқан әлеуметтік бақытсыздықтың себебін неден іздеді?
5. Қашқария туралы зерттеулері, Орта Азияның, Қазақстанның тарихы, этнографиясы, саяси жағдайлары туралы зерттеулерінің құндылығы қандай?

**3-тапсырма.** Көп нүктенің орнына мәтіннен тиісті сөздерді қойып жазыңыз.

а) Шоқан Уәлиханов өз бойында шын мәнінде ... білімділік пен ... халықтарының ... жайлы терең түсінікті үйлестірді.

ә) Шоқан Уәлихановтың азамат, ... және ... ретінде қалыптасуында орыстың ... мәдениеті мен ... қайраткерлерінің ... рөл атқарғанын атап өтуіміз қажет.

б) Шоқан Уәлихановтың ... дүниенің ... санасынан тыс өмір сүретіндігіне ... келтірмейтіндігін айту керек.

г) Шамандық шығуының бір себебі ... екінші ... нәрсе – адам, адамның ... ойға және ... ұмтылған рухы екенін көрсетеді.

ғ) Шоқан ... оқу орнын бітіріп, ... ғылыми жетістіктерді жақсы меңгерсе де, өз ... ажырамады, халқының мұңын, әсіресе ... бұқараның ... жоқтады.

д) Шоқан Уәлиханов ..., шексіздік идеяларын негіздеді, дамытты.

**4-тапсырма.** Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

## ЧОКАН ВАЛИХАНОВ

Чокан Чингисович Валиханов – выдающийся казахский ученый, просветитель и демократ. Его путешествия на Тянь-Шань в Джунгарию, Восточный Туркестан, научные труды и исследования явились важным вкладом не только в русское, но и мировое востоковедение. Он одним из первых поведал миру о неведомой и загадочной Кашгарии, написал ряд интересных исследований об этой колониальной окраине Царской империи, сообщил ценные сведения по истории, этнографии и политическом положении Средней Азии, оставил оригинальные труды по истории Казахстана.

Чокан Валиханов прожил короткую, но яркую жизнь. Он родился в ноябре 1835 г. в семье султана Чингиса Валиханова – внука знаменитого казахского хана Абылая. Отец Чокана был образованным человеком. В 1834 г. Он закончил училище Сибирского линейного казачьего войска в г. Омске, затем был на различных должностях в аппарате управления Сибирскими киргизами казахами Среднего жуза, дослужился до звания полковника царской армии и даже получил наследственное дворянство.

**5-тапсырма.** Мәтін бойынша мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1) Шоқан қай елдерге саяхат жасаған?

2) Саяхат кезіндегі зерттеулері қалай бағаланған?

3) Қашқария туралы зерттеулері, Орта Азияның, Қазақстанның тарихы, этнографиясы, саяси жағдайлары туралы зерттеулерінің құндылығы қандай?

4) Шоқанның әкесі қандай адам болған?

**6-тапсырма.** Шағын мәтінді оқыңыз.

Қазақ дәстүрінің бір көрінісі – Шоқанның қазасын естірту

Қазақтың атақты ғалымы, белгілі саяхатшы Шоқан Уәлиханов қайтыс болғанда, Тезек төре оны Шыңғыс сұлтанға елдің басты адамдары арқылы естіртеді.

Тезектің суыт хабарлауы бойынша, Атығай Келдібек би мен Әлібек батыр нөкер ертіп, Шыңғыс сұлтанның үйіне келіп түседі. Келсе сұлтан іштей сескеніп отыр екен. Келдібек би ойлы пішінмен сөйлеп

– Төре, дүниеде не қымбат? – дейді.

–Адамға адам қымбат, –депті Шыңғыс.

– Адамға не қымбат?

– Бала қымбат, егер сүйеніш болар перзент туса.

– Жансызда не қымбат екен?

– Жансызда қымбат гауһар деуші еді...

– Теңіздің тұңғиық түбінде жатқан сол гауһардың да иесі бола ма?

– Е, иесіз дүние бар дейсің бе, әр нәрсенің екі иесі бар ғой.

– Егер осы жанды-жансыз ең қымбаттыға сол екі иесі таласса, қайсысы алар еді? – дегенде, Шыңғыс төре: «Ең күштісі, күштісі алады, – деп, өз санын өзі бір соғыпты да, – Менің гауһарым, Мұхаммедханафияға тағдырдың оғы тиген екен ғой», – деп, өкіріп жылап, жер бауырлап жатып қалыпты.

Келдібек би тоқтау айтып:

– Уа, сұлтан, бала сенікі еді, бақыты халықтікі еді. Пұлсыз берді, құнсыз алды, не шара! – деп кемсеңдеп, төңірегіне көз тастағанда, үйдегілердің бәрі еңірепті.

**7-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1) Келдібек би Шоқанның әкесін психологиялық жақтан қазаны естіртуге қалай дайындады?

2) Келдібек би «Шоқан өлді» деген сөзді айтқан жоқ, сұлтан қалай баласының өлгенін өзі білді? Сұлтанның қымбатты баласының қаза тапқанын аңғаруына не себеп болды?

3) Сұлтан баласының қаза тапқанын білдіруге би қалай бірте-бірте әкелді?

4) Сұлтанның баласының (Шоқан) өлгенін өзі түсінуіне қалай әкелді?

**8-тапсырма.** Мына сөйлемдерді аяқтаңыз.

1) Тезектің суыт хабары бойынша ....

2) Келсе сұлтан іштей ...

3) Теңіздің тұңғиық түбінде ...

4) Менің гауһарым, Мұхаммедханафияға тағдырдың ...

5) Пұлсыз берді, құнсыз алды, ...

**9-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын баяндаңыз.

### Шоқан мен Саққұлақ шешен

Жазда ауылға демалысқа келіп жатқан Шоқан Саққұлақ шешенді қонаққа шақырып, бірнеше күн оның тағылымды әңгімелерін тыңдайды. Дидарласу кезінде жас Шоқан қонаққа тосын сұрақ қойып:

– Ақсақал, біреу жолдан адасса, кімнен ақыл сұрайды, – дейді.

– Шырағым, көнеден сұрайды, – дейді шешен.

– Көне адасса, кімнен сұрайды?

– Көне адасса, көргендіден сұрайды.

– Көргенді адасса кімнен сұрайды?

– Көргенді адасса, көптен сұрайды.

– Көп адасса, кімнен сұрайды.

– Көп адасса, көптен сұрайды.

– Көп адасса, кімнен сұрайды?

– Көп адасса, көп оқығаннан сұрайды.

– Көп оқыған адасса, кімнен сұрайды?

– Көп оқыған неге адассын! Әлгінде ғана Сатыбалдының Жаманқұлына күдіктеніп, оның Үмбеталы жырау туралы дастанын өзің де менен сұрап анықтап алған жоқпысың? – деді шешен. Содан соң:

– Асылы, ақыл – адамды аздырмайтын ем.

Білім – таусылмайтын кен.
Адамның басшысы – ақыл,
Жетекшісі – талап,
Шолғыншысы – ой,
Жолдасы кәсіп,
Қорғаны – сабыр,
Қорғаушысы – мінез.
Біліп туған бала екенсің,
Тумысыңнан дана екенсің, – дейді Шоқанға риза болып.

**10-тапсырма.** Мына сөйлемдерді мәтін бойынша аяқтап жазыңыз.

1. Жазда алуына демалысқа келіп жатқан Шоқан Саққұлақ шешенді қонаққа шақырып, ... .
2. Ақсақал, біреу жолдан адасса, ...
3. Әлгінде ғана Сатыбалдының Жаманқұлына күдіктеніп, ...
4. Біліп туған бала екенсің, ...

**11-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Білімді неге таусылмайтын кен деген шешен?
2. Талап неге адамның жетекшісі болады?
3. Ойды неге шолғыншы деп бағалаған?
4. Кәсіпті неге адамға жолдас деп санаған?
5. «Сабыр – адамның қорғаны» дегенді қалай түсінесіз?

**12-тапсырма.** Олжас Сүлейменовтің “Мой Чокан” атты эссесін қазақ тіліне аударыңыз.

Чокан прожил на земле тридцать лет. Но мы его помним. Память о гении жива, пока актуальны проблемы, поднятые им.

Сто лет прошло со дня его смерти,но как современно звучит его голос.

Он был всесторонне одаренным человеком. В нем сочетались таланты историка, географа, литератора, языковеда и воина. Редкое обаяние дарило ему великих людей. Огромное чуства человеческого достоинства позволяло ему быть равным,не возвышаться и не унижаться в любой среде- в юрте бедняка, в кругу аксакалов, в среде блестящих петербургских поэтов, в каморке солдата Федора Достоевского и Зимнем дворце...

...Солидные столичные и иностранные издания публиковали его труды. Его уже называли гением востоковедения. Он недавно вернулся из своего знаменитого путешествия в Кашгар – он был первым русским разведчиком, проникшим в самое сердце Восточного Туркестан а, до того скрытого от внимания Европы.

Чокан за шесть месяцев пребывания там добыл и привез ценнейшие сведения, имевшие политическое и научное значение. «Потомка Чингиз-хана» принимал Петербург. Ему шло жалование Азиатского департамента и Гизбирают Денерального штаба. Его избирают Действительным членом импеоаторского географического общества.

По метрикам он – Мухамед, но народ узнал его по имени, данному матерью.

Как говорили матери сыновьям: «Дай тебе бог его ум и красоту, но не его судьбу».

## 19-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, оны бірнеше мағыналық бөліктерге бөліңіз.

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ**
**(1845-1904)**



Қазақ ағартушылығында, қазақ халқының бүкіл прогрессивті мәдениеті тарихында үлкен орын алған ұлы ақын, ойшыл демократ, сазгер Абай Құнанбайұлы болды. Оның шығармашылық мұрасы өлең, поэма, философиялық проза, аудармалар мен әндерден тұрады. Абай – қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін салушы. Ол «ақынның азаматтық парызы шындықты бейнелеуде, қоғамдық кесірді әділет пен ақылдың билігіне жүгіндіруде» деп білді. Дүниетанымдық мәселеде Абай Алтынсарин секілді деизмге жақын. Абай дін басшылары мен діни нанымдықты, фатализм мен екіжүзділікті атеизм тұрғысынан емес, Қазақстан ағартушы-демократтарының көбісінде кездесетіндей, «нағыз» дін немесе рационалдандырылған дін поэзиясынан сынады. Дінбасыларының насихаттап жүрген соқыр сеніміне Абай ақылмен тануды қарсы қойды. Немесе оның өз сөзімен айтқанда, «Алла табарака уатағаланың шәріксіз, ғайыпсыз, бірлігіне, барлығына ... хақтығына бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел испат қыларға керек» (Қара сөздер, 13-сөз).

Абай Құнанбаев өзінің аса дарындылығы, ой-өрісінің тереңдігі, халқына деген қамқорлығымен әлемге танымал болды. Абайдың дүниеге көзқарасы ойы мен қыры мол, күрделі. Оны біржақты бағалауға, бір бояумен көрсету мүмкін емес. Дүние туралы пікіріне келсек, деизмге жақын деуге болады. Біріншіден, сыртқы дүниенің санадан тыс өмір сүретіндігін қуаттайды. Мысалы, қырық үшінші қара сөзінде адам: «... көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады» [1], – дейді.

Сонымен бірге көптеген өлеңдерінде, отыз сегізінші сөзінде жан-жануарларды, адамды, тіпті, машина, фабрикаларды Алла жаратты деген тұжырым жасайды. «Мен» және «менікі» деген философиялық мәселені қарастырып, өзіндік тұжырымға келеді. Ақынның ойынша, «мен» – ақын, жан, «менікі» – адам денесі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «менікі» өлсе, өлсін, оған бекі, – деп дене өлгенімен, жан өлмейді деген қорытындыға келеді. Абай таным туралы құнды пікірлер қалдырды. Түйсіктеріміз арқылы дүниеден хабар аламыз, пайда, залалды айыратын қуаттың аты – ақыл дейді.

Көптеген өлеңдері мен қара сөздерінен диалектикалық тұжырымдарының бейнесін көруге болады. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңінде:

Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.

Ал отыз екінші қара сөзінде:
Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел.
Алдыңғы толқын – ағалар,
Артқы толқын – інілер, –
деп, дүниенің өзгерісте, дамуда екендігін болжайды. Мұнымен бірге «әр нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс» деген пікір айтады. Өлеңдер мен қара сөздеріне зер салып қарасақ, көптеген философиялық мәселерді қарастырып, өзіндік ой-пікір, тұжырым жасағанын байқаймыз. Шығармаларының басым көпшілігінде өмір, өмірдегі адамның орны, оның мақсаты, мұң-мұқтажы туралы ой шертіледі. Ендеше, философияның негізгі мәселесі Абай шығармаларында кеңінен талқыланады деуге болады.

Ақынның эстетикалық және этикалық мәселелер жөніндегі ой-пікірлері сол кездегі қоғамдық  ойдың үлкен белесі болып табылады. Оның «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Құр айғай бақырған құлаққаән бе екен» деген өлеңдерінде әннің, күйдің адам сезіміне әсер етер қуатты құдіреті, шипалы шапағаты көркем суреттеледі, әсіресе жақсы ән мен тәтті күйдің ассоциативтік ой туғызып, адамның өткен өміріндегі ең бір тамаша кездерін еске түсіретіндігін шебер көрсетеді.

Абайша сену үшін алдымен түсіну қажет. Бұл ойлары Пьер Абеляр, Фарабиге жақын. Абай адам мәселесін оның қайшылыққа толы қоғамдық болмысының аясында қарастырады. Осыдан келіп, адамның әлеуметтік белсенділігі, шығармашылық мүмкіндігінің шексіздігі туралы идея туады. Ал адам – өз тағдырының қожасы және құраушысы. Адам тіршілігінің бірегейлігі, жердегі тіршілігінің құндылығы, әр адам жанының қайталанбас сонылығы – Абай тұжырымдамасындағы негізгі идеялар. Өз шығармаларында ол адамға мейірбандық көрсету, сұлулыққа ұмтылу – жоғары имандылық қасиетінің белгісі, көрінісі деп айтудан жалықпайды.

Адамның әртүрлілігі жайлы айта келіп, Абай әр адамның өмірінде өз орнын табуының маңыздылығын атап көрсетеді. Адамның өз орнын, өзін табуына жол сілтеу, бағыт беру – ағартушының, бұқараның тәрбиелеушінің бірінші міндеті осы деп біледі. Осыдан келіп, «Адам бол!» деген Абай этикасының негізгі принципінің мағынасы мен мәні ашыла түседі: әр адам өзінің шығармашылық мүмкіндігін іске асырып, өзін жетілдіре алады және жетілдіруі тиіс. Сонда ғана ол жаратылысынан өзіне белгіленген орынға сай келеді.

Абай – ұлы гуманист. Абстрактылы, утопиялық сарынды гуманист. Ол Құдай идеясын адамнан жоғары сырт күш деп қабылдайды. Өлмес жан туралы, мәңгілік, шексіздік жайлы ой қозғағанмен, бұл ұғымдар діни мағынада емес, Фараби секілді игі істер мен ойдың әлеуметтік жадындағы мәңгілік деген түсінікте келтіріледі.

Өз халқын шын пейілімен сүйген Абайдың өмірі, шығармалары терең адамгершілік мағынаға ие және ағартушылық-тәрбиелік мәні жағынан баға жетпес құнды дүние.

**2-тапсырма.** Мәтінге тезистік жоспар жасаңыз.

**3-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

а) Абай таным туралы қандай философиялық ой білдірген?
ә) Өлеңдері мен қара сөздерінде қандай философиялық мәселелерді қарастырған?
б) Ұлы ақын кедейлердің жоқшылық тұрмысын қай өлеңдерінде суреттейді?
в) Ақын ағартушының, бұқараның тәрбиелеушінің бірінші міндеті не деп ойлайды?
г) Өз халқын шын сүйген Абайға қандай қасиеттер жат?
ғ) Ақын қазақ халқының шырғалаңнан құтылар жолы неде деп ойлайды?

**4-тапсырма.** Мына сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Шығармашылық мұра, сыншыл реализм, азаматтық парыз, дүниетанымдық мәселе, соқыр сенім, дүниеге көзқарас, құнды пікірлер, диалектикалық тұжырым, философиялық мәселелер, қоғамдық ой, отаршыл саясат, жоқшылық тұрмыс, ауыр тағдыр, имандылық қасиет, утопиялық сарын, терең адамгершілік мағына, жан мен тән дуализмі.

**5-тапсырма.** Абайдың ақыл, нақыл сөздерінен үлгі аламыз.

1. Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге.
2. Достық достық шақырады.
3. Махаббатсыз дүние бос,
   Хайуанға оны қосыңдар.
4. Махаббат – өмір көркі
5. Ғашықтық тілі – тілсіз тіл,
   Көзбен көр де ішпен біл.
6. Өнер алды – қызыл тіл.
7. Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,
   Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

**6-тапсырма.** Ойталқыда мына мәселелер туралы пікірлесіңіз.

1. Ақыл, ой, парасат, білім, ақындық қабілет Абайды даналыққа жеткізді.
2. Абай тұжырымдамасындағы негізгі идеялар – адам тіршілігінің бірегейлігі, жердегі тіршілігінің құндылығы.
3. Ауыз әдебиеті – Абайдың алғашқы тәрбиешісі.
4. Көп білуге жеткізген – Абайдың табиғи таланты.

**7-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Абай ел басқаруды мақсат еткен бе?
2. Абай қара сөз жазған ба?
3. Абай туралы романды кім жазған?
4. Абайдың қандай өлеңдерін білесіз?
5. Абай адамның дұшпаны деп нелерді санаған?
6. Абай дұшпан санаған қасиеттердің сізде қайсысы бар, оны жоюға тырысасыз ба?
7. Абай таныған асыл қасиеттердің сізде қайсысы бар?
8. Асыл қасиеттерді бойыңызға дарыту ойыңызда бар ма?

**8-тапсырма.** Абайдың ұлағатты сөздерін оқыңыз.

1. Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі кінәлі.
2. Сен де бір кірпіш дүниеге,
   Кетігін тапта бар қалан.
   Азат басың болсын құл,
   Қолдан келмес іске ұмтыл.
3. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
   Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.
4. Адамның адамшылығы істі қалай бастағанынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

5. Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашу керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – зұлымдық.

6. Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол.

**9-тапсырма.** Сұрақтарға ауызша жауап беріңіз.

1. Өмірден өз орныңызды табу үшін не істеп жүрсіз?
2. Қолыңыздан не келетінін білесіз бе?, ол туралы ойланыңыз.
3. Абайдың нақыл сөздерінен қандай философиялық ой қорытуға болады?
4. Абай айтқан үш жаман қасиеттен аулақсыз ба?

**10-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап жазыңыз.**

1. Адамды заман өсіреді, заман ағымына ілесе аламау неге соқтырады, заманда болған жаңалықты меңгеру, заманмен бірге өсуге талаптану қандай нәтиже береді?
2. Адамның асыл қасиеттері – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек деген ұғымдарға философиялық тұрғыдан көзқарастарыңызды білдіріңіз.
3. Абай істі жақсы бастай білуді неге жоғары бағалаған?

**11-тапсырма.** Мәтінді оқып, тезистік жоспар жасаңыз.

Абай еуропалық мағынада айтылатын классикалық білім алған жоқ (университеттерде оқыған жоқ). Бірақ өзінің ішкі жалыны, дүниені, өмірді тануға деген зор құштарлығы мен шабытының арқасында, ол араб, парсы, орыс тілдері мен мәдениетін терең игеріп, өзінің дүниеге деген көзқарасында олардың негізгі нәтижелерін қазақ руханиятымен біріктіре білді. Абайдың шығармашылық еңбегі жан-жақты универсализмдігімен таңғалдырады: ол – ақын, сазгер, философ, аудармашы, құқықтанушы, саясаткер. Уақытында М.Дулатов айтқандай, «Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артар». Міне, бүгін сол күндер келді, ал жастарға қойылатын талап – ұлы Абайды мұқият зерттеп, өз жан-дүниесіне сіңіру болмақ. Ол – біздің хакім-ата алдындағы парызымыз.

Абайдың онтологиялық (болмыстық) көзқарастарына келер болсақ, оны ғажап та терең, өзінің ерекшелігі мен маңыздылығын ешқашанда жоймайтын діннің шеңберіндегі философиялық антропология деп бағалауға болатын сияқты. Жаратқан, Дүние, Адам – міне, осы үш категория Абай философиясының іргетасын құрайды. Абай өз философиясының осы негіздерін өзінің 38-ші қара сөзінде егжей-тегжейлі талдайды. Дүние Жаратқаннан құдіретті күші арқылы пайда болып, өмір сүріп жатыр және онда белгілі бір заңдылықтар, мақсатқа лайықтылық бар, соңғылардың негізі Ғылымда. Жаратқанның үшінші сипаты – Хаят, яғни Тіршілік (қараңыз: Абай. Алматы: Ел, 1993. 84 б.). Мұның сыртында Абай тағы Алланың 5 сипатын көрсетеді, бірақ олар жоғарыда көрсетілген негізгі 3 сипатты нақтылайды, түсіндіретін құндылықтар. Олар: Басар (қырағылық), Сәміғ (сергектік), Ирада (қалау), Қалам (сөз), Тәкин (жасампаздық, болмысқа келтіруші).

Енді Абайдың Философиялық антропологиясына келер болсақ, жаратылған адамның ақыл-ойы, күш-қуаты бар, ал ол – Алланың ғылыми құдіреттілігінен шығатын қасиеттер. Бұл арада ұлы Абай Рақымшылдыққа аса көп көңіл бөледі. Ол да – Алланың 8 сипаттарына кірмесе де, Оның негізгі қасиеттерінің бірі, себебі оның аттары Рахман (Жарылқаушы), Рахим (Мейірімді), Ғафур (Кешіру-ші), Уадул (Сүюші), Хафиз (Қорғаушы), Сәттар (Айыпты жабушы), Разақ (Ырыздық беруші), Нафиг (Пайда беруші), Уәкил (Өкіл), Латиф (Ілтипатты) – бәрі де Рақымшылдықты көрсетеді.

Абай адамның ерекше пенде ретінде жаратылғанын ескертеді: «Адам баласынан махшарда (о дүниеде – С.М.) сұрау беретұғын қылып, жаратқандығында һәм ғадалэт, һәм махаббат бар». Дүниедегі өлі табиғат, тіршілік болсын – бәрі де адам үшін жаратылған: «... Жер мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін, жұмыртқасын; хайуандар: етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар балығын, балықтар уылдырығын, хатта ара балын, балауызын, құрт жібегін – һәммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі – адам баласына таусылмас азық» (аталған әдебиет 88 б.), – деп қорытады ұлы ойшыл. Ал мұның бәрі де Алла тағаланың адамға деген сүйіспеншілігін көрсетеді, олай болса, адам да Жаратқанды барлық жан-тәнімен сүю керек, сонда ғана ол өз өмірінің мән-мағынасын табады.

Сонымен адам – Ғарыштың өзегі, ерекше пенде. Бірақ, соған қарамастан, ол – шектеулі, өлшемді, ал Алла тағала – өлшеусіз, шексіз. Сондықтан «біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес... өлшеулі бірлэн өлшеусізді білуге болмайды». Біз бұл арада Абай ойының сол кездегі Еуропа топырағындағы ағартушылардан анағұрлым терең екенін байқаймыз: әңгіме дүниенің бәрін қайта өзгертуде емес, ол – тәкаппарлыққа, Құдаймен теңесуге деген адам іңкәрін туғызып, оны шайтан жолына түсіреді. Сондықтан Абай:

«Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Тетігін тап та, бар қалан!» –
деген ұран тастайды.

Абай – Жаңа дәуірдің перзенті. Сондықтан да ол Орта ғасырлардағы ойшылдардың аскеттік философиясын қабылдайды. Оның ойынша, егер барлық адамдар тариқат жолына түсіп, материалдық дүниеден бас тартса, онда «дүние ойран» болар еді. «Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді деген сұрақ қойып, ойшыл оны Құдай алдындағы күнә ретінде қарайды. Алла тағала дүниені адамға «рақатын көрмегіне бола жаратқан», қазірет Ғосман, Ғабдурахман ибн Ғауф, Сагид ибн Абдукас сияқты Пайғамбардың жақындары да өз байлықтарымен даңқты болған.

Бүгінгі таңдағы нарықтық экономиканың негіздерін қалыптастыруда Абайдың өз дәуіріндегі айтқан ойлары өзінің өзектілігімен таңғалдырады. Оның ойынша, бақытты өмірге жету адам өз ақыл-ойын, ынтасы мен қабылетін, өмірден алған оң тәжірибесін біріктіріп алға қойған мақсатын жүзеге асыруға жұмылдырса ғана іске асады. Әйгілі «Сегіз аяқта»:

«Болмағын кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл!
Орынсыз ыржың,
Болымсыз қылжаң
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.
Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адам бол – мал тап
Қуансаң, қуан сол кезде», –
деген ақыл-ойын халыққа тартады.

Халықтың бойына сіңген кертартпа қасиет – ол еріншектік. Оны Абай надандық пен зұлымдықтың қатарына қояды.

Абай «байлық» атты ұғымның адамгершілік жағына аса көп назар аударады. «Әуелі, Құдайдан мал тілейсіңдер, – дейді Абай. – Құдай тағала саған еңбек қылып, мал табарлық қуат береді. Ол қуатты халал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың ... Сенікі біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің – сол». Өз ойын әрі қарай жалғастырып, Абай сол жолмен тапқан малды енді сарып қылып, ғылым табу керектігін айтады. Өзіңе табылмаса, балаң тапсын деген талап қояды. «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан руза, қылған қажылық ешбір ғибадат орнына бармайды. Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған», – деп өкінеді ұлы ойшыл.

Абай бүкіл болмысымен, жан-тәнімен өз халқын сүйген, сол себепті оның тарихи қалыптасқан кемшіліктерін әшкерелей білген. Өз кемшілігін сезіну – одан жариялай құтылумен тең емес пе, қалған жартысын білім алу, қажырлы еңбек ету жолында жоюға болады. Абай «Жарлы болсаң, арлы болма» деген мақалды талдай келе «Ардан кеткен соң, тірі болып жүргенің құрысын», – деп қынжылады. «Қалауын тапса қар жанады», «Атың шықпаса, жер өрте», «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» деген мақал-мәтелдерге сын көзбен қарап, қазақ дүние сезімінде қалыптасқан теріс кертартпа қылықтарды сынға алып, оларды түзеуге шақырады.

Абайдың ойынша, Жаратқанның тудырған бұл Дүниесінің кіндігі – адам. Олай болса, «Адам бол!», – дейді бабамыз. Яғни әрбір кісі әрқашанда өзінің тұлғасының адам ұғымына сәйкестігін өлшеп, өмір-бақи соған жетуге тырысуы қажет. Тек сонда ғана адам өзін жан-жақты дамытып, бойындағы ашылмаған табиғи дарындарын сыртқа шығарып, гүлдетіп, бұл өмірде ерекше орны бар тұлғаға айналып, өзін бақыттымын деп сезіне алады.

## 19-САБАҚ

### АБАЙДЫҢ АЛТЫНШЫ ҚАРА СӨЗІ




Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды - бірлік, ырыс алды -тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады - білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік - ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

«Ырыс алды - тірлік» дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың - пысық, ішің - нас,
Артын ойлап ұялмас, -
болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

(Абай. Қара сөздер. Алматы. 1891ж)

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып шығып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1.Мәтін не жайлы айтылған?
2. «Өнер алды - бірлік, ырыс алды -тірлік» мақалының мағынасын қалай түсінесіз?
3.Адал еңбекпен не істеуге болады?

**2-тапсырма.** Мына сөйлемдерді аяқтап жазыңыз.

1. «Өнер алды - бірлік, ырыс алды -...

2. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып ...
3. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке ...
4. Әуелі біріне-бірі ...
5. Көкірегі, көңілі тірі болса, ...
6. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер ...

**3-тапсырма.** Мына сөйлемдердегі көп нүктенің орнына үлгідегі сөздерді орналастырыңыз.

1. Қазақ ойлайды: бірлік - ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, ....... ортақ болса екен дейді.
2. Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, ....... - ақылға бірлік, малға бірлік емес.
3. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда ...... несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді.
4. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір ...... салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі.
5. Ол осы ..... кеудеден шықпағандық па?
6. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, ...... қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады.
7. Көкірегі, көңілі ..... болса, соны айтады.
8. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ...... табуға сөз ұға алмайсың.

**Үлгі:** ақыл, пәле, дәулет, бірлік, еңбек, әркім, жан, тірі.

**4-тапсырма.** Мына сөздердің орыс баламасын табыңыз.

| | |
|---|---|
| мақал - | бірлік – |
| ол - | тірлік - |
| адал – | өнер- |
| қымбат - | дәулет - |
| ақыл - | кедей - |
| арты - | ажар - |
| қандай - | еңбек - |
| мал - | еріншек - |

**5-тапсырма.** Берілген сөздерден қанша сөйлем құрай аласыз?

| | | |
|---|---|---|
| Ағайын құрымай<br>Олай болғанда<br>Көкірегі, көңілі<br>Мұның қай<br>«Өнер алды –<br>Жоқ, бірлік –<br>Адал еңбекпен ерінбей | тірі болса,<br>бірлік, ырыс-<br>жүріп мал табуға<br>мал іздеп<br>байлықтан не пайда,<br>жерінен<br>ақылға бірлік, | жігер қыла алмайсың.<br>бірлік шықты?<br>не керек?<br>кедейліктен не залал?<br>соны айтады.<br>малға бірлік емес.<br>алды тірлік. |

**6-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап бере отырып, төмендегі сөзжұмбақты шешіңіз.

Көлденеңінен:

1.Дәулет сөзінің синонимін табыңыз.
3.Дұшпан сөзінің антонимін табыңыз.
4.Ағайын сөзінің синонимін табыңыз.
7.Жігер сөзінің синонимін табыңыз.

9.Алдау сөзінің синонимін табыңыз.
Тігінен:
2.Қымбат сөзінің антонимін табыңыз.
5.Қорқақ сөзінің антонимін табыңыз.
6.Еңбекқор сөзінің антонимін табыңыз.
8.Тамақ сөзінің синонимін табыңыз.

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 Б | 2 А | Й | Л | Ь | К | | 5 Б | 6 Е | |
| | Р | 4 Т | У | Ь | С | | А | Р | |
| | 3 | | | | | | Т | І | |
| | 9 А | Р | Б | А | У | | Ь | Н | |
| | Н | | 7 К | Ү | Ш | | Р | Ш | |
| | | 8 А | | | | | | Е | |
| 3 Д | С | С | | | | | | К | |

**7-тапсырма.** Төмендегі сөздерді пайдаланып мәтін құрастырыңыз.

Өнер, бірлік, тірлік, тату, дәулет, ағайын, ақыл, несібе, шаруа, өкпе, алдау, қымбат, өлім, дұшпан, қорқақ, өмір, еңбек, еріншек, адал, жігер, жалқау, пысық, жігер, ас.

**8-тапсырма.** Мәтінді оқып шығып, дұрыс жауапты табыңыз.

1.Өнер алды - ..........?
а) тірлік
ә) бірлік
б) еңбек
2. Әркім несібені кімнен тілейді?
а) анасынан
ә) атасынан
б) құдайдан
3. Ақылға бірлік, ....... бірлік емес.
а) малға
ә) адамға
б) тәңірге
4. Ырыс алды - ........
а) еңбек
ә) тірлік
б) бірлік
5. Бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке ......... болады.
а) дұшпан
ә) дос
б) мұғалім
6. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға ....... қыла алмайсың.
а) күш
ә) жігер
б) қуат

**9.** Берілген сөйлемдердің мағынасын талдаңыз.

1. Қазақ ойлайды: бірлік - ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал?

2. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді.

3. Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың - пысық, ішің - нас,
Артын ойлап ұялмас, -
болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

**10.** Өлеңнің мазмұнын қазақша айтыңыз.
Бездельник, лживый зубоскал,
Нахлебник и нахал.
В душе холуй, на вид удал
Не ведает стыда.

**20-САБАҚ**

**АБАЙДЫҢ ОН ЖЕТІНШІ ҚАРА СӨЗІ**




Ақыл, қайрат, жүрек және ғылым

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғвлвмға жүгініпті.

Қайрат айтыпты: Ей, ғылым, өзің білесің ғой, дүниеде еш нәрсе менсіз кәмелетке жетпейтұғынын; әуел өзіңді білуге, ерінбей, жалықпай үйрену керек, ол менің ісім, құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей, жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен,нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады? – депті.

Ақыл айтыпты: Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын– мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан

қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды? – депті.

Онан соң жүрек айтыпты:

Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын адаламаймын: жақсылыққа елжіреп, еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп, тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады? - депті.

Сонда ғылым бұ үшеуінің сөзін тыңдап болып айтыпты:

-Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, - депті.

-Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз еш нәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының жаманның – екеуінің де сүйгені сен; екеуінің де іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман,- депті.

-Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім,-депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: Жақсылық айтқанына жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің каруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен.

Осы үшеуіңде бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол.

Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым.

Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, - депті.

*(Абай. Қара сөздер. Алматы. 1993ж)*

1. Сөз мағыналарымен жұмыс

*Кәмелет, лайықты, абырой, мансап, көрсеқызар, ақырет, залал, ұят, рақым, жирен, тәңірі* сөздерінің мағынасын сөздіктен жазып алып, есте сақтаңыз.

2. Мына сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Абай туралы не оқыдыңыз?
2. «Абай жолы» романын оқыдыңыз ба?
3. «Абай» операсын тыңдадыңыз ба?
4. Абайдың қай өлеңін білесіз?
5. Алматыдағы Абай көшесі сізге ұнай ма?
6. 14-қара сөзінде Абай не айтпақ болған?
7. Сіз ақыл, қайрат, жүректің қайсысының айтқанымен өмір сүресіз?
8. Ақыл, қайрат, жүрек жолын орынды ұстанатын достарыңыз бар ма?

Бұл сұрақтарға жазбаша әңгіме жазып, соңынан оны ауызша әңгімелеңіз.

3. Мына сөйлемдердегі көп нүктенің орнына мәтіндегі тиісті сөзді жазыңыз.

1) Ей, ғылым, өзің білесің, дүниеде ... менсіз кәмелетке жетпейді, әуелі ... білуге ерінбей ... үйрену керек, ол ... ісім.

2) Дүниеге ... өнер, .... тауып, абырой ... еңбексіз табуға болмайды.

3) Болымсыз ... үйір қылмай, ... таза сақтайтын, .... жеңілдіктен құтқаратын мен емес пе?

4) Не дүниеге, не ақыретке не .... болса, не .... болса, білетін – мен, менсіз ... іздей алмайды екен, ... қаша алмайды екен, ...игере алмайды екен, осы екеуі маған қайтып таласады?

5) Мен – адам денесінің ... , қан ... тарайды, жан ... мекен қылады, менсіз ... жоқ.

6) Жұмсақ ... , ... үйде, ... тоқ жатқан ... төсексіз, аш кедейдің ... айтатын – мен.

7) Үлкеннен ... сақтап, ... рақым қылдыратын – мен, бірақ ... таза сақтай алмайды.

4. Мына сөйлемдерді аяқтап жазыңыз.

1) Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын, жақсылыққа елжіреп еритін – мен, жаманшылыққа тулап кететін – мен, ...

2) Ол айтқандарыңнан басқа көп өнерлерің бары рас, бірақ каруыңа қарай қаттылығың да мол, ....

3) Тәңіріні де сен танытасың, ....

4) Бірақ сонымен бірге .....

5) Қайрат сенің каруың көп, .....

6) Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі ....

7) Сенсіз еш нәрсе ....

8) Үшеуің ала болсаң, ....

5. Түрлі тілдік жағдаятта сөйлесу

1.Ақылды адам қандай болады? – деп сұрады сізден, жауап беріңіз.

2.Күш, қайрат бар жерде үнемі ақыл да бола ма? – деп сұрады, жауап беріңіз.

3.Ақылды адамдардың бәрінде күш бола ма? – деп сұрады, мысал келтіріп дәлелдеңіз.

4.Әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбандылық, қанағат, инабаттылық – қайрат, ақыл, жүректің қайсысына байланысты? – деп сұрады, ойланып жауап беріңіз.

6. Мына сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тиісті сөзді қосып жазыңыз.

1) Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі ... айтысып, таласып келіп, ... жүгініпті.

2) Осы ... маған қалай таласады?

3) Менсіз ... неге жарайды?

4) Мен ... болсам, ... баласыналаламаймын, .... елжіреп еритін – мен, ... мейірбандылық менен шығады.

5) Бірақ ... карай каттылығың да ... , пайдаң да мол, ... да мол, кейде жақсылықты ... ұстап, кейде ... берік ұстап кетесің, ... жаман.

## 21-САБАҚ

### Абайдың отызыншы қара сөзі

Қыркын мінсе, қыр артылмайтұғын осы бір “қырт мақтан” деген бір мақтан бар, сол неге керек, неге жарайды? Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді, кең толғау, үлкен ой жоқ, не балуандығы жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдығы жоқ, не ақылдылығы, арлылығы жоқ.

Мойнын бұрып қойып: “Өй, тәңірі-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің,кімнің басы кімнің канжығасында жүр,ол менің қазаныма ас салып беріп жүр ме,мен онан сауын сауып отырмын ба?!”-деп бұлғақтап немесе: “Аяғаным жаным ба?Өй,енесін ұрайын,өліп кетпей неге керек? Азар болса атылып я осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма!”- деп қалшылдайтұғын кісі көп қой.

Өздерің көріп жүрсіңдер, осы айтқан сөз бойына лайық қазақ көрдіңдер ме? Өлімге шыдайтұғын қазақ көргенім жоқ, “Өлімге шыдамаймын”, -деген де қазақ көргенім жоқ, кеңірдегін ғана көрсетеді- ау: “Қиылып қана қалайын”,- деп. Егер осы сөз лайық кісі көрінсе, ақылы жоқ болсада, қайратыменен-ақ кісі айдындыратұғын адам болғаны ғой! Егер шын айғайды көргенде, кірер жерін таба алмайтұғын дарақы, жұртты осы сөзіммен айдындырамын, “ мына кәпірден кісі шошитұғын екен” дегізіп айдындырайын”, деп айтып отырған домбытпасы болып, босқа қоқиып отырса, соны не дейміз? Ай, құдай-ай! Жанға мырза қылатұғын ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малға мырзалығы, дүниені бір тиын есеп көрмейтұғыны, жомарттығы – әр түрлі белгісі бойында тұрмаспа еді? “Ұялмас бетке талмас жақ береді”, - деп көп былжыраған арсыз, ұятсыздын бірі дағы.

*(Абай. Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ. Алматы “Білім” 2010)*

*1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз*

1. Абай туралы не оқып, білдіңіз?
2. Абайдың қандай өлеңдерін жатқа білесіз?
3. Абайдың неше қара сөзі бар?
4. Алматы қаласындағы Абай атындағы опера және балет театрына барып көрдіңіз бе?
5. Абайдын бір өлеңін жатқа айтыңыз?
6. Абайдың осы отызыншы қара сөзінде не айтқысы келгенін ойланып, өз ойыңызды айтып көріңіз?

*2 –тапсырма. Сөз мағыналарымен жұмыс.*

*Артылмайтұғын, ар, намыс, айдалып, әйтеуір, қалшылдайтұғын, кісі айдындыратұғын, қайрат, айғай,дарақы, мырзалығы, жомарттығы, ұят* сөздерінің мағынасын түсіндіріп беріңіз?

*3-тапсырма. Мына сөйлемдерді аяқтап жазыңыз.*

1) Қырқын мінсе, қыр артылмайтұғын осы бір “қырт мақтан” деген.......
2) Мойнын бұрып қойып: “Өй, тәңірі-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің,кімнің басы кімнің канжығасында жүр,......
3) Өздерің көріп жүрсіңдер,........
4) Өлімге шыдайтұғын қазақ көргенім жоқ,......
5) Егер осы сөз лайық кісі көрінсе,.......
6) Егер шын айғайды көргенде,.....
7) Жанға мырза қылатұғын ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы,.....

*4 –тапсырма. Ар намыс туралы өз ойыңыздан шағын әңгіме жазыңыз.*

5-тапсырма .Абайдың нешінші қара сөзінде ақыл, қайрат, жүрек және ғылым туралы жазылған?.

6–тапсырма. Мына сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тиісті сөзді қосып жазыңыз.

1) Қырқын мінсе, қыр ..... осы бір “қырт мақтан” деген бір ..... бар, сол неге керек, .... жарайды?

2) Өздерің .... жүрсіңдер, осы айтқан сөз ..... лайық қазақ көрдіңдер ме?

3) Ол ар, есті білмейді, .... білмейді, кең толғау, үлкен ... жоқ, не ..... жоқ, не батырлығы жоқ, не ..... жоқ, не ақылдылығы, арлылығы жоқ.

4) Өлімге .... қазақ көргенім жоқ, “Өлімге ..... ”, -деген де қазақ көргенім жоқ, кеңірдегін ғана көрсетеді- ау: “...... қана қалайын”,- деп.

5) Егер шын .... көргенде, кірер жерін таба ..... даракы, жұртты осы сөзіммен айдындырамын, “ мына ..... кісі шошитұғын екен” дегізіп айдындырайын”, деп айтып отырған ......болып, боска қоқиып отырса, соны не дейміз?

6) Жанға мырза ..... ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малға мырзалығы, ..... бір тиын есеп көрмейтұғыны, жомарттығы – әр түрлі белгісі ...... тұрмаспа еді?

*7-тапсырма. Абайдың өмірбаяны туралы қысқаша жазып, түсінгеніңізді айтып беріңіз.*

*8 –тапсырма. Мына үзінді Абайдың қай өлеңінен алынған?*

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр- мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы – ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

*9-тапсырма Мына сөйлемдердегі көп нүктенің орнына мәтіндегі тиісті сөзді жазыңыз.*

1) Қырқын мінсе, қыр ..... осы бір “ .... мақтан” деген бір ..... бар, сол .... керек, неге жарайды?

2) Ол ар, есті білмейді, ..... білмейді, кең ..... , үлкен ой жоқ, не ....  жоқ, не батырлығы жоқ, не ..... жоқ, не ақылдылығы, арлылығы жоқ.

3) “Өй, тәңірі-ай, .... әрі, кімнен .... артық дейсің,кімнің  ..... кімнің канжығасында жүр,ол менің .....  ас салып беріп жүр ме,мен .....сауын ..... отырмын ба?!”

4) Өздерің көріп жүрсіңдер, осы ..... сөз бойына ...... қазақ көрдіңдер ме?

5) Жанға мырза ..... ердің жадағайда-ақ .... тұрғыштығы, ..... мырзалығы, дүниені бір тиын ..... көрмейтұғыны, жомарттығы – әр түрлі ...... бойында тұрмаспа еді?

6) “Ұялмас ..... талмас жақ береді”, - деп көп .....арсыз, ұятсыздын бірі дағы.

*10-тапсырма Мына сөйлемдерді аяқтаңыз.*

1) Қырқын мінсе,.......
2) Өздерің көріп жүрсіңдер,....
3) Егер шын айғайды.....

## 22-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, мағыналық бөліктерге бөліңіз.

### ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

**(1858-1931)**



Абай ілімін одан әрі жалғастырған, қазақтың рухани мәдениеті мен менталитетінде өшпес із қалдырған алып тұлғаның бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Оның шығармашылығының негізгі тақырыбы мораль философиясы мен мәдениет ілімін қамтиды. Шәкәрім Абайдың немере інісі және ол ұлы ақынның мұрасына сүйенеді. Ол арнайы оқу орынында оқымаса да араб, парсы, орыс, шағатай тілдерін өз бетімен үйреніп, сол тілдердегі шығармалардан дала ойшылы тұрғысында ой қорытқан:

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,
Сол тілге аударылған барлық ілім.
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,
Жарқырап қараңғыда туып күнім.

Оятқан мені ерте – Шығыс жыры,
Айнадай айқын болды әлем сыры.
Талпынып орыс тілін үйренумен,
Надандықтың тазарып, кетті кірі.

Абай сияқты Шәкәрім де қазақ елін қалай өркениетті, мәдениетті елдер қатарына қосамын деп талпынды. Оның ойынша, бұл азаматтық өтеудің шарты – туған елдің бүкіл тарихи, мәдени құндылықтарын жоғалтпай, оларды заман талабына сәйкес қолдану. Шәкәрімнің рухани ізденісінде ежелгі сақ-түрік заманынан қалыптасқан ғарыштық дүниетаным ерекше орын алады. Тәңірі, Нұр, Күн, Табиғат – ол үшін қасиетті, киелі ұғымдар.

Қазақ мәдениетінде бұрыннан келе жатқан идея – жанның мәңгілігі. Әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауи, Абай мен Мағжан, жалпы Шығыс ғұламалары бойынша, адамның дүниедегі тіршілік ету мағынасы жанның мәңгілігімен айқындалады. Әйтпесе, өмір мазмұны жануарлық күн көруден алыс кетпек емес. Әлем мен адамға бағыт беретін, жол көрсетуші, мәңгілік пен шексіздіктің кепілі – Нұр. Оған адамның жәй ақылы жетпейді, оны аңғару, түсіну, жан дүниесімен қабылдау қажет.Өтпелі өмірден мәңгілікке (фәниден бақиға) көшу, басқа сөзбен айтқанда, бұл дүниеден кету дегеніміз –адам жанының Нұрға қосылуы. «Жан, – дейді Шәкәрім, – менің айтқанымдай бастар бар болса, тұрған денесі орын болуға жарамаған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Құр ғана өзгеретін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына түк дәлел жоқ. Олай болса, бір түрге түсіп, барлықтың ішінде бар болып жүреді». Осы негізгі шығармасын Шәкәрім ұзақ дайындықтан соң жазған және ол Жаңа замандағы қазақ кәсіби философиясының алғашқы туындысы болып табылады.

Шәкәрімнің «Үш анық» атты шығармасы негізгі философиялық шығармалардың бірі болып табылады. Мұнда философия тарихына байланысты көп мағлұматтар аламыз. Оның бұл шығармасындағы сөз болатын басты мәселе – бар ілімнің негізі болып табылатын нәрсе: «Адамдағы ынсап, әділет, мейірім – үшеуі қосылып *ұждан* деген шығады. Мұны орысша *совесть* деп атайды... бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды... ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап істесе, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды», – деп жазған философиялық толғау бүгінгі күн талабымен де үндесіп жатыр.

Шәкәрім «Үш анық» деп аталатын трактатын жазуға отыз жылдай уақыт сарп етіпті. Бұл ақынның ғылымға деген үлкен талпынысы.

Шәкәрім айтады: «Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар. Бірі – дене өлсе де, жан жоғалмайды, өлгеннен соң да тіршілікке тіпті ұқсамайтын біртүрлі өмір бар. Сондықтан жалғыз ғана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек дейді. Мұны ақырет өлгеннен соңғы өмір жолы дейді. Енді бірі – бұл әлемдегі барлық нәрсенің бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп жаратқан иесі жоқ, һәм өлген соң тірілетін жан жоқ дейді...

Енді «осы екі жолдың қайсысы анық екенін табу ақылы сау адамға қатты міндет» – дейді.

Шәкәрім дүниенің түп негізі деп төрт нәрсені – от, су, топырақ, ауаны айта отырып, грек философтарының бұл жөніндегі пікірлерімен таныс екендігін білдіреді. Сондай-ақ дүние бөлінбейтін түпнегіз атомдардан тұратындығын, оның арабша аты мадда немесе әсер екенін айтады.

Шәкәрім философиясының негізгі өзегі адам болып табылады. Адамның мәні оның дүние танып-білуінде, ол тек адамға ғана, оның табиғатына тән нәрсе дейді.

Шәкәрім өзіне дейінгі болған, өзінің рухани ұстаздары Шоқан, Ыбырай, Абайға қарағанда, Грекия, Еуропа кәсіби философиясының тарихымен тікелей шұғылданып, оларды тек танып-біліп қана қоймай, өз пікірлерін, ойларын ортаға салып айта отырып, өмірде қазақ кәсіби философиясының іргетасын қалап, өзі де нағыз қазақтың алғаш кәсіби философы атанды. Сөйтіп, қазақ философиясының деңгейін әлемдік философияның қатарына қосуға жақындата түсті.

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Шәкәрім үшін киелі ұғымдар не?
2. Шәкәрімнің «Үш анық» философиялық шығармасынан қандай мағлұматтар аламыз?
3. Шәкәрім дүниенің төрт негізі деп нені қарастырады?
4. Ш.Құдайбердіұлы қандай антикалық классиктермен таныс болған?

**3-тапсырма.** Мәтіннен философияға, психологияға қатысты термин сөздерді теріп жазыңыздар.

**4-тапсырма.** Шәкәрім Құдайбердіұлы «Тіршілік – әлем туралы» деген тақырыпта шығарма жазыңыз.

**5-тапсырма.** Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

## ТРИ ИСТИНЫ

Истину человек видит и воспринимает не просто глазами, а глазами разума… После смерти есть еще и другая жизнь. Для этого и другого мира необходимое – совесть. То, что

мы называем совестью – это скромность, справедливость, доброта (по-мусульмански – уждан, по-русски – совесть).

Что такое душа? Душу я понимаю так. Если сущность души исследовать так же, как мы исследуем глубинную суть тела, выяснится, что душа, как и тело, существует изначально… Я говорю есть и душа, есть и злой дух, есть и своя энергия у человеческой души. Подтверждения таковы:

1. Явление души, ее голос, ее достоверные свидетельства о своем владетеле.

2. Человек, который, не подозревая того, сам, оказывается от природы наделенным умением к знахарству, фахризму, а то и какими-то сверхсилами.

3. Различие источников энергии в таких трех явлениях, как лунатизм, магнетизм, вещие сны; думаю, искать для них единый источник движущей силы – это ошибочно.

Удивляюсь тем, кто говорит, что нет души и нет жизни после смерти… И ничто не ущемит и не обеднит человеческую душу, если ее, как в этой, так и в последующей жизни, питает и одухотворяет уждан – совесть. Собственно, это и есть та самая крепкая опора для духовного возвышения и это как раз то, что называю тремя истинами (Ш.Кудайбердиев).

## СӨЗДІК

Совесть – ұждан
Скромность – ынсап
Справедливость – әділет
Доброта – мейірім
Истина – анық
Душа – жан
Изначально – басынан (әуелден)
Сущность – түбі (негізі)

Знахарство – диуаналық (бақсылық)
Удивление –таңқалу
Опора – тірек
Духовное возвышение – рухани машықтану
Тело – тән (дене)
Сила вещества – қуатты дене
Злой дух – жын

**6-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жан деген не?
2. Өлген соң жан бола ма?
3. Үш анық деген не?

**7-тапсырма.** Екі бағанадан сөз тіркестерін құраңыз.

| | | |
|---|---|---|
| | Рухани | Із |
| | Ұлы | Ойшылы |
| | Дала | Мемлекет |
| | Өркениетті | Құндылықтар |
| | Мәдени | Тарихы |
| | Философия | Ақын |
| | Өшпес | Мәдениеті |

**8-тапсырма.** Кестенің оң жағы мен сол жағын сәйкестендіріңіз.

| | | |
|---|---|---|
| | Абай сияқты Шәкәрім де қазақ елін қалай өркениетті, ... | ... мәңгілік пен шексіздіктің кепілі – Нұр. |
| | Қазақ мәдениетінде бұрыннан келе жатқан идея - ... | ... шығармалардың бірі болып табылады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Әлем мен адамға бағыт беретін, жол көрсетуші, ... | ... отыз жылдай уақытын сарп етіпті. |
| | Шәкәрімнің "Үш анық" атты шығармасы негізгі философиялық ... | ... жанның мәңгілігі. |
| | Шәкәрім "Үш анық" деп аталатын трактатын жазуға... | ... мәдениетті елдер қатарына қосамын деп талпынды. |
| | Сондай-ақ дүние бөлінбейтін түпнегіз атомдардан тұратындығын, оның ... | ... арабша аты мадда немесе әсер екенін айтады. |
| | Ол әдебиет, тарих, философия, жаратылыстану ғылымдарымен ... | ... де өте көп ықыласпен шұғылданды. |

**9-тапсырма.** "Қоршаған табиғи ортаның жұмбақтарын ұқ, танып-біл, оның ашылған сырларын мақсат-мұратыңа жарат" деген Шәкәрім ойларын өрбітіп, пікірталас жүргізіңіздер.

**10-тапсырма. Даналар сөзін есте сақтаңыз.**

Еңбекпенен, өрнекпенен, өнер ойға тоқылса, Қайнар өмір, жайнар көңіл, ар ілімі оқылса. (Шәкәрім)

Көп айтса, көнді, жұрт айтса, болды, Әдеті жаман адамның. (Абай)
Үйренер нәрсең – білім мен мейірімділік. (Ю.Баласағуни)
Кешігіп келген білімнің пайдасы жоқ. (Құтып)
Бақыт жолы біліммен табылады. (А. Иүгінеки)
Ұл-Қызға әдеп үйрет, білім-өнер,
Көп көріп содан пайда кенелінер.
Ұлыңа үйрет білім, барлық амал,
Сонымен ол жияды қазына мал. (Ю.Баласағуни)

. **11-тапсырма** Шәкәрім атымен байланысты кластер құрастырыңыз.

. **12-тапсырма** Берілген атауларға байланысты төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:
*Ұждан, жан қуаты, соңғы өмір.*
1) Бұл атауларды сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?
2) Өз тәжірибеңізден осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?
3) Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

**13-тапсырма** Мәтінді оқыңыз. Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою тәсілін пайдалана отырып, мәтінмен жұмыс істеңіз.

Адам нысап, әділет, мейірім үшеуін қосып айтқанда мұсылманша ұждан, орысша совесть бар. Бұл не? Бұны істеп тұрған кім? Бұған жауап берушілер «адамшылық ары соны ұнайды» дейді. Менше, бұл жауап сол ұжданның солай қылғанда ұнайды деген болып шығады. Мен сол ұждан, совесть қайдан шығып тұр десем оған жауап жоқ сияқты. Меніңше, совесть-жанның тілегі. Неге десеңіз жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе, барған сайын жоғарылайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады. Мәселен, таза дене, таза, толық мінез, ой, істер керек қылады. Соның қатты бір керегі совесть – ұждан. Оны осы өмір үшін керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады. Себебі егер бұл өмір үшін ғана керек болса, ол не пайда, не мақтан үшін болады. Мәселен, атам қылсын, пәленше

мені сондай кісі деп халық мені жақсы көрсін деген болады. Онан басқа жоруы жоқ. Себебі, ол совестің иесі жан жоқ, артқы өмір жоқ деп отырса, соқыр табиғаттың жансыз жаратқан бір машинасы совесімен іс қылды не, қылмады не? Тәңір жарылқасын, алайын деудің де қисыны жоқ. Себебі, ол тәңірі бар деп отырған жоқ. Соқыр, саңырау табиғат тәңір жарылқасынды естімейді, көрмейді. Менің таңырқайтыным сол тәңірі жоқ деп отырғандар жасасын, пәленше жасасын пәлендей іс дейді. Бұл бұйрық па, тілек пе? Бұйрық болса кімнен? Менің ойымша, қанша айтып тәңіріні жоқ қыламын дегенімен жанның сау тәңіріні мойнына салмай қоймайды. Бірақ дағдысынан оза алмай оны сезбейді.

Жоғарыда жан жоқ деушілер жан миға біткен бір сипат, онан бөлінетін нәрсе емес дейді. Бұл сөз жанды таба алмай орнын сипалаған сияқты. Себебі ми, жұлын, электрия қуаттарын жинайтын батарея сауыттары сияқты жанның тұрағы, ол бұзылса электрия кеткен сияқты, жан да кетеді. Жан адам өлген соң бір хайуанға кіріп, ол өлсе тағы бір хайуанға кіріп жүреді деген сөздің дәлелі не екен?

Мен жан да бар, жын да бар, адамның өз жанының қуаты да бар деймін. Дәлелім:

1. Шақырмаған жан келіп, кейде өзі пәленшенің жаны екеніне нанарлық сөз айтатыны.

2. Шақырмаған кісіге бақсылық-дуаналық, фахризм, жындылық кез болатыны.

3. Ұйқыда кезу, лунатизм, магнетизммен біреудің еркін билеу, түсі дәл келу-бұл үш түрлісі үш бөлек қуаттың иесі болуға лайық. Оның бәрін бір-ақ қуаттан іздеу қате деймін.

Мен жан жоқ, өлген соң өмір жоқ дегенге таң қаламын. Оларға мұндай сөзді қандай ой айтқызып отыр екен? Осы кезде жанның барлығына, өлген соң да жоғалмайтынына күндей жарық дәлелдер табылып тұрса да, нанып қалған әдет алған шатақ діннен шыға алмаған молдаларша қатып қалу – ақыл ісі ме? Бір адам жанының өлген соң да жоғалмай, мұнан таза, жоғары болатынын ақылымен қабылдап нанса, және бір адам жан өлген соң біратола жоғалады деп таныса осы екеуі өлерде есі дұрыс болып, өлерін біліп өлсе, екеуі не жанынан өледі? Әрине жаның өлген соң тазарып, жоғарылайтынына нанған кісі қуанышта болып, жоғалуына нанған кісі өкініште болып, бір жола жоғалмады – ау деп өлсе керек. Және ұждан, совесть жанның тілегі екеніне нанған кісі қиянат қылғанына қатты кейіп,жақсылық қылғанына жете қуанса керек. Олай нанбай, бай ұждан, совесть құры ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деген кісіге жақсылық қиянаттың көп айырмасы жоқ болса керек.

Ізін білдірмеудің айласын тапса болғаны, себебі өлген соңғы жан өміріне нана алмай ұждан, совесть, жан екі өмірге бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды. Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін, жалқаулық, әйтпесе жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар. Жан екі өмірде де азығы – ұждан, совесть ДЕУМЕН ЕШ НӘРСЕДЕН КЕМДІК КӨРМЕЙДІ. Тіпті бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі үш анық дегенім осы.

*(Құдайбердіұлы Ш. «Үш анық»)*

**14-тапсырма** «Ойды қорытындылау» тәсілімен мынадай жазу жұмысын орындаңыз.

1) Мәтіннің негізгі идеясын ашатын үзінді келтіру керек. 2-3 сөйлем. Келтірілген сөйлемдер көшірілмей, өзіндік түсінік тұрғысынан беріледі.

2) Дәлел. Үзіндіні 3-4 сөйлеммен дәлелдеу керек. Мұнда басқа ақпарат көздеріне немесе көп таралған пікірлерге сілтеме жасалғаны орынды.

3) Сұрақ. Мәтін бойынша бір проблемалық сұрақ келтіру керек. (жан-жақты ашылмаған, ерекше толғандырған, назар аударған, қызықтырған)

4) Жауап. Қойылған сұраққа 2-3 сөйлеммен жауап беру керек. Жауапта бұл мәселенің неліктен өзіне назар аударғандығын және оны қалайша шешуге болатындығын көрсету керек.

5) Қорытынды. Мәтін бойынша туындаған ойларды (қорытынды шешім) 3-4 сөйлеммен келтіру керек.

**15-тапсырма**. Ақынның мына өлеңі бойынша оңай және қиын сұрақтар құрастырыңыз.

БАЙ МЕН КЕДЕЙ

Бай болдың, батыр болдың, шешен болдың,
Ел билеп, топ бастаған көсем болдың,
Сен қылмаған өнер жоқ бола қойсын,
Бір адам қандай болсын десең, болдың.

Немене, қор да болдың, кем де болдың,
Малсыз кедей кімменен тең де болдың?
Екеуінің бірін ал өзің таңдап,
Түбінде мен не болдым, сен не болдың?

Байлық жақсы екені елге мәлім,
Өзің істеп әдет қыл, келсе халің.
Қолың білсе, біреуге жалынбайсың,
Шыдамды бол, еріншек болма, жаным.

Анық байлық – денеге біткен өнер,
Білімдінің бәрі де соған төнер.
Арам жиып мақтанған дәлет емес,
Алдымызда бір күн бар есеп берер.

Шәкәрім

## 23-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Оны мағыналық бөліктерге бөле отырып, ат қойыңыз.

### МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ




М.Жұмабаев – көрнекті ақын, ойшыл, философ, жазушы, публицист. Оның шығармалары ойының тереңдігімен, мазмұндылығымен ерекшеленеді, сондай-ақ нәзік те сырлы лирикалық философияға толы.

Мағжан Шығыс пен Батыс мәдениет терең меңгерген ұлы ойшыл ақын, кемеңгер философ, ұлағатты тәрбиеші, жан-жақты білімдар, қазақ зиялыларының алдыңғы қатарында жүрген абзал жандардың бірі еді.

Мағжан ақын шығармашылығының өн бойынан азаткер асқақ өрлік, өмірге, өнерге шексіз құштарлық, сондай-ақ осы жолда қандай тауқымет тартуға да, тіпті өлім екеш, өлімге де күле қарап, қасқая қарсы алуға дайын батырлық рух атой салып тұрады:

Көрмейін рахат, жанайын,
Жалын болсын маңайым,
Күйейін, азап шегейін –
Жырыммен жаным жұбатам,
Жырыммен жұртымды оятам,
Несіне жас төгейін?!

Мағжан ақынды осындай батылдыққа, ерлік шешімге келтіріп отырған қандай мәжбүрлік, қандай ақыл-ой шарпысы болды екен? Адамға бір-ақ рет берілетін келте ғұмыр ақын үшін соншама жеңіл-желпі нәрсе болып көрінгені ме?

Өмір шын мәнінде қаншама қымбат болғанымен, ұлт үшін, Отан үшін, оның бостандығы мен теңдігі үшін күресуді мақсат тұтқан философиясы өршіл ақын рухы алдында осылайша тәуекел таразысына тартыларына анық иланамыз.

Сонау 1923 жылы Жүсіпбек Аймауытов өзінің «Мағжанның ақындығы» деген еңбегінде: «Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын болып шығуы керек, олай болып шықпауы мүмкін емес», – деп жазған еді. Демек, Мағжанның бүкіл ақындық таланты, ой-арманы мақсат-мүддесі, дүниеге философиялық көзқарасы, білім-білігі қалай қалыптасты, қалай кемелденіп, бүгін біз танып, асқақтатып отырған ұлы ақын, кемеңгер ойшыл дәрежесіне жетті деген сұрақтың жауабын оның «ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашылдығынан» табуға әрекеттенуіміз керек болды.

Мағжан поэзиясына, оның ақыл-ойы мен саяси көзқарастарына, өмірлік философиясына өзек болған – түрікшіл, тұраншылдық, халықтық, даналық. Мағжан ақынның философиялық, саяси көзқарасы негізінен оның поэзиясында көрініс табады. Онда адам өмірінің мән-мағынасы, өмір мен өлім мәселесіне арналған экзистенциялық философиясы, яғни адам өмірі мен тағдыры туралы ойлары оның үлкен философиялық толғаныстарын білдіреді.

Оның басты толғаған мәселесі – Ұлт, Ел, Мемлекет, Халық мүддесі, әділдік, адамгершілік. Адамның шын мағынасымен «адам болуы» үшін, өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүюі шарт. Өзінің жақындарынан гөрі халқының мүддесін ілгері қоюы щарт. Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін – Мағжан ақынның азаматтық кредосы осындай.

Мағжан шығармашылығында айырықша орын алатын, күллі қазақ поэзиясының алтын қорына қосылған, жалынды ұлтшылдық пен кемел философиялық романтикаға (логикаға) құрылған «Батыр Баян» поэмасын көркемдік ой билігі деуге болады.

Мағжан философиясының негізгі категориялары: адам, табиғат, қоғам, әсемдік, сұлулық, махаббат – бұл ұғымдар, әсіресе, оның «Батыр Баян» поэмасында кеңінен орын алады. Ақын махаббатқа үлкен құрметпен, сеніммен қарайды. Махаббатсыз өмірде мән-мағына жоқ деп қарайды. Ол махаббатты көңілді ашатын, жалынды басатын, жалғыздыққа зарыққанда, талыққанда жүрекке ем болатын жалғыз дәру деп түсінеді. Ғашық адам – бір тәтті у, адамды махаббаттай елітіп, есеңгіретер күш жоқ, – дейді.

Мағжан – заман туғызған өз дәуірінің, жаңа заманның ақыны, нәзік сезімтал ұлт ақыны. Мағжан ақынның философиялық дүниетанымын, оның өмірге, тіршілікке, табиғат пен адамға, махаббатқа деген көзқарасын, логикалық философиясын түйіндей келе айтарымыз Мағжан Жұмабаев – қазақ әдебиеті мен қоғамдық ой-пікірінде Абайдан кейінгі күллі ақындар жетпеген шырқау көкке көтерілген ұлы ақын, ойшыл, сыршыл философ. Ол – өз дәуірін нәзік сезінген, Батыс пен Шығыс ақыл-ойын, рухани құндылықтарын бойына дарытқан, білімдер, терең ойлы ақын әрі философ.

**2-тапсырма.** Мәтінді аударып, мазмұнын түсіндіріңіз.

**3-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бере отырып, пікір алысыңыздар.

а) М.Жұмабаев жаңа заманның ақыны деуге бола ма?
ә) Мағжан шығармаларынан махаббат тақырыбы көп орын алуы неліктен деп ойлайсыз?
б) Ж.Аймауытов Мағжан туралы қандай пікір айтқан?
в) Мағжан ақынның азаматық кредосы қандай?
г) Мағжан философиясының негізгі категориялары қандай?

**4-тапсырма.** Мәтіннен сын есімдерді теріп жазып, сөз тіркестерін құраңыз.

**5-тапсырма.** Мағжанның «Қазақ тілі» өлеңін мәнерлеп оқып, жаттаңыз.

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Күн кеміді, айбынды ту құлады,
Кеше батыр – бүгін қорқақ бұғады.
Ерлікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,
Қан суынған, жүрек солғын соғады.
Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ ардың

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың ...
Алтын күннен, бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі сен қалдың!
Жарық көрмей жатсаң да, ұзақ күн – тілім
Таза, терең, өткір, күшті кең тілім.
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім.
М.Жұмабаев

**6-тапсырма.** Мына сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. М. Жұмабаев – көрнекті ақын, ойшыл...
2. Мағжан Шығыс пен Батыс мәдениетін...
3. Мағжан ақын шығармашылығының өн бойынан...
4. Ақын махаббатқа үлкен...
5. Ол махаббатты көңілді ашатын, жалынды басатын, ...
6. Мағжан – заман туғызған өз дәуірінің, ...
7. Ол – өз дәуірін нәзік сезінген...

**7-тапсырма.** Мәтіннен сын есім сөздерді теріп жазыңыз.

**8-тапсырма.** Төмендегі етістіктерді пайдаланып, сөйлемдер құраңыз.

*Илану, берілу, күресу, арналу, толғану, шарт қою, қарау, ашу, зарығу, еліту, түйіндеу, дарыту, байыту.*

**9-тапсырма.** Екі бағанадан сөз тіркестерін құраңыз.

| | | |
|---|---|---|
| | Ақын | Таразысы |
| | Шексіз | Толғаныстар |
| | Тауқымет | ой-пікір |
| | Тәуекел | Ақын |
| | Саяси | Философия |
| | Экзистенциялық | құндылықтар |
| | Философиялық | Көзқарастар |
| | Қоғамдық | Тарту |
| | Ұлы | Құштарлық |
| 0 | Рухани | шығармашылығы |

## 24-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыз.

### МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПСИХОЛОГИЯҒА ҚАТЫСТЫ ОЙЛАРЫ

Мағжан поэзиясы адамның жан-дүниесінің қыры мен сырына терең бойлайтыны, оның адам жанын дөп басып жататыны көпшілікке мәлім. Ал осынау жыр дүлдүлінің тәлім-тәрбие ғылымының теориялық жағына үңілуі таң қаларлық жәйт. Өйткені, бұл салада

ғылыми еңбек жазған ғұлама, зиялылар некен-саяқ. Осы тұрғыдан алғанда Мағжанның 1922 жылы «Педагогика» атты (Ташкент, Орынбор) кітап жазуы өмірде өте сирек кездесетін, тек аса талантты, данышпан адамдарға ғана тән қасиет.

Мағжан Жұмабаевтың оқу-тәрбие ісіне тікелей қатысты педагогикалық, психологияға ден қоюы де ерекше құптарлық. Оның жан қуаттары жайлы пікірлерінде дала өмірі мен өзінен бұрынғы және замандас қазақ зиялыларының туындыларын ұлттық психологиялық нақышты шеберлікпен пайдалана білу тәсілі – қазіргілерге өнеге. Жан көріністерін ол білу яки ақыл, сезім яки көңіл, һәм қайрат көріністері дейтін үш тармаққа бөле келіп, олардың өзара табиғи үйлесімін Абай тұжырымдарымен байланыстырып, ежелгі Шығыс ғұламаларының гуманизмімен үндестіре, тарих тереңінен сөз қозғайды. Шытырман мәселенің арқауын осылайша түйіндеп, Шығыс кәусарынан мейірі қана сусындау, есейе келе Еуропа мәдениетіне құлаш ұрған Мағжанға етене жақын да, түсінікті нәрсе.

Ол сыртқы сезімдерді (қазіргі де түйсік деп аталады – Қ.Ж.) көрі, есту, иіскеу, тату, сипау, ет сезімі деп алты айырыммен анықтап алып, оларды дұрыс жетілдіру тәрбиесіне арнайы назар аударады. М.Жұмабаевтың пікірінше бұл сезімдердің сау һәм берік болуына, олардың өткір, терең, дұрыс қалыптасуына ыждахат қылу керек. Бұлардың біреулері жақсы, біреулері нашар тәрбие қылынса, жан тұрмысы да тегіс, бүтін болмақ емес. Әр сезімді (көру, есту т.б.) психологиялық тұрғыдан қарастыра келіп, ақын олардың әр қайсына өзінше анықтама беріп, бұларды тәрбиелеуде ұлттық дәстүрлерге сүйену қажеттілігін айтады. Мәселен, жарық дүниеге келген күннен бастап нәрестенің есту сезімін дамыту үшін түрлі дыбыстардың мән-мағынасына көңіл бөліп, әсіресе бесік жыры үнінің тәрбиелік мәні зор екенін атап өтеді. «Адамның әдемілікті сүю сезімін тереңдететін де осы есту сезімі», – дей келе, өзінің осы пікірін гректің Орфей жайлы, қазақтың Қорқыт туралы айтылған терең де тұнық ойларымен тиянақтайды.

Кітапта «зейін» (М.Жұмабаевта «Абай» – Қ.Ж.) туралы да біраз деректер бар. «»Абай» дегеніміз, – деп жазды ол, сыртқы дүниедегі бір затқа яки, ішіміздегі бір жан көріністерге – ойға, ішкі сезімге, қайратқа жанның тұнуы, нүктеленуі». Оның бала зейінін тәрбиелеу жөніндегі айтқандары қысқа да болса нұсқа. Автор шәкірттерде зейін даму үшін әсердің күшті, жеке, жаңа болуын, жаңға алынған білім мен ескі білімнің байланысуын және оның болашақ әсерге даярлану есебінде болуын (астын сызған біз – Қ.Ж.) талап ете отырып, оқу жүйесінің сабақтастығына мұқият зер салады. Ол кейбір оқушылардың зейінсіз болуының себептерін де аша кетеді. Бұған дененің һәм жанның шаршауын, зейіннің толқындап тұруын, бейғамдықты т.б. жатқызады. Автор бейғамдықтың екі түрін көрсетеді. Оның бірі еш нәрсеге абай тоқтата алмайтын өте қолайсыз түрі. Оған терең, ұзақ тәрбие қажет. Екінші түрі – бір нәрсеге абайлы болып, басқа нәрселерге абайлы болмайтын адамдардың бейғамдығы. Ақын мұндай қасиеттің зиянсыздығын, мұның көбінесе ғалымдарда жиірек кездесетіндігін ескертеді. Адам зейінін ол ерікті, еріксіз, табансыз, ішкі, сыртқы деп жіктейді. Баланы тәрбиелеу оның жас ерекшелігіне тәуелді болатындығын айтады.

Адам өміріндегі естің алатын орнын көрсете келіп, автор оларды есту, көру, қозғалу т.б. деп жеке-жеке қарастырады. Естің адам жасына байланысты өзгеріске түсетіндігін айта келіп, баланың есін дамыту жолдарына тоқталады.

Автор қиялды еріксіз және ерікті деп екіге бөледі. Қиял (фантазия) туралы ол былай дейді: «Жанымда бар суреттеулерден қайрат жұмсап, өзіміз тілеп жасау – ерікті қиял, берекелі қиял, яки фантазия деп аталады. Өзінің осы ойын әрмен қарай жалғастырып, фантазияның жасалу жолдарына тоқталады. Олар: 1) заттардың өздерін, яғни олардың бір мүшелерін зорайту, яки күшейту; 2) әр заттың түрлі мүшелерін бір бірінен алып қосу; 3) реті келгенде өздері де жиыла алатын көріністерді бір суретке... не адам мінездерін бір адамға жию мен жасалатынын көрсете келіп: «Фантазиясыз адам өмірі өңсіз, түссіз бір нәрсеге айналмақ. Мылқау өмірге үн беретін, сақтау өмірге тіл беретін, жоқты бар қылатын, барды,

гүлді көрікті қылатын, бізді асыға аяқ бастырып, тәңірімен тілдестірген сол – фантазия», – дейді. Бала фантазиясының табиғатына ерекше көңіл қойып, оны өркендетудегі ертегі, бала ойындары мен ойыншықтардың роліне тоқталады.

М.Жұмабаев сұлулық (эстетика) сезімдері жайлы ғылыми ұғымдарды да әр қырынан ашып, өнер адамына тән өрнекті сезімдерді тәптештеп түсіндіреді. Үлбіреген гүл, күңіренген орман, сылдыраған су, бұлдыраған бұлақ, шетсіз-шексіз қаракөк теңіз, түрлі шөптермен толқындаған дала, бұлт пен бел асқан биік тау, күннің ойыншыл алтын сәулелері, ерке сұлу ай, жұлдызды түн... тылсымды жанды билеп алып, сұлу картина сықылды әсерлері адам жанында бір сұлулық толқынын оятып, туғызбай қоймайды. ... Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген қос шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті. Сұлулық сезімдері – адамның дұрыс, сұлу ләззат іздеуіне, сұлу нәрсені сүйсіне, көріксіз нәрседен жиіркене, жақсылыққа ұмтылып, жауыздықтан тиылуына көмек көрсетеді.

Кітапта ойлау, ұғым, ой қорытындылары, ішкі сөйлеу т.б. мәселелері, ерік-жігер, қажыр-қайрат, импульс, рефлекс, инстинк, әдет, категориялары да талдауға алынған. Мәселен, ерік-жігер тәрбиесі туралы айта келіп, ол: «Тілектің алдын, артын тексеріп үйренген адам болашақта ебедейсіз еркеліктен, қиянқылықтан, есейгенде есерліктен аман болмақшы. Автор ойлау, ұғым, хүкім, һәм ой түзеулер жасауға болады», – дейді де, олардың өзін іштей әлденеше тармақтарға таратып, қарастырады. Ой шығаруға да осы ретпен келіп, «дедукция», «индукция», «аналогия» ұғымдарының мәндеріне зейін қояды.

Ақын тілдің адам өміріндегі маңызы жайлы айта келіп, оның ұлттық дәлелмен мәнін мәйекті жеткізеді: «Ұлттың тілі кеми бастауы, – деп жазды ол, – ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Бұл ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе құйындай екпінді қайраты, біресе желсіз түндей тымық, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын мінездері көрініп тұр».

Бала темпераментін сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик деп бөліп, бұлардың әрқайсысына тән қасиеттерді ұтымды тілмен баяндайтын, баланың жалпы жаратылысы, табиғаты туралы түсініктері де қазақ ұғымына жатық, түсінікті берілгендігі байқалады. «Темпераментті тізгіндей білу үшін, – дейді ақын, – адамның жақсы тәрбиеленуі керек».

М.Жұмабаевтың осы кітаптағы психологиялық ой-түйіндерінің негізгі арқауы «... адам баласын тәрбие қылу дегенде, әрине, адам баласының, әсіресе жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек... Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең... Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Адам өз жанының көріністерін өзі бақыламаса, жан көріністерімен таныс болмайды... Ұлттың тілі кеми бастауы құри бастағанын көрсетеді... ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай анық көрініп тұрады. Ойдың тілі – сөз. Бір сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз. Баланың маңайындағы сөйленетін сөздер де әдепті, сұлу болуға тиісті. Былық сөзді естіп өскен бала өмір бойы былық, «былапыт» тілді болады... Ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ... сондықтан баланың маңындағы адам дұрыс мінезді болу керек... Мінез тәрбиесі... жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз... Адамның өзін-өзі тексеруі оның жан-тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне, бірінші шарт... Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім... Тәрбиешісінің табансыздығын сезсе, бала оны сыйлаудан, тілін алудан қалады...» т.б.

Қорыта айтқанда, ұлы ақынның методикалық еңбектері психологиялық жағынан ерекше көңіл аударарлық.

**2-тапсырма.** Мәтінді өз сөзіңізбен әңгімелеу үшін әуелі жоспар жасап, сол бойынша әңгімелеңіз.

**3-тапсырма.** Мәтін бойынша автордың ойын негізге алып бір-біріңізбен пікірлесіңіздер.

**4-тапсырма.** Мәтіннен есімшелерді теріп оқыңыз.

**5-тапсырма.** Анықтауыш қызметінде қолданылған есімше тұлғалы етістікті зат есіммен тірге теріп жазыңыз.

**6-тапсырма.** Шақ мағынасында қолданылған есімше тұлғалы етістікті теріп жазыңыз.

**7-тапсырма.** Мәтіннен ауыспалы осы шақта қолданылған етістіктерді теріп оқыңыз.

**8-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

1.Мағжан сыртқы сезімдерді қанша айырымға бөледі?

а) алты

ә) үш

б) екі

2. Ақын сезімді психологиялық тұрғыдан қарастырғанда неге сүйенеді?

а) Ұлттық дәсстүрге

ә) ұлттық санаға

б) ұлттық мінезге

3.Мағжан байғамдықтың неше түрін көрсетеді?

а)екі

ә) төрт

б) алты

4. Адам жасына байланысты не өзгеріске түседі?

а) сезім

ә) ми

б) ес

5. Мылқау өмірге үн беретін, жоқты бар қылатын не?

а) фантазия

ә) рефлекс

б) инстинк

6.Ұлттың кеми бастауы нені көрсетеді?

а) ұлттың құри бастағанын

ә) табиғат туралы түсініктерді

б) темпераментті тізгіндеуді

7. Кімнің табансыздығын сезсе, бала оны сыйлаудан қалады?

а) тәрбиешісінің

ә) қазақтың

б) ақынның

8. Нені тізгіндей білу үшін адамның жақсы тәрбиеленуі керек?
а) фантазияны
ә) темпераментті
б) психологияны

## 25-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, әңгімелеп беріңіз.

### ШАЛКИІЗ

Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы, философиялық ойлары төл философиямыздың қалыптасуына рухани негіз бола алады.

Олардың шығармаларынан дәстүрлі философиялық тарихи сабақтастық принциптері анық байқалады. Әсіресе, қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салушылардың бірі – Шалкиіз жырау Тіленшіұлының (1465-1560) шығармашылығы, философиялық ой кешу, жыр толғау әдістері ерекше. Ел аузынан жазылып алынған тарихи әңгімелерге қарағанда, Шалкиіз Батыс Қазақстанда, Ноғайлының ұлы биі Мұсаның қызынан туыпты. Әкесі Тіленші – қазақ арасындағы көп шонжардың бірі болса керек.

Шалкиіз шығармаларының өзіндік ерекшелігі – ондағы философиялық толғаныстардың молдығы. Көркем шығарма қашанда сол заманның, сол кездің ой-өрісімен салыстырыла бағаланбақ. Шалкиіздің философиялық ойлары ұзақ толғанып, өз заманын нәзік түсіне білуінің жемісі. Бұл ерекшеліктер жыраудың шалқар даналықтың, терең ақылдың иесі болғандығын көрсетеді. Осыдан келіп, біздер Шалкиіз ойларының, шығармаларының өміршеңдігін, арада төрт жарым ғасырдай өтсе де, ұрпақ жадында ұмытылмас сақталуының сырын ұғамыз.

Белгілі ғалым әрі жазушы Мұхтар Мағауин: «Шалкиіз новатор еді, – дейді. – Ол қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салды. Бұл тұрғыдан алғанда, Шалкиізді қазақтың барлық жырауларының атасы деуге болады. Өзінің философиялық-афористік толғауларында Шалкиіз ойлылықтың, көркемдіктің шыңына шықты. Қиыннан қиыстыру, нақтылық, ықшамдылық, ойнақылық, сонымен қатар тереңдік – Шалкиіз поэзиясының ерекшелігі. Бұл жағынан алғанда, қазақ жырауларының ешқайсысы да онымен теңдесе алмайды».

Дүниеде тұрақты, мәңгілік ештеңе де жоқ дейді жырау. Өмір қысқа екен, бұл жалған басы жұмыр пенденің бәрінен де өтеді екен, демек, осы аз ғұмырды дүниедегі бар қызықты тегіс көріп, думандатып өткізу керек деп, жырау өмір мен өлім мәселесі жайында философиялық толғаныстар жасайды. Жырау өмірдің бар қызығы, бақыты, қуанышы о дүниеде емес, адамның бар бақыты бұл дүниеде екендігін айтып өтеді.

Шалкиіз жырау «Көп түкірсе – көл» деп, елді ұйымшылдыққа, бірлікке шақырады. Оның пікірінше, көптің, елдің қолынан бәрі келеді. Ол жауға айбар, елге қорған дейді. Сондықтан да Шалкиіз жырау: «Жалғыздың тартағұғын жоғы жоғалса – табылмас, рулының оғы қалса – табылар», «Жағаға дұшпан қолы тимеске – артында туысқанның көбі игі»,

«Белуардан саз кешсең, тобығыңнан келтірмейтін», «қамалған қалың туғанның арқасы» – деп, ағайынның, туғанның көп болғанын қалайды.

В.Радловтың жазуы бойынша, нәзік жанды ақындығымен қатар, Шалкиіз батыр, жауынгер де болған көрінеді. Мұның дәлелін мына бір жолдары көрсетеді:

Қатты бір тартып бек атсаң,
Қайырылып барып тез сынар
Қайың оқтың жаңқасы...
болмаса:
Көктеп мінген ерiңнiң
Астында көп жүгірер көлік бар;
Көп садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар, –

деген сияқты жолдар өте көп кездеседі. Бұдан біздің байқағанымыз, Шалкиіз толғауларының рухы – батырлық, ерлік, өз Отанын сүю, оған қызмет ету.

Қорыта айтқанда, Шалкиіз мұралары бізге әлі толық жетпегенмен, оның рухани мұрасы өте бай. Оның өз өнері, дүниеге деген көзқарасы төл ойлау мәдениетіміздің қалыптасуына, сөз жоқ, айтарлықтай ықпал етті.

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Шалкиіз жыраудың шығармашылығының ерекшелігі неде?
2. Шалкиіз жырау туралы қандай пікірлер айтылған?
3. В. Радловтың Шалкиіз туралы айтқан ойлары қандай?
4. Шалкиіз мұраларының қазақ мәдениетінің қалыптасуына қосқан үлесі бар ма?

**3-тапсырма.** Мәтінге сүйене отырып, көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазыңыз.

Шалкиіз шығармаларының өзіндік ... – ондағы ... толғаныстардың молдығы. Бұл ерекшеліктер жыраудың шалқар ..., терең ... иесі болғандығын көрсетеді. Белгілі ғалым әрі жазушы Мұхтар Мағауин: «Шалкиіз ... еді, – дейді. Дүниеде тұрақты, ... ештеңе де жоқ дейді жырау. Жырау өмірдің бар қызығы, ..., ... о дүниеде емес, адамның бар бақыты бұл дүниеде екендігін айтып өтеді. Шалкиіз жырау «Көп түкірсе – ... деп, елді ..., бірлікке шақырады. В. Радловтың жазуы бойынша, Шалкиіз ..., де болған көрінеді. Шалкиіз толғауларының рухы – ..., ..., ..., оған қызмет ету.

**4-тапсырма.** Төмендегі сөздермен сөз тіркестерін құраңыз.

*Философия, ой, заман, ақыл, даналық, жырау, нақтылық, атақоныс, адам, батырлық, өмір, көзқарас, пенде, ғұмыр, дүние, қызық, бақыт, жау, жамандық, жақсылық, толғау, мұра, өнер, мәдениет, толғаныс, табиғат, қоғам.*

**5-тапсырма.** Мәтіннен сын есім сөздерді теріп жазыңыз.

**6-тапсырма.** Берілген сөйлемдердің мағынасын түсіндіріңіз.

1. Көп түкірсе – көл болар.
2. Жалғыздың тартатұғын жоғы жоғалса – табылмас, рулының оғы қалса – табылар.
3. Жағаға дұшпан қолы тимеске – артында туысқанның көбі игі.
4. Белуардан саз кешсең, тобығыңнан келтірмейді.

**7-тапсырма.** Мына екі қатардан синоним сөздерді теріп жазыңыз.

1) толғаныс, заман, ғұмыр, туысқан, қуаныш, бірлік, туған
2) өмір, мезгіл, толғау, шаттық, ұйымшылдық, ағайын, төл

**8-тапсырма.** “Қиыннан қиыстыру, нақтылық, ықшамдылық, ойнақылық, тереңдік – Шалкиіз поэзиясының ерекшелігі” деген тақырыпта әңгіме жүргізіңіздер.

**9-тапсырма.** “Шалкиіз – философиялық антропологизм бағытын ұстаған ойшыл” деген тақырыпта шығарма жазыңыз.

**10-тапсырма.** Даналар сөзін оқыңыз.

**ДАНАЛАР СӨЗІ**

Ағатын су тоқтамайды,
Жүйрік тіл тоқтамайды.
Бақыт тоқтап тұрмайды,
Тіршілік тоқтамайды. Ю.Баласағуни

Саусақтағы сақинаңды бір айналдырғанша, дүние жүз айналады.
Рашид-әд-дин

Тек жүрмесін, көп ойлансын тірі адам,
Өмір, өлім арасы – тек бір адым. Ю.Баласағуни

Ажалдан ешкім қашып құтыла алмайды. Құтып

Өлімнен басқаның бәріне ем бар, өлімге ғана ем жоқ. Ю.Баласағуни

Өмір қандай тәтті болса, өлім сондай ащы. Құтып

Дүние кейде бал береді, кейде ара боп шағады. Құтып

Дүние тауқыметінен екі-ақ адам құтылады:
Біреуі – әлі тумаған адам, екіншісі – өлген адам. Құтып

Қанша ел болды халқы жатқан сыйласпай,
Бәрі кетті, жері қалды қуыстай.
Қанша дана, қанша болды философ –
Мыңнан бірі қалды ма бір уыстай? А.Иүгінеки

**11-тапсырма.** Ағатын су, жүйрік тіл, бақыт, тіршіліктің неге тоқталмайтынын әңгімелеп жазыңыз.

**12-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Рашид-ад-дин бабамыздың сақина мен дүниені салыстыруын қалай түсінесіз?
2. Құтып өмірді бірде балға, бірде араға теңегенде нені меңзейді?
3. А.Иүгінекидің пікіріне қосар ойыңыз бар ма?

**13-тапсырма.**Мәтінбойынша керекті сөзді койыңыз.

1. Абай – қазақ әдебиетінде... реализмнің негізін салушы.
а) сыншыл
ә) философиялық
б) әдеби

2. Дүниетанымдық мәселеде Абай... тәрізді деизмге жақын.
а) Алтынсарин
ә) Жұмабаев
б) Дулатов

3. Дүние туралы пікіріне келсек,... жақын деуге болады.
а) классикаға
ә) деизмге
б) гуманизмге

4. Ақынның… мәселелер жөніндегі ой-пікірлері сол кездегі қоғамдық ойдың үлкен бөлігі болып табылады.
а) эстетикалық және этикалық
ә) ақыл-ой
б) сезім мен көңіл-күй

5. Осыдан келіп, адамның… белсенділігі, шығармашылық мүмкіндігінің шексіздігі туралы идея туады.
а) ғылыми
ә) саяси
б) әлеуметтік

6.Өз шығармаларында ол адамға мейірбандық көрсету- жоғары… қасиетінің белгісі деп айтудан жалықпайды.
а) нәзіктік
ә) имандылық
б) сыпайылық

## 26-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыз.

### ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ



Дулат ақынмен қатар өмір сүрген зар заман ақындарының ішіндегі ең көрнектілерінің бірі – Шортанбай Қанайұлы. Ақынның философиялық толғауларының бірі «Зар заман» деп аталады.

Енді осы толғауларынан үзінді келтірейік:

Мынау ақырзаманда
Алуан-алуан жан шықты,
Адамы араз қан шықты,
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ
Ақша деген мал шықты», –
дейді.

Шортанбай ақынның Ресей патшалығының отарлау саясатына тікелей қарсы шығуы оның әлеуметтік-философиялық дүниетанымының бір қырын көрсетеді. Бұл саясат еркіндікке улы тырнағын батырып, тұншықтыра түсті. Елдің қабырғасын қайыстырып, қалыпты тіршіліктің қабырғасын қақыратып сөкті деп зарлайды Шортанбай:

Қыс көбейді, жаз аз боп,
Бай таусылды, мал аз боп.
Ағаны іні көрмеді,
Атаға бала разы боп.
Әр нәрсенің болжамы,
Келе жатыр жақындап.
... Орыс – бүркіт, біз – түлкі,
Аламын деп талпынды.
Орыстан қорлық көрген соң,
Отырып билер алқынды...

Міне, біздер ақынның осы толғауларынан байқайтынымыз, орыстандыру саясатының тікелей қарқынынан шошып, ақын қазақ тұрмысына, болмысына орыс мінез-құлқының қайсыбір жаман жақтары әсер етуіне наразылық білдірді. Ол қазақ қоғамындағы ескі

заманнан бері атадан балаға ауысып отырған адамгершілік ережелерінің, нормаларының «бұзылуын» осы ене бастаған жаңа саясаттың әсерінен деп пайымдайды.

Осы қайшылықтарды шешу, одан құтылу жолын Шортанбай өткен өмірге, ескі тәртіпке қайта оралудан көрді. Әрине, бұл түсінікті де. Жүздеген жылдар бойы халық санасына, тұрмысына сіңіп қалған ұлттық салт-дәстүрді, оның болмысын, психологиясын бірден күштеу арқылы күрт өзгерту кімдерді болса да үлкен түсініксіздікке, торығуға, сары уайымға салынуға алып келері сөзсіз еді. Бұл кезеңді қазақ халқының басына төнген үлкен қайғы-қасірет деп түсінді зар заман ақындары.

Заман қайтіп оңалсын,
Адам қайтіп қуансын,
Жандарал болды ұлығың,
Майыр болды құлығың.
Айырылмастай дерт болды
Нашарға қылған зорлығың.
Кәпірді көрдің піріңдей,
Тілмашты көрдің биіңдей.

Дуалы көрдің үйіңдей,
Абақты тұр қасыңда
Қазылған қара көріңдей.
Байлар ұрлық қылады,
Көзіне малы көрінбей.
Билер пара жейді екен
Сақтап қойған сүріңдей.
Заманның түрі бұзылды
Текеметтің түріндей, –

деп Шортанбай ақын ел арасында халыққа деген зорлық-зомбылықтың, әділетсіздіктің, ұрлық пен парақорлықтың белең алып бара жатқанына бар жан дүниесімен күйініп, елдің болашағына деген үміт үзіле бастағанына қатты қайғырады, содан шығудың жолдарын іздеп арпалысады.

Сол кездегі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтар Шортанбай дүниетанымына да әсер етпей қалған жоқ. Бұл жағдай оның қоғам өмірі жайлы пайымдауларына да қайшы пікірлер алып келеді. Ол қайшылықтар орынды, тарихи тұрғыдан алғанда түсінікті де. Бұл ақынның өмір сүрген дәуіріндегі әлеуметтік топтарға тән қайшылықтар еді. Шортанбай ақын қоғамдық санада болып жатқан өзгерістерді, қазақ даласына енген жаңалықтарды қазақ қоғамының жаңа тұрмыс-салтының ұтылуын өз көзімен көрді, солардың куәсі болды. Ол өмірдің осы жағын жырлай отырып, қазақ халқының болашақ мақсат-мүддесін құрды.

**2-тапсырма.** Мәтінге жоспар құрып, бірнеше мағыналық бөліктерге бөліңіз.

**3-тапсырма.** Төмендегі сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз.

*Философиялық толғаулар, дүниеге құнығу, пиғылын өзгерту, көктемгі мал шаруашылығы, адамгершілік ережелері, орыстандыру саясаты, ұлттық салт-дәстүр, зар заман ақындары, әлеуметтік қайшылықтар, әлеуметтік топтар, қоғамдық сана.*

**4-тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, мәтінді әңгімелеңіз.

*Байқау, пайымдау, өмір сүру, философиялық толғаулар, отарлау саясаты, қайшылықтарды шешу, арпалысу, іздеу.*

**5-тапсырма.** Мәтіннен сын есім сөздерді теріп жазыңыз.

**6-тапсырма.** Мына сөздердің синонимін жазыңыз.

Өмір –

толғау –
еркіндік -
тұншықтыру –
тіршілік –
қарқын –
әсер –
қайшылық –
қайғы –
әділетсіздік –
ұтылу –
қайыстыру –

**7-тапсырма.** Мына сөздердің антонимін жазыңыз.

Ұлы –
қалыпты –
ескі –
адамгершілік –
ену –
құтылу –
әділетсіздік –
ұтылу –

**8-тапсырма.** Даналар сөзін оқыңыз.

## ЕҢБЕК ПЕН ІСКЕРЛІК ЖАЙЫНДАҒЫ ДАНАЛАР СӨЗІ

Еңбек ізсіз қалмайды (М.Қашқари)
Ерте тұрғанның құты артады (Ю.Баласағуни)
Әр істің басталуы ғана қиын (Құтып)
Кепілдар болғанша қолыңмен от көсе. (М.Қашқари)
Күлді үргеннен шоқты үрген игі. (М.Қашқари)
Кісі танымақ болсаң – ісіне қара. (М.Қашқари)
Кемеге мінген теңізге шығады. (Ю.Баласағуни)

Бар істі екі адамға тапсырма. (Ю.Баласағуни)
Әр істі мезгілінде істеу керек,
Мезгілімен істелмеген іс құтсыз. (Бабыр)
Ерте тұрып, кеш жат – ұйқың қанады.
Ерте тұрған ердің бағы жанады. (Ю.Баласағуни)

## 27-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз.

### МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ



Зар заман ақындарының ең беделді өкілдерінің бірі – Мұрат Мөңкеұлы. Ол қазақ жері талқыға түсіп, отаршылардың ойранына айналған жылдарда халқына ұран тастап, қарсы күреске шақырды. Ақын «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қазтуған», «Әттең, бір қапы дүние-ай» сияқты толғау-дастандары арқылы қазақ жерін отарлаушыларды батыл әшкерелеп, озбыр саясатқа қаймықпай қарсы тұрды. Ата-бабаларының қасық қаны қалғанша қорғаған жерін отарлаушылардың табанының астына таптатқысы келмейді.

Ұланғайыр далаға патша үкіметінің өктемдікпен тап беруі Мұраттың ыза-кегін оятты. Патша жендеттеріне деген өшпенділігі кеудесіне сыймай, жыр боп құйылды». Бұған дәлел ретінде ақынның «Үш қиян» толғауында:

Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны,
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны,
Ойылды тартып алғаны –
Ойындағысы болғаны
деп ашына жырлады.

Мұрат ақынның әлеуметтік философиясы заман тынысын өте бір сезімталдықпен тани білгендігін көрсетеді.

Еділді алса – елді алар,
Енді алмаған не қалар?
Жайықты алса – жанды алар,
Ойылды алса – ойды алар,
Ойлашы, сонда не қалар?... –

деп қазақ халқы ата қоныстан айырылып қала ма деп зар жырлайды, күйінеді, содан құтылудың амалын іздейді. Мұрат ақын мұндай қайғылы жағдайдың себебін ашық көрсетуге тырысады.

«Қоныстың бәрін жоғалтқан ноғайлы, қазақ надан жұрт – бірлігінің кемісі», – деп, ол тығырықтан шығар жолды білімнен іздейді. Білімі бар өзінің бір туысына: «Адассаң, жетілерсің алып қолдан, халықтың адасқанын бастамасаң, білімнен не пайда бар кеудең толған», – дейді. Дегенмен, қазақ халқы Мұраттай біртуар азаматтарының арқасында,

осындай қиын жағдайға қарамастан, өзінің рухани мәдениетін, оның төл ерекшеліктерін сақтап қала алды. Ата қоныс мекенін, жер-суын, тұтастығын аман сақтап, кейінгі ұрпаққа қалдыра білді.

«Биліктің құны кетті, батырлық, сопылық жерде қалды, замана бұзылып, қатыны қойнында жатқан еріне зәкүн айтатын болды, бұрынғы етек-жеңі мол қазақы мінез ел басшысын «қатпа болған түйедей, киеңкі болған биедей, бұты тыртиған сымпыс» алмастырды түсі суық жат үкімет қарындасты жат қылды» деп шошынды ұлтжанды ақындар. Онымен де қоймай, басқа да ел іргесін ірітетін, ұлт келбетін аздыратын, халықты тоздыратын сұмдық қылықтардың келешекте бой көрсету ықтималдығынан қауіптенеді. Мұрат ақын олардың атын атап, түрін түстеп те береді:

Мен қауіп еткеннен айтамын:
Ақ борықтай иілген,
Кейінгі туған баланың
Ұстай ма деп білегін,
Шая ма деп жүрегін,
Шашын, мұратын қойдырып, Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп реңін.
Адыра қалғыр заманның
Мен жаратпаймын сүреңін!...

Мұраттың бұл әлеуметтік ойлары бүгінгі заман тынысымен де үндесіп жатқандай.

Түйіндеп айтар болсақ, зар заман ақындары, олардың әлеуметтік-философиялық дүниетанымы, ойлары қазақ халқының қоғамдық сана-сезімінің қалыптасуына, қоғамдық ойдың дамуына, кейінгі ұрпақты гуманистік, патриоттық ұлтжанды рухта тәрбиелеуге үлкен әсерін тигізді. Бұл ақындар заманның адал перзенттері, халықтың тілеуін тілеген, ел іргесінің шайқалмай, бірлікке ұюын, рухани қазынасын көздің қарашығындай сақтауды үндеген, қарапайым бұқараның мұңын мұңдаған, жоғын жоқтаған көкірегі шерлі азаматтар еді.

**2-тапсырма.** Мәтінді аударыңыз.

**3-тапсырма.** Мәтінге жоспар жасап, сол жоспар бойынша мәтінді өз сөзіңізбен баяндаңыз.

**4-тапсырма.** Мәтіннен төмендегі сөздердің синонимін табыңыз.

*Жаулап алушылар, қорықпай, кең, жауыздық, ниет, күмін, жорамал, себеп, тұжырым, ерлік, уайым, тоздыру.*

**5-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Адам ғылымға әбден берілмей нәтижеге жете ала ма?
2. Білім мен даналық неліктен адам көркі болмақ?
3. Патша неліктен ғалымдар пікіріне мұқтаж?
4. Ғалымды неге жарық шамға теңейді?

**6-тапсырма.** Мына сөз тіркестерімен сөйлемдер құраңыз.

*Зар заман, отаршылдар ойраны, батыл әшкерелеу, табанының астына тапталу, қасық қаны қалғанша қорғау, ата қоныс, көз аларту, тарихи таным, уысынан шығармау, ел іргесін іріту, ұлт келбетін аздыру, әлеуметтік ойлар, қоғамдық құбылыстар, ұлтжанды рухта тәрбиелеу, рухани қазына, көкірегі шерлі азаматтар, халықтың тілеуін тілеу.*

**7-тапсырма.** Мына сөзіңізбен аяқтаңыз.

а) Мұрат шығармаларындағы басты сарын – жер мәселесі ... .
ә) Мұрат жырларымен таныс болу тек тарихи танымымызды кеңейтіп қоймайды...
б) Мұрат ақын патшалы отарлау саясатының нәтижесінде қазақ халқының өзі асыл қасиеттерінен, ... .
в) Ақын өз заманын адамгершілік жағынан азған, ...
г) Білімі бар өзінің туысына: «Адассаң, жетілерсің алып қолдан, ...
ғ) Ұланғайыр далаға патша үкіметінің өктемдікпен тап беруі ...

**8-тапсырма.** Даналар сөзін оқыңыз.

Ғылым біліммен көтеріледі. (А.Иүгінеки)
Еңбегі жоқ ғалым, балы жоқ ара тәрізді (С.Сарайи)
Көп наданның ішінде бір ғалым отырса, көп соқырдың арасында бір жарық шам жанып тұрғандай болады. (С.Сарайи)
Ғалымдар серке секілді: қай жаққа бастаса да тура жолға бастайды. (Ю.Баласағуни)
Патшалар ғалымдардың кеңесіне мұқтаж,
Ғалымдар патшалардың кеңесіне мұқтаж емес (С.Сарайи)
Ғылыми жұмыс өмірдің мазмұны мен мақсатына айналғанда ғана жемісті болмақ. (А.Ф.Иоффе)
Ғылым өзін-өзі түзете отырып, үздіксіз жылжи береді. (В.Гюго)
Ғылыми жұмыс мен үшін нан секілді. Себебі: онсыз өмір сүре алуым мүмкін емес. (С.П.Боткин)
Білім мен даналық – адам көркі. (Ә.Науаи)

**9-тапсырма. Мәтін бойынша қажетті сөзді койыңыз.**

1.Ғылым… көтеріледі.
а) біліммен
ә) мейірімділікпен
б) рухани дүниемен

2. Патшалар… кеңесіне мұқтаж.
а) ғалымдардың
ә) ғылымның
б) заманның

3. Ғылыми жұмыс… мазмұны мен мақсатына айналғанда ғана жемісті болмақ.
а) өмірдің
ә) ғылымның
б) заманның

4. Ғылыми жұмыс мен үшін…. секілді
а) тамақ
ә)нан
б) су

5. Еңбегі жоқ ғалым, балы жоқ… секілді

а) ара
ә) көбелек
б) құс

6. Көп наданның ішінде бір ғалым отырса, көп соқырдың арасында бір жарық… жанып тұрғандай болады.
а) күн
ә) сәуле
б) шам

## 28-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыз.

### МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ (1885-1935)



Екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден жетім қалған ол 1897 жылы Торғайдағы орыс-қазақ мектебіне түсіп, оның 1902 жылы бітіріп шыққаннан кейін алты-жеті жылдай ауылда бала оқытады. Кейіннен Омбы, Қарқаралы қалаларын аралайды, Петербургте шығатын «Серке» газетінде «Жастарға» (1907) деген өлеңін бастырады. 1909 жылы Уфада «Оян, қазақты», содан соң Қазандағы ағайынды Кәрімовтар баспасынан «Бақытсыз Жамал» романын бастырып шығарады. «Айқапқа» түрлі тақырыптар төңірегінде (оқу-ағарту, мәдениет, тіл т.б.) үзбей мақала жазып тұрады. Осы жылдары А.Байтұрсыновпен бірлесіп «Қазақ» газетін шығаруға ат салысады. Қазан төңкерісіне дейін, сондай-ақ Кеңес өкіметі жылдарында бірнеше рет түрмеге жабылады. Оның Алаш өкіметі мен партиясының басшыларының бірі болғаны белгілі. Ол 1920 жылдардан бастап жаңа өкіметке де аянбай қызмет істейді («»Ақ жол» газеті, облыстық сот, т.б.), 1922-1926 жылдары Орынбордағы Қазақ ағарту институтында оқытушы болады. 1922 жылы екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын», 1924 жылы «Қирағат» кітабын, қазақ кітаптарының библиографиялық көрсеткішін бастырады. 1928 жылғы зорбалаңда бір топ қазақ оқығандарымен бірге тұтынға алынып, ату жазасына кесіледі, онысын кейіннен 10 жыл абақтыда қамаумен алмастырады. 1935 жылы тұтқында жүріп, Балтық каналының бойындағы Сосновец деген жерде қайтыс болады. 1988 жылы Республика Жоғары сотының коллегиясы қылмыс құрамы болмағандықтан оны біржолата ақтайды.

Әмбебап ағартушының артына қалдырған рухани мұрасында кешегі көшпелі қазақ елінің әдет-ғұрпы, дәтүр-салты, жол-жоралғысы, тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесі, өзіне тән этикалық, эстетикалық ұнам-талғамдары ұлттық колоритке толы сан алуан нақты деректермен безендіріле баяндалған. Осы тұрғыдан «Оян, қазақ» атты туындысының орны бөлек. Ұстазы Ы.Алтынсариннің оқу-ағарту мәселесіне байланысты идеяларының әрмен қарай дамыта келіп, ол да А.Байтұрсынов сияқты, оқу-тәрбие мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарауға, атап айтқанда, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдеріне, шәкірттердің жаңа бағдарламалар арқылы білім алуына, ғылыми-дидактикалық қағидаларға сәйкес сабақ жүргізуге ерекше мән береді. Бұл айтылғандарды оның «Мұғалімдерге» атты мақаласынан (1914), «Қирағат» кітабына жазған алғы сөзінен жақсы байқауға болады. «... балаларды, – деп жазды ол, – оқыту өз алдына бір ғылым. Ғылым – педагогика... Мектеп программасында бірінші орын алған нәрсе – қирағат, баяндап оқыту... Қирағаттың мақсатын түсінбеген мұғалім үміт еткен пайданы бере алмайды... Жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге қалай үйретпек керек? Балаларды оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіру керек (М.Дулатов. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 238 б.). Ол орыс педагогикасының атасы К.Д.Ушинский айтқандай, оқу-тәрбие процесіне (жазу, сызу, есептеу, оқу т.б.) шәкірттердің сезім мүшелерін (көз, құлақ және т.б.) түгелдей қатыстырып отыру қажеттігін орынды аңғарып, мұны тәлімгерлердің жадына салуды ойластырады. Осыған орай ол былай деп жазды: «Әр бір жазылған сөз – (тақтаға, дәптерге, тіпті ауыз екі сөзде. – Қ.Ж.) жазушының сезімімен, естуімен, көруімен (табиғаттан һәм адамның тұрмысынан) шыққан нәрсе».

Табиғатынан тәлімгерлік қасиеті мол жазушы қазақ арасында көбінде көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге, зерек, дарынды балаларды оқытып-тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір табиғи астарларына үңіледі. Осы жәйт автордың мына төмендегі түйіндеуінен жақсы аңғарылып тұр: «Туысында қанша зеректік болса да, – деп жазды М.Дулатов, – ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатына не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана көзге көрінеді... . Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанын да көріп тұрғандай боласың...».

Халқымыз егемендік пен тәуелсіздікке ие болып жатқан кезде жас өрендерді жерге шырылдап түскен кезден есейіп, есі кіріп болғанға дейінгі аралықта ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, дәстүр-салт, әдет-ғұрыптан мейліше сусындауына ерекше көңіл аударуымыз қажет. Бұл жөнінде ол мектепке зор міндет жүктелетіні жәйлі жеріне жеткізе айтқан; «Бастауыш мектепте алған тәрбиенің, – деп жазды ол, – әсерлі, күшті, сіңімді болуы, қай халықтың мектебінде болса да, оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсатына муафик үйретуден, осылай біліп баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйретіп, керекті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп, медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де, ұлт ұлы болып қалады. Оқудағы  мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру ... .

М.Дулатовтың психология ғылымының  оқу-тәрбие процесінде алатын орны жайлы айтқандары осы айтылғандармен шектелмейді. Бұлар арнаулы зерттеуді қажет. етеді.

**2-тапсырма.** Мәтінді аударыңыз.

**3-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. М.Дулатовтың қандай еңбектері бар?
2. «Оян қазақ» туындысында қандай идея айтылады?
3. Жазушы дарындылықтың табиғи астарларына үңіле отыра қандай ой түйіндейді?
4. М.Дулатовтың Ана тілі, ұлттық рух, салт-дәстүріңізді сақтау мақсатында қандай міндеттерді жүктейді?
5. Ұлы ұлт болып қалудың қандай жолдарын сілтейді?

**4-тапсырма.** Мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз.

## 29-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыз.

### ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ (1883-1939)



Ол қазіргі Атырау (бұрынғы Гурьев) облысы, Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Алдымен ауыл молдасынан хат таниды, кейіннен жергілікті орыс-қазақ мектебінде оқиды. Одан соң Орал қаласындағы реалдық училищеге оқуға түседі. Оны үздік бітірген соң Петербургтегі Әскери-медициналық академияда оқиды, оны алтын медальмен бітіріп шығады. Академияда Х.Досмұхамедов дүние жүзі физиологтарының ақсақалы, шартты рефлекстер туралы әйгілі ілімінің авторы, академик И.П.Павлов лекцияларын тыңдайды. Х.Досмұхамедов еңбектерінде психологияның жекелеген салалары (әлеуметтік, этностық т.б.) төңірегінде айтқан сындарлы пікірлер жиі кездеседі. Мәселен, оның 1925 жылы жазған «Аламан» атты мақаласынан этнопсихологияға қатысты бірсыдырғы ғылыми түйіндерді аңғару қиын емес.

Автор түсінігінде аламандық ру менмендігінің бір сипаты. Аламандық қазақ мінезінің анадайдан бадырайып (психологияда мұны «мінездің акцентуациясы» дейді – Қ.Ж.), бесенеден байқалып тұратын көрінісі. Бұл жеке адамға да, сондай-ақ жекелеген топтарға да тән құбылыс. Х.Досмұхамедовтың аламандық ру психологиясының ерекшелігінен туындайды деуі өте орынды. Ғылымда ру (род), тайпа (племя), халық (народ), ұлт (нация) ұғымдарының психологиялық ерекшеліктері бар екені көптен айтылып жүр. Бұл жөнінде психологтар мен философтардың, этнографтар мен антропологтардың да көзқарастары бір-біріне тоқайласып жатады. Ру – гендік ерекшеліктеріне, туыстық қарым-қатынастарына орай бірлескен аталас, ауылдас адамдардың тобы. Бұрынғы кезде бір рулы ел жекелеген территорияны, бір ауылды мекендеген. Оның басында сол ауылға елге беделді, сөзін жұртқа тыңдата алатын ақсақалдар болған. Кей жағдайларда ру басшылығына беделді аналар да енген. Ру – бұл тарихи-этнографиялық ұғым. Қазақ тарихындағы рулық болмысты ғылым жоққа шығарылмайды. Қазақ халқы өзінің саяси-экономикалық, тарихи-географиялық жағдайына қарай XV ғасырдан бермен қарай үш жүзге бөлініп келеді. Бұлардың әрқайсысында ірі-ірі елуден астам ру-тайпалар тағы бар. Олардың әрқайсысының көсемдері (ру басы), өзіндік рәміздері (таңбалары) болғандығы да тарихтан мәлім. Ал «рушылдық» деген тағылымның психологиялық астары басқаша. Егер ру белгілі жүздің, аймақтың, территория жағынан отандасқан, қауымдастық бірлігі болса, рушылдық – бұл объективтік жағдайларды ескермей, субъективтік факторларды, яғни жеке бір рудың ғана мүддесін көздейтін, соның тыныс-тіршілігін есепке алып отыратын құбылыс. Еуропа елдеріне

қарағанда Азия халықтарында рушылдық құбылыстың жиі кездесетіні байқалады. Өйткені, рулық психологияның өріс алуына, кейбір қоғамдық мәнді факторлардың кенжелеп дамуы, бытыраңқылықтың зардаптары, бір орталыққа бағынған біртұтас мемлекеттің болмауы т.б. осындай факторлар әсер етеді.

Автордың халықтың тіршілік салты, жаугершілік мінезі, орталықтанған мемлекеттік құрылыстың болмауы, қазақ даласына аламандықты алып келді деген қағидасы ғылымилығы жағынан дәлелді. Сондай-ақ, оның «сананы салт туғызады», ақсақалшылдық – рудың ақылгөйі, басшысы» деген пікірлері де көкейге қонымды түйіндер. Оның қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайының өзгермеуімен әлеуметтік мінезі де, аламандығының мән-мағынасы да өзгеріп отырады дейтін қисыны, бұлармен қатар «әлеуметшілдік» (сотциализация) дейтін ұғымға берген анықтамасы да, «аламандық бар жерде әлеуметшілік бола алмайды, әлеуметшіліксіз қазақта ұлт тіршілігі, ұлт мемлекеті болуы мүмкін емес» деуі де ғылымилығы жағынан терең тұжырым.

Халелдің психологияның әр жақты мәселелерімен байланысты айтқан басқа пікірлері де мазмұны жағынан терең. «Адамның табиғаттағы бір мінезі, – дейді ол, – ойын-сауық қылып, қызықтап кетуі. Ойнамайтын адам жоқ. Күлмеген адам – адам емес. Салтымызға, тұрмысымызға қарай түзелуге елімізде көп ойындар бар. Бұларды менсінбей ұмытып барамыз. Бұл жарамайды. Біздің кейбір ойындарымызға Европа таңданарлық». Ол тілмен қатар әдебиетіміздің де ұлт психологиясының айнасы екендігіне көңіл аударады. «Халықтың мінез-құлқы, ойы – дейді автор, өз пікірін әрмен қарай жалғастырып заманындағы әдебиетінен білінеді. Әдебиет – халықтың түрлі қимылдарының айнасы... Осы әдебиетті тексеріп отырсақ, қазақтың өткендегі құлқы, мінезі, заманындағы күйініші, сүйініші, арасында болған түрлі әлеуметтік қимылдары анық сезіледі... Бұрынғы әдебиетпен танысқанда қазақтың бойына біткен мінездерінің бірнеше түрі орасан адырайып тұр».

Ғұлама ғалымның психологиялық тұрғыдан ерекше назар аудартар ендігі бір түйіні – ұлттық психологияның қалыптасуына қоғамдық ортаның, әсіресе ондағы әлеуметтік тәрбиенің ықпалы жайлы мәселе. «Ұлт мемлекетін жасап, – деп жазды ол, – қазақ арасынан әлеуметшілікті туғызамыз деген дәуірде тұрамыз. Жаңа әлеуметшілікті тура жолмен жасау үшін елдің бұрынғы, соңғы әлеумет мінездерін тексеру керек... Әлеуметшіліксіз қазақта ұлт тіршілігі, ұлт мәмлекеті болуға мүмкін емес. Қазақ әлеуметшілігінің өткенін жөндеп түсініп, қазіргі қалпын анық көріп, кемісін болжай білуі... – оқыған зиялыларымыздың міндеті... Оңды әлеуметшілік құру үшін елдің өткен-кеткен тұрмысын, бұрынғы болған әлеумет қимылдарын тану керек». Бұл түйіндерден оның ұлт (этнос) психологиясының іргелі мәселелерінің ерекше көңіл аударғанын байқаймыз. Оның физиология мен психологияның көптеген терминдік атауларын төл тілімізде сонау жиырмасыншы жылдардың өзінде-ақ іріктеп, құрастырғаны белгілі болып отыр. Мәселен, оның «жүйке жүйесі» (нервная система), «жүйке талы» (нервная волокна), «жүйке орталығы» (нервный центр), (жүйке түйіні» (нервный узел), «ерік» (воля), «сана» (сознание), «бырқыл» (лабиринт), «мишық» (мозжечок), «қозу» (возбуждение) т.б. осы іспеттес көптеген ғылыми атаулары күні бүгінге дейін өзгеріске түспей қолданылып келеді.

Х.Досмұхамедұлы тіл, сөйлеу – адам психологиясының басты белгілерінің бірі екендігін ерекше атап өтеді. «Тіл жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді, мектеп пен баспада қолданудан қалған тіл – шатасқан тіл. Ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды... Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең – ол күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесу бұл сүйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі қор қате».

**2-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын әңгімелеп айтыңыз.

**3-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Х.Досмұхамедов қай жерде дүниеге келген?
2. Оның этнопсихологияға қатысты қандай еңбегі бар?
3. «Аламандық» деген не?
4. Қазақ тарихындағы рулық болмыс деген не?
5. Турашылдық деген не?
6. Ол ұлттық психологияның қалыптасуына қоғамдық ортаның ықпалын қалай түсіндіреді?
7. Х.Досмұхамедов ана тілін білмегендерге қандай баға береді?

**4-тапсырма.** Екі бағанадан сөз тіркестерін құраңыз.

| | |
|---|---|
| Ауыл | атаулар |
| Бәсекешіл | болмыс |
| Жеке | құбылыс |
| Философтар | мемлекет |
| Рулық | психология |
| Біртұтас | тіршілігі |
| Рушылдық | топ |
| Ұлттық | адам |
| Терминдік | көзқарасы |
| Ұлт | молдасы |

**5- тапсырма.** Мына сөйлемдерді бағанадағы сөздермен толықтырыңыз.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бирес ми | Ру | ойынд ар | ұлт | психологи ясының | алама ндық |

Қазіргі ғылым тілімен айтсақ – бұл бір-бірімен кесімге келе бермейтін… топ. Х.Досмұхамедовтың... ру психологисының ерекшелігінен туындайды деуі өте орынды. ... - бұл тарихи – этнографиялық ұғым салтымызға, тұрмысымызға қарай түзелуге елімізде көп… бар. Әлеуметшіліксіз қазақта... тіршілігі, ұлт мемлекеті болуға мүмкін емес. Бұл түйіндерден оның ұлт... іргелі мәселелерінің ерекше көңіл аударғанын қалаймыз.

**6-тапсырма.** Мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз.

**7-тапсырма.** Кестенің оң жағы мен сол жағын сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| 1) Автор түсінігінде аламандық... | ... жекелеген топтарға да тән құбылыс. |
| 2) Бұл жеке адамға да, сондай- | … елуден астам ру тайпалар тағы бар. |

| | |
|---|---|
| ақ… | |
| 3) Бұрынғы кезде бір рулы ел жекелеген территорияның… | … ойын-сауық қылып қызықтап кетуі. |
| 4) Бұлардың әрқайсысында ірі-ірі… | ... қимылдарының айнасы. |
| 5)Адамның табиғаттағы бір мінезі-ол,... | ... ру менмендігінің бір сипаты. |
| 6)Әдебиет-халықтың түрлі… | ... бір ауылды мекендеген. |

**8-тапсырма.** Мәтіннен сын есім создерді теріп жазыңыз.

**9-тапсырма.** «Х. Досмұхамедовтің қазақтың ұлттық ойындары туралы пікірлері» деген тақырыпта шағын шығарма жазыңыз.

**10-тапсырма.** ТОППЕН «Х.Досмұхамедовтің этнопсихологияға қатысты еңбектері» тақырыбында пікірлесіңіздер.

## 30-САБАҚ

## МҰСЫЛМАНДАР СЕНІМІНІҢ НЕГІЗІ – СҮННЕТ



Сүннет ол Мұхаммед пайғамбардың айтқан насихаты мен (Хадис) істеген ізгі істерінің жиынтығы. Хадистер хиджраның І-ші жылдарынан-ақ жинақтала бастады. Бүгінгі таңда көпшілік ғұламалар шынайы деп тапқан сан алуан хадистер жинағы бар. Ол авторлар Ат-Термизи, имам Бухари т.с.с. Қазақ тілінде Халифа Алтайдың аударуымен қысқаша хадистер жинағы жарық көрді. Ал кең көлемді Халықаралық Ислам университетінің қолдауымен орыс тілінде «Мұхаммед өсиеттері» (Изречения Мухаммеда) – деп аталатын жинақ жарық көрді. Ислам дінінің шариғаты (Исламның конституциясы) осы Құран мен хадиске негізделген.

Мұсылманның қырық парызы осы шариғаттың алғы шарттарының бірі болып табылады. Ал қырық парыздың ең негізгілері мыналар: 1) иман келтіру, яғни Алланың бір, пайғамбардың хақ екендігін тілмен айтып, жүрекпен сену; 2) бес уақыт намаз; 3) зекет беру; 4) рамазан айында ораза тұту; 5) мүмкіндігі жетсе, қажыға бару.

Қажылық – мұсылман дүниесінде қасиетті болып саналатын Мекке мен Мединаны зиярат ету. Қажылық – зират барысында міндетті түрде сақталуы қажет арнайы заңдылықтары арқылы орындалады. Ал намаз болса, күннің шығып батуына байланысты белгіленген уақыт бойынша қатал тәртіппен өтеледі. Мысалы, таңғы намаз (салату алфажр) таң білінгеннен күн ұясынан шыққанша оқылуы тиіс. Түскі немесе бесінді намазы (салату аз-зухр) болса күн тас төбеден өтіп, заттың көлеңкесі өз бойынан екі есе ұзарғанша оқылуы тиіс. Түс ауған кездегі намаз немесе екінді намазы (салату ал-аср) заттың көлеңкесі өз бойынан екі есе ұзарғаннан күн батқанша. Ақшам намазы (салату аш-шам), өте қысқа уақыт күннің қызылы таркап бірінші жұлдыз шаққанша оқылуы тиіс. Ал түнгі намаз (салату ал-айша) бірінші жұлдыз шаққаннан таң білінгенге шейін оқылуы керек. Бұған қоса айт (мереке), жаназа (өлген адам) намаздары бар.

Айт намаздары – бүкіл мұсылман жұртшылығы мерекелейтін құрбан айты және рамазан айының ораза айты күндерінің бірінші күні таң намазынан кейін жамағатпен (көпшілікпен) күн қамшы сабындай, яғни күн 40-45 градус бұрыш өлшеміндей көтерілген кезде оқылатын намаз түрі.

Жаназа намазы мұсылман адам дүниеден өткен соң, жерлеу рәсімі алдында оқылатын намаз. Бұл соңғы екі намаз жоғарыда аталған негізгі бес парыз ішіне енбейді.

Шариғатта намазды оқуға мүлде болмайтын уақыттар да бар. Олар: 1) күн ұясынан шыққаннан, күн қамшы сыбындай көтерілген кезге дейін; 2) күн тал төбеде тұрғанда; 3) күн батқаннан қызылы тарағанша. Намаз оқу тәртібі қалай қадағаланса, онда оқылатын сүре,

аяттардың да оқылу тәртібі дәл солай қадағаланады. Негізінен намаз қиам (тік тұру), қираат (дауыс шығарып аят оқу), рукуғ (еңкею), сәжде (маңдайды жерге тигізу), ташахуд (тізе бүгіп отыру) деп аталатын іс-әрекеттерден тұрады. Намаздың басқа ғибадаттардан ерекшелігі намаз тек араб тілінде оқылады.

Жетім-жесір, ғаріптерге садақа беріп, қолғабыс етуді де ислам мұсылман адамның міндеттері санатына енгізген. Сондай көмектердің бірі зекет. Мысалы, зекет беруші мұсылман өзінің соңғы кірісінің немесе барлық байлығының 2,5 пайызын жарлыларға беруі міндет (парыз). Ал, рамазан айындағы ораза әрбір мұсылманның таң атқаннан кеш батқанға шейін жеп ішуден және сонымен қатар нәпсіден тиылуын талап етеді.

Ислам діни ілімінің негіздері:

1. Ғаламды жаратушы Алланың бар екендігіне сену;
2. Оның періштелеріне сену;
3. Оның кітаптарына сену;
4. Оның жіберген пайғамбарларына сену;
5. Ақырзаманның болатындығына сену;
6. Жамандықта, жақсылық та шын мәнінде Алладан екендігіне сену.
7. Өлгеннен кейін қайта тірілуге сену.

Дін Алланың бір екендігіне негізделген. Оған дәлел Құран кәрімдегі 112-ші «Ихлас сүресі». «Айт ол Алла жалғыз, ол тумады, одан ешкім туылмады, ол өзінің жаратқандарының ешқайсысына ұқсамайды».

Алла тағалаға балама жасау немесе сол сияқты тағы бір нәрсені құдіретті мойындап бой ұсыну «шірік» – деп аталады. Құранда, «Алла тағаланың ең жаман көретіні шіріктік» – деген екен.

Періштелер – ислам дінінде жаны бар тәнсіз жаратылыс иелері, періштелердің міндеттері әлемнің халифасы адам баласына қызмет ету. Олардың нәпсілері жоқ. Періштеге қарама-қайшы жаратылыс иесі шайтан бар. Олардың басшысы Ібіліс деп аталады. Оларға Алла тағала тарапынан қиямет күніне дейін адам баласын аздыруға, тура жолдан тайдыруға, рұқсат берілген. Әу баста адам баласын жаратқанда оған бас имегендігі үшін Алла тағаланың қаһарына ұшырап жәннаттан қуылған.

Құранда 25 пайғамбардың есімі аталған. Оның ішінде бізге белгілі Мұса, Ыбрайым, Иса пайғамбарлардың есімдері бар. Ислам діндарларының пайымдауларынша Мұхаммед пайғамбарға дейін жер бетінде 2400 пайғамбар жіберілген. Бұл жайында Құранның Бахара сүресінің 130-136 аяттарында анығырақ айтылған.

Мұхаммедке дейінгі пайғамбарларға жіберілген хақ дін дінсіздердің бұрмалауларына түсіп, өз құдіреттілігін жоғалтқан. Ал пайғамбар Мұхаммедке жіберілген ислам діні, ең соңғы әрі хақ дін болып есептеледі. Олай дейтініміз, Құран кәрімнің өзінде «Алланың алдында ең хақ дін – ислам», – деп айтылған.

Құранның хақтығына дәлел оның түпнұсқасының бүгінгі күнге дейін қаймағының бұзылмауында. Құранның басқа тілдерге аударылғанымен ислам ғибадаттарында тек қана араб тілінде қолданылуы талап етілуі де осыдан.

Ислам «Ақыр заманның» міндетті түрде болатындығын үйретеді, ал оның қашан болатындығы тек бір Аллаға аян. Құран кәрімнің Зүмар сүресінің 67-68-ші аяттарында ол жайлы былай делінген: «...Олар Алланы шын мәнінде қадірлей алмады. Негізінде қиямет күні жер бүтіндей оның уысында... . Сұр үрлегенде Алланың қалаулыларынан басқа көктегі жан иелері, жердегі жан иелері жығылып өледі. Бірақ Алланың қалағандары қалады». Ислам діндәрларының айтулары бойынша «Ақыр заман» күні батыстан шығып, шығысқа батады, күн бұлттанып, қою жаңбыр жауады. Жаңбыр басылған соң жер бетінде бір сәт тыныштық орнап, қабірлерден бүкіл адамзат баласы тұрып, «мәшһәр майданына» (Алла тағала алдына бүкіл адам баласының есеп беретін орны).

«Мәшһәр майданына» жеткенше кей адамдар ерекше қиналыс, күйзелісте болады. Ал ізгі істер істеп жалған дүниеде Алла тағалаға жақын болғандар жүрісі жеңілдеп, тіпті кейбір әулиелік дәрежедегі мұсылмандар жаннат пырағымен жетеді деседі.

Ол жерге жеткен соң, адам өміріндегі жақсылық пен жамандықты жазушы «Кирамин» және «Катибин» періштелерінің амал дәптерлерінде жазылғандар бойынша адам баласына сауал сұралады. Сауал сұралып болған соң, күнәларының ауыр, жеңілдігіне байланысты бірі тозаққа, екіншісі – жаннатқа барады. Егерде өмірінде Алланың бірлігі мен пайғамбардың хақтығын мойындаған адам болса, ол күнәларын өтеген соң, түбінде тозақтан жаннатқа баратыны анық.

Алла пенде өмірінде не болатынын, ненің немен аяқталатындығын білетіндігі шындық. Алайда мұсылман адам өз ісіне өзі жауап беруі қажет. Істеген ісінің бәрін Алла тағалаға ысырып тастау сияқты фатализмге берілмеген жөн. Ислам дінінің христиан дінінен ерекшеліктерінің бірі – ислам дінінде адам дүниеге келгенде күнәсіз, пәк, ізгілік тілеуші; Құранда берілген адам талаптарын орындау арқылы ол жаннатқа баруы тиіс. Ол үшін ол өз сенімін іспен көрсеткені абзал.

Ислам дінінде адам өмірі толық жан-жақты қарастырылып, өмірінің соңына дейін өзін қалай алып жүру заңдылықтары көрсетілген. Мұны ислам дінінің шариғаты деп атайды. Бұл діни заңдар мен адамиістер жиынтығы. Оның негізін құраушы Құран мен Сүннет. Бұдан басқа да алғашқы төрт халифаның және басқа да діни ғалымдардың ілімдерімен толықтырылады. Ислам заңы яғни шариғаты төрт типтегі құқық деңгейлерін қарастырады. 1) Бәрі құрмет тұтуға міндетті құдай құқы; 2) жеке адам құқы; 3) басқа адамдар құқы; 4) Алланың барлық жаратқандарының құқы. Алайда шариғат барлық құқық ережелерін түбегейлі қарастырады. Мысалы, тамақтану қағидалары бар: өлген малдың етін жемеу немесе доңыздың (шошқаның) етін және Алланың есімінсіз бауыздалған малдың етін жеуге тыйым салынған. Одан басқа ғұсыл, дәрет алудың, намаз оқудың өзіндік тәртіптері бар. Сонымен қатар, шариғат қылмыстық және азаматтық құқық процесінің жүйелерін қамтиды, әр мұсылманның барлық жасаған істері мынандай ұғымдар бойынша сұрыпталады:

1) Парыз – Құран арқылы міндет болынған. Оны мойындамаған діннен шығады.

2) Уажіп – ол да Құран арқылы міндет болынған, бірақ та оны мойындамаған діннен шықпаса да, зор күнәһәр болады.

3) Сүннет – пайғамбарымыздан қалған кейбір амалдар.

4) Мустахаб (мәндуб) – адамға тән жақсы істер мен қылықтар.

5) Харам – Құранда тыйым салынған істер, қылықтар, әрекеттер.

6) Мәкрух – тыйым салынбаса да, ерсі көрінетін іс-әрекет.

7) Мубах – адал істердің орындалу тәртібінде жіберілген кейбір нұсқаулар.

Басқа діндердегі заңдылықтарға қарағанда ислам шариғаты адамның жеке басының жағдайын толық ескереді. Мысалы, рамазан айындағы отыз күн ораза парыз болғанымен, денсаулығы жоқ немесе жүкті әйелдерге ұстамауға жеңілдік беріледі. Одан басқа отырып, тұруға мүмкіндігі жоқ қарияларға намазды да отырып ишаратпен оқуға рұқсат берілген. Бұл жайлы анығырақ Құранның Бахара сүресінің 167-173-ші аяттарында толығырақ баяндалған.

**1-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарды топ болып талқылаңыздар.

1. Құран-кәрімнің басқа киелі кітаптардан айырмашылығы неде?
2. Құран-кәрімнің уақи етілуі (түсуі) жаында не айтасыз?
3. Құран-кәрімнің кітап болып жинақталуы және оның құрылымы туралы не білесіз?
4. Құран-кәрімнің мәдени мұра ретіндегі маңызы неде?

**31-сабақ**

**1-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз.

## СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ



**(1893-1920)**

ХХғасырдың басында өмір сүрген қазақтың аса талантты демократ ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың психологиялық пікірлерінің негізгі желісі Қазақ төңкерісі алдандағы дала өміріндегі дүрбелеңмен сабақтасып отырғандығы белгілі. Сондықтан да оның пәлсапасынан қоғамдағы өзгеріс, жаңа заманның лебі жақсы байқалады. Мәселен, оның таным жайлы пікірінің негізгі түйіні: бізді қоршап тұрған сыртқы дүниенің ұшы-қиыры жоқ, ол сансыз атомдардан тұрады, жан-тәннің өзіндік заңдылықтарына орай көрініп отырады-деуі – ғылыми тұжырымның жақсы айғағы.

«Ойлансам дүниеде қанша жан бар,
Адам бар, ағаш бар, мал мен аң бар.
Жанды жансыз нәрсенің бәрі дағы,
Әр себептің жемісі байқасаңдар.
Қасқыр болмақ, құс болып, ұшып қонбақ.
Сол болғандар, болмаған өздігінен,
Болғызған еріксіз бір себеп қолдап».

С.Торайғыровтың пікірінше, адам табиғаттың туындысы. Ондағы себептіліктің жемісі. Ол дүниенің сырларын біртіндеп ашып, оны шама-шарқынша өзгертіп отыратын белсенді тұлға. Адам сыртқы дүниемен байланыса отыра, оны біртіндеп тани береді, сөйтіп өзінің ақыл-ойын дамытады, оның ешбір рухани қасиеті тумысынан пайда болмаған. Ақын бізді қоршап тұрған дүние сыры мол, бірақ оны тануға әбден болады дей келіп, мұнда ғылымның алатын орны ерекше екендігін былайша түйеді:

«Зерттесе де адамға білмейтін ғып,
Дүние ешбір сырын жасырмаған...
Әлемдегі терең сыр,
Ғылыммен ғана ашылмақ...

Дүние, табиғат, тіршілік жөнінде осындай ғылыми жаратылыстың пікір айтқан ойшыл ақын айналада болып жатқан дүбірлі өзгерістер мен оқиғалардың шығу себебін, олардың түпкі негізінің неде жатқандығын, қозғалушы күштері кімдер екенін ажырата алмай, бұлардың басты себебін адамның ақылы мен ой-санасынан іздейді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ тарихында бірінші болып жан мен тәннің, яғни психика мен мидың (дененің) ара қатынасы туралы мәселе көтеріп, бұл екеуінің өзара

байланысын ғылыми тұрғыдан дұрыс түсіндірді. Ол жан мен тәннің ылғи да бірлікте, тұтастықта, байланыста болатынын айта келіп:

«Дене азыққа тоюдан жан ер жетер...

Жан ер жетіп, дүниенің сырын табар...»,

– деп адамның тәні өсумен қатар жаны, ақыл-ойы сана-сезімі де бірге өсіп, «жас тән мен сезім, білім қабат өсіп») жетіліп, дамып отырады дейді. Тән мен жанның қоса өзгеруінің негізін Сұлтанмахмұт тәнде, яғни мида деп түсіндіреді. Адам өлгеннен кейін онда «қимыл жоқ, сезім жоқ ... жек көру жоқ, махаббат жоқ... өмір жоқ, яғни бір сөзбен айтқанда, тәннен бөлінген жанда ешуақытта өмір болмайды», – деп, осы мәселені материалистерше баяндайды.

С.Торайғыров адам психологиясының қалыптасуы іс-әрекет үстінде болып отыратынын, мұнсыз сана-сезімнің дұрыс қалыптасып, дамымайтынын; адам тіршілігінің мазмұнын да қоршаған ортасы, әлеуметтік жағдайлары билейтіндігін, сондай-ақ, үй-іші, отбасы, әке-шешенің де «Көргені әке-шеше қандай болса, алмақшы сонан үлгі баласы да» дегендей, жас ұрпақ санасының қалыптасуында шешуші роль атқаратындығын жақсы түсінген:

«Жақсылық көрсем өзімнен,
Жамандық көркем өзімнен.
Тағдыр қылды дәулелерді,
Шығарамын сөзімнен», –

деп ол адамның психологиясы тағдырға, жазмышқа байланысты емес, керісінше оның өскен ортасына, бәрінен бұрын өзіне, нақтылы іс-әрекетіне тәуелді екендігінайтты. Ақын қоғамдық жағдай адам психологиясына ерекше әсер етіп, терең із қалдыратындығын, әр түрлі қоғамда адамның сана-сезімі де түрліше болып қалыптасатынын нақты деректермен, «Кедей» поэмасында өте нанымды көрсеткен.

Мәселен, «Адасқан өмір» поэмасының «Мен жігіт» деп аталатын бөлімінде ол жігіттік шақтың психологиялық ерекшеліктерін былайша сипаттаған:

«Мен жігіт, он бес-отыз арасында,
Бұл жаста көпココ берееі – аласым да...
Жалыны бойға сыймай сырттан көрініп,
Күн сайын тұрады артып қайрат-күшім», –

деп түйеді ақын жігіттік, бозбалалық кезеңнің басты ерекшелігін. Расында да адам баласының осынау бір кезеңі психологиялық жағынан аса бір қызықты шақ. Осы кезеңнің қызығын халқымыздың ақын-жыраулары бұрын да аз жырламаған. Бірақ олардың ғылыми сипаттамасы жетіспей жататын. Сұлтанмахмұт, жас жігітке тән қасиеттерді жай тізе бермей, олардың әрқайсысының сыр-сипатын, мәнін ашуға талаптанады. Жастық шақ – адамның дене күші мен рухани тіршілігінің кемеліне келетін кезеңі. Жас адам ылғи да албырт, қажырлы, іс-әрекет пен қимылға құштар. Оны ойландырмайтын нәрсе жоқ, нағыз романтик, тауды қопарып тастағысы келеді, оған «Сырдың суы сирағынан келмейтін» тәрізді. Жас адам өз мүмкіндігін, қабілет, дарынын көруге де ынтызар:

«Алдымда толған мақсат, толған таңдау,
Алайын мынасын ба, анасын ба?..» –

деп осылайша дүниеге зор сеніммен қарайтын жас адамның таудай талабы мен қиялының шарықтамайтын жері жоғын, көксеген арманының есепсізін, оның асыл мұрат іздейтіндігін сөз етеді. Жас кезінде адам өмір қыспағынан қорқа бермейді. Онда күйреп, басқа мұқалу деген жоқ, ол ержүрек, батыл адам.

Ақын жастық шақта адамның ақыл-ойы интеллектісі өте алғыр, дүниені танып-білуге құмарлығы күшті, сондықтан да осы кезде оқуға, білім алуға ерекше ұмтылу қажет дейді. Бұған ата-ана, ағайын-туыстың жақсы ақыл-кеңесі де ауадай қажет. Білім алу, бәрінен бұрын адамның өзіне байланысты. Ол үшін үлкен ерлік-жігер, ұғарлық зейін, зор үміт, таудай

талап, шын ықылас, ұғымталдық, зеректік, т.б. аса қажетті шаттар. «Оқу инемен құдық қазғандай», ол еріккеннің ермегі емес дейтін тұжырымды мына төмендегі шумақтардан жақсы аңғартуға болады:

Таусылмас ғылым теңіз шалқып жатқан,
Өмір бойы оқысаң бір таусылман.
Қиындығы қинайды жанға батқан,
Білімге қарсы тұрар қандай күш бар
Бас иер талай мырза кеуде қаққан...
Оқу малды тыңдамас, зейін тыңдар...
Молда атанған жақсы ғой, оқу болса
Баста зейін кеудеде тоқу болса...

2-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

**3-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. С.Торайғыров қандай ғылыми тұжырымдама жасайды?
2. Ақын дүние сырын танып-білудегі ғылымның алатын орнын қалай екшелейді?
3. С.Торайғыров қандай психологияның ұғымдардың мәнін түсіндіріп берді?
4. Ақын жан мен тән туралы қандай ғылыми тұжырым жасайды?
5. С.Торайғыров адам психологиясының қалыптасуы туралы не айтады?
6. Ақынның адамның әр түрлі жас кездеріне байланысты жасаған психологиялық талдауларының мәні неде?

**4-тапсырма.** Байлық, әкімдік, атақ, махаббаттың адам бақытына қандай қатысы бар, өз пікіріңізді білдіріңіз.

**5-тапсырма.** «Оқу инемен құдық қазғандай» деген мақалдың мәнін ашыңыз.

**6-тапсырма.** Ақынның жас адам туралы ойларына қандай пікір қоса аласыз?

**7-тапсырма.** Топпен бірлесе отырып «Жас адам – таудай талап пен асыл мұрат иесі» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңыздар.

**8-тапсырма.** Досыңызбен «Өмірдегі орным қандай, нені таңдау керек» деген ой-түйін төңірегінде сұхбаттасыңыз.

**9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. С.Торайғыров шығармаларында не сөз болған?
а) сезім-эмоция
ә) қуаныш
б) қайғы-қасірет

2. Адам организмінде әр түрлі қимыл-қозғалыстарды не тудырады?
а) эмоция
ә) сезім
б) көңіл-күй

3. Сұлулық сезімдерінің қалыптасуына не ерекше әсер етеді?
а) адамгершілік
ә) көрегендік

б) сұлулық

4. Ақын шығармаларында не сөз болады?

а) психологиялық құбылыстар

ә) қоғамдық құбылыстар

б) табиғи құбылыстар

5. Адаманың қабілет, талантының түрліше болуы неден?

а) тума ерекшеліктерінен

ә) қимыл-қозғалыстарынан

б) іс-әрекеттерінен

6. Ақынның ерекше мән беріп, көтерген мәселесі не?

а) өмірге талпыну

ә) сана- сезімін дамыту

б) ана тілді ардақтау

## 32-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз.

### С.Торайғыров. Ана тілінің адам психологиясынан алатын орны

Адамның көңіл-күй ерекшеліктері, сезім-эмоция секілді жан қуаттары да С.Торайғыров шығармаларында біршама сөз болған. Ақын басқа жан құбылыстары сияқты адамның сан алуан сезімдерін (қуаныш, қайғы-қасірет, реніш т.б.) сыртқы ортаның, яғни белгілі себептердің нәтижесінен туып отырады дейді. Адам сезіміне әсер етпейтін нәрсе жоқ. Отан табиғат құбылыстары да, адамның суық және жылы сөздері де, денсаулық жағдайы да, тұрмыс күйі де т.б. үнемі әсер етеді. Сезім адам организмінде – бет пішінінде, көз жанарында, қас-қабағында т.б. әр түрлі қимыл-қозғалыстар тудырады, ол жүрек жұмысына да байланысты дейді:

Сезімнің сыртқа шықпас түсі бар ма?
Оны жасырар адамның күші бар ма?
Біреу күй, біреу пішін, біреу сөзбен,
Көрсетпейтін жүректің іші бар ма?

С.Торайғыров адамның ең жоғарғы сезімдерінің (эстетикалық, адамгершілік т.б.) табиғатына ерекше көңіл бөледі, бұлардың қалай пайда болып, қалыптасып отыратындығын сөз етеді. Мәселен, оның айтуынша «жақсы ән мен тәтті күй», яғни жақсы музыкалық әуен адам құлағының құрышын қандырып қана коймай, оның сұлулық, әсемдік сезімдерінің қалыптасуына да ерекше әсер етеді. Сұлтанмахмұт адамның ерік-жігер қасиеттері туралы да сындарлы пікір айтқан ақын. Оның шығармаларының кейіпкерлері қажыр-қайратқа толы, әрқашанда күреске әзір, ылғи да іс әрекет үстінде, көздеген мақсатына жету жолында тынбастан қимылдап, тіршіліктің тиімді жолдарын іздейді, бұлардың түбінде жеңіске жетеміз деген сенім баршылық:

Тұрмыста үмітім көп жеңем деген,
Жігермен жеңуіме сенем деген.
Ырқыма жүрер менің қай дүние,
Көнбесе өз ырқыма өзім денем...
Менде жоқ қажу деген де, ашу деген,
Тарығып, болымсызға жасу деген...

Бұл жерде ол белсенділік, қажарлы-қайрат, төзімділік, шыдамдылық, өзін-өзі билей алу, батылдық, қауіп-қатерден жасқанбай қиыншылыққа мойымау т.б. – адамның тамаша еркін-жігер қасиеттері жайлы толғайды.

Қайрат-жігер ерекше күшті, мінезі темірдей берік адам ғана көздеген мақсатына жете алады. Ақын жастарға: «жігерлі бол, жасыма, жасқанба, қылышпен шапса да, найза сұқса да, бейнеттің сан алуан түрлеріне төзе біл, ылғи да таудай талабың болсын («Талпыну бар, талап бар, бүйткен адам оңады»), келешектен күдеріңді үзбе, ылғи да талпынып күресе бер, өмір деген толған күрес, тәуекелге бел байла да күреске түс, оны жеңбей қоймай («Тәуекел күреске түс, бардағы жең»), босқа ынжық болма, жалғыз оқумен теңелмейсің, алауыз азған, қоянжүрек қорқақ болма, кез-келгенге құлай берме, біреуге босқа алданып қалма» деп талай рет тебіренген ғой қайран ақын. Абайдың да, Сұлтанмахмұттың да жастарға айтпақ ойы ортақ: олар мына дүниеден өз орныңды таба біл, адам бол, қатарыңнан қалма, үнемі ілгері қара, жігерлі де, талапты бол, жалқаулыққа, еріншектікке салынба, ерінбей еңбек ет! Сонда ғана мұратыңа жетесің, өмірден орыңды табасың дейтін теңдесі жоқ ақыл-кеңестер береді.

Ақын шығармаларында бұдан басқа да әр түрлі психологиялық құбылыстардың табиғаты сөз болады. Мәселен, Сұлтанмахмұт адамның әр түрлі қабілеті мен таланты, мінезі іштен тумайтынын, олар іс-әрекет үстінде қалыптасатынын, барлық адамның қабілеті де бірдей болмайтындығы жайлы айтады. «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» – деген мақаласында былай дейді: «Балаларының жайын түсіндіріп реттеймін деуге көне қоятын қазақ па? Біреуінің баласы жүйрік, бірінікі жорға, бірінікі шабан». Осындай пікірді ол басқа шығармаларында талай рет қайталанған еді. Мәселен, «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» деген өлеңінде:

«Денеден-ақ көрініп тұрған жоқ па,
Саусақтың алалығы біткен қолға», –

деп ақын адам психологиясының кейбірі туыстан берілетіндігін астарлы сөзбен білдіріп отыр. Адамның қабілет, талантының түрліше болуы оның тума ерекшеліктеріне де (нышандарына) тәуелді болып отырғандығын айтады. Бірақ сайып келгенде, адамның қабілет, таланты, нәтижелі іс-әрекеті бәрінен бұрын өзіне, адамның белсенді қимыл-қозғалысына байланысты. Сұлтанмахмұт бұл жәйтті де ескерген. Оның «Оқу малды таңдамас, зейін таңдар... Оқу бай, кедей, жақсы, жаман деп таңдамайды, кім іждиһаттанып ықыласын салса, оқу содан табылады» дейтін пікірлері біздің соңғы айтқанымызға жақсы дәлел бола алады.

Ақын ерекше мән беріп, көтерген тәлімдік мәселенің бірі – жастарды ана тілді ардақтап, оны қадір тұтып, сүйе білуге тәрбиелеу мәселесі. Әр халықтың ұлттық психологиясының негізгі бір жағы – сол ұлттың тілі. Ұлттық тіл сол халықтың нақты тарихы, оның өмірінің, сана-сезімінің, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпының шежіресі. Кім де болса өз халқының тарихын, оның тілін дұрыс білмейінше, әрі жан-тәнімен сүймейінше өз халқының адал перзенті, сүйікті ұлы бола алмайды. Өз ұлтын, ұлттық тілін жөнді қадірлемейтін адамнан шын мәніндегі интернационалист шығуы да қиын. Ала тілінің адам психологиясынан алатын орнын жақсы көре білген Сұлтанмахмұт, оны жастарды адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеудің басты құралдарының бірі деп түсінген. Ақын ұғымдарында ана тілі туған халқының, өзіне ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген анаңның тілі. Дүниеде анадан жақын не бар! Сондықтан да осы тілді қадірлеп, ерекше құрмет тұтқан абзал. Ана тілі – бұл өмірге жаңа ғана келген нәрестенің ә дегенде еститін бірінші дыбысы, ол жас өспірім жеткіншектің айнала әлемді тамашалағанда білдіретін көңіл күйі.

2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыз.

3-тапсырма. Мәтін мазмұнына қатысты сұрақтар қойыңыз.

4-тапсырма. Мәтіннен мамандыққа қатысты қолданылатын сөздерді теріп жазыңыз.

5-тапсырма. Ғұлама ақынның бүгінгі күннің өзекті мәселесі – ана тілі туралы ойларына талдау жасаңыз

6-тапсырма. Мына даналық ойларды оқып, естеріңізде сақтаңыздар.

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүткіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Б.Момышұлы

Түрлі-түрлі байлық бар. Солардың таңдауын берсе, мен тіл байлығын таңдар едім. Өйткені тіл байлығы – бәрінен де сенімді байлық.

Ғ.Мүсірепов

Тіл деген – бізге өткен дәуірімізден қалған асыл мұра. Ол тіл атамыздың ақылынан, анамыздың сүтінен жаралған. Қазақтың өз тілі – қазақ үшін алтын бесік.

Ш.Мұртаза

Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере қашқан тұрмысы, асықпайтын саспайтын мінезі көрініп тұр.

М.Жұмабаев

## 33-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыз.

### ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ



**(1910-1982)**

Бауыржан Момышұлы – Ұлы Отан соғысында ерлігімен атағы шыққан қаһарман батыры. Ол Жамбыл облысының Жуалы ауданында туған.

Бауыржан Момышұлы өзінің еңбек жолын ауылдық мектепте мұғалім болудан бастайды. Әскери борышын өтеген соң, оны қызметке шақырады, ол түрлі әскери бөлімдерде командирлік қызмет атқарады.

1941 жылы Бауыржан Алматы маңындағы жасақталған генерал-майор Панфилов дивизиясы құрамында майданға аттанады. Ол Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысты. Майданда әскери шеберлігімен, ерлігімен ерекше көзге түседі, бірнеше рет жауынгерлерімен бірге жау қоршауын бұзып шығып, үлкен ерлік көрсетеді. Әсіресе, немістермен Мәскеу түбінде болған қиян-кескі шайқастағы көрсеткен ерлігі сол кездің өзінде аңыз болып тарайды. Орыс жазушысы Александр Бектің Момышұлы туралы поэмасы оның нағыз дәлелі. Бауыржан Момышұлы соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады.

Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Кеңес Армиясы Бас штабының Жоғары академиясын бітірді және әскери академияда сабақ береді.

Құрметті демалысқа шыққаннан кейін, Бауыржан Момышұлы шығармашылықпен айналысады, бұл салада да ол жақсы нәтижелерге ие болды. Халық оны өз шығармаларымен бірге, ол туралы жазылған шығармаларды да сүйсіне оқиды. Батыр Бауыржан көркес сөз шебері екенін оның ақыл сөзінен көруге болады. Мысалы,

1) Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін.
2) Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет етуден аянба.
3) Отан үшін отқа түс, күймейсің.
4) Опасызда Отан жоқ.
5) Ел үшін аянба – ерлігіңе сын, жұрт үшін аянба жігіттігіңе сын.
6) Арлы адам ардақты...
7) Ердің туы – намыс.
8) Жауды өлтірсең, өлімнен құтыласың.
Өлтірмесең, өлімге тұтыласың.
9) Айбындана шапқаннан ажал да сескенеді.
10) Қара бет болып қашқанша, Қайрат көрсетіп өлген артық.

Қазақстан қалаларында Бауыржан Момышұлы атында көшелер мен мектептер бар. Ал Жамбыл облысында бір елді мекен батырдың есімімен аталған.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, Президент Жарлығымен оған «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

**2-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын әңгімелеуге жоспар жасап, сол жоспар бойынша мәтінді өз сөзіңізбен әңгімелеңіз.

**3-тапсырма.** Мына сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жазыңыз.

1) Бауыржан Момышұлы – Ұлы Отан ... ерлігімен ... шыққан батыр.
2) Бауыржан ... өзінің ... жолын ауылдық .... мұғалім болудан бастайды.
3) 1941 жылы ... Алматы маңында ... генерал-майор ... дивизиясы құрамында ... аттанды.
4) Майданда ... шеберлігімен, .... ерекше .... түседі, бірнеше рет ... бірге жау ... бұзып шығып, үлкен ... көрсетеді.
5) Орыс жазушысы ... Бектің... туралы поэмасы оның .... дәлелі.
6) Соғыстан кейін... Момышұлы Кеңес ... Бас штабының ... академиясын... және ... академияда сабақ береді.
7) Халық оның өз... бірге, ол туралы жазылған ... да сүйсіне оқиды.
8) Ал Жамбыл ... бір елді мекен ... есімімен аталған.

4-тапсырма. Мына сөйлемдерді аяқтаңыз.

1) Ол Жамбыл облысының ... .
2) Әскери борышын өтеген соң, оны әскери қызметке шақырады, ... .
3) Ол Ұлы Отан соғысының ... .
4) Әсіресе, немістермен Мәскеу түбінде болған қиян-кескі шайқастағы көрсеткен ерлігі ... .
5) Бауыржан Момышұлы соғыстың соңғы жылдарында ... .
6) Құрметті демалысқа шыққаннан кейін, Бауыржан Момышұлы шығармашылықпен айналысады, ... .
7) Қазақстан қалаларында Бауыржан Момышұлы ... .
8) Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Президент ... .

**5-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бауыржан Момышұлы әскери қызметпен ғана айналысқан адам ба?
2. Кеңес Армиясы Бас штабының Жоғары академиясын қашан бітірген?
3. Өзі бітірген академияда сабақ та берген бе?
4. Бауыржан шығармалары халыққа ұнаған ба?
5. Бауыржан Момышұлының ерлігін еліміз қалай бағалады?

**6-тапсырма.** Бауыржан Момышұлының ақыл сөздерін үйренеміз

1. Сәлем – сөздің анасы.
2. Сәлемін түзей алмаған, Елді де басқара алмайды.
3. Сен жаудан қашсаң, Өмір сенен қашады.
4. Ерлік – елдің қасиеті, Жүректілік – жігіттің қасиеті.
5. Атақ – ерге сауға, Олжа – елге сауға, Олжа – елдікі, оған тимегін.
6. Әдіссіздік – әлсіздік, Ептілік те – ерлік.
7. Өмір үшін өлгенше күрес.
8. Ашуыңа ақылыңды жеңдірме.

9. Командир – аға, солдат – іні.

10. Сабырлылық алдында дұшпан сасады, Сабырсыздан береке қашады.

11. Қырағының өзі де, көзі де батыр.

12. Ежілгі ел тілегі – ер тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тілегі.

13. Қайратыңа әдісіңді жолдас ет, Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.

**7-тапсырма.** Бауыржан Момышұлы әскер қатарына кетерде әкесінің берген батасын оқыңыздар:

– Ақ жүрек болып жолдасың, адалдық сені қолдасын.
Жақсылық үшін тіpeсceң, жаныңды арың қорғасын.
Арынды болсын шабысың, алымды болсын табысың,
Найзағай болсын намысың. Ер жігітке бәрі сын.
Қиындық көрсең – мұқалма, ауырлық көрсең – жұқтырма.
Қамқоршы бол кішіге, үлкенді үлгі тұт алға! – деп, әкем бетін сипады.

**8-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға топ болып жауап беріңіздер.

1) Бауыржан Момышұлы туралы Ә.Нұршайықовтың шығармасын оқыдыңыз ба?

2) Александр Бектің Бауыржан Момышұлы туралы шығармасын оқыдыңыз ба?

3) Панфилов дивизиясында Отан соғысында қандай ерліктер көрсеткен?

4) Бас штабтың Жоғары академиясында сабақ беру оның әскери шеберлігіне сенім деп ойлайсыз ба?

5) Сіз Бауыржан Момышұлына қалай қарайсыз?

6) Бауыржан Момышұлының көркем сөзге шеберлігінің айғағы ақыл, өсиет сөздері туралы не айтасыз?

**9-тапсырма.** Бауыржан Момышұлының ақыл сөздерін мағынасына қарай топтастырыңыз. Мысалы, Отан туралы, ерлік туралы, адамгершілік туралы, т.б.

**10-тапсырма.** Ақыл сөздерді қолдана біліңіз.

1. «Арлы адам ардақты» деген тақырыпта қысқа пікір жазыңыз.

2. «Ашуыңа ақылыңды жеңдірме» деген сөздің мәнін ашып әңгімелеңіз.

3. Сабырлылық алдында дұшпан сасады, Сабырсыздан береке қашады» деген сөзге пікіріңізді жазыңыз.

**11-тапсырма.** Ә.Нұршайықовтың халқының біртуар ұлы Бауыржан Момышұлы жайлы жазылған «Ақиқат пен аңыз» роман диалогынан үзіндіні оқыңыздар, түсініп зердеге түйіп алыңыздар.

Автор. Бұрынғы мен бүгінгіні, сонымен болашақты салыстыра отырып, арт пен алға көз жібере келіп, жас ұрпаққа қандай ақыл айтар едіңіз?

Бауыржан. – Ей, бүгінгі жас қауым, бейтаныс келер ұрпақ!

Әр әке балам бақытты болса екен, үрім-бұтағымның үміті үзілмесе екен, өшпесе екен деп тілейді. Осы мақсатпен әкелеріміз бізге қан кешіп жүріп, кең байтақ Отан жасап берді. Олар бізге: құрылыс жақсы болса – тұрмыс жақсы, бірлік мықты болса – тірлік күшті. Осы құрылыс пен бірлікті көздің қарашығындай сақтаңдар деп өсиет етті. Біз бүгін өсиетті абыроймен орындап, Отанымызды Гитлер сияқты ең жауыз жаудан сақтап қалдық. Туысқандық бірлігімізге титтей де дақ түсірмедік.

Сөйтіп, Ұлы Отан соғысында қабырғадан қан кешіп жүріп, біз де сендерге бақыт әпердік, жас ұрпақ. Ол қазіргі кең жазира Отаның сенің. Өйткені – Отансыз өмір, онсыз қуаныш жоқ. Соны көздің қарашығындай сақтаңдар. Соңғы үш ғасырда дүниеге үш жалмауыз берген адам жауыз ұлға қысыр болып қалмас.

Бір ғасырда бір Наполеон, екі жүз жылда есуас Гитлер тумай қоймас. Ондай жауыздардан елді, жерді, қоғамда сақтап қалу – сенің борышың, алғы ұрпақ.

Ұзын бой қысқарады, үлкен дене кішірейеді, адам ақыры өледі. Ол – табиғат заңы. Адам өлгенімен, оның еңбегі өлмейді, ерлігі өлмейді, оның атқарған ұлы іс өлмейді. Ұлы іс Отанға деген сүйіспеншіліктен, халыққа деген құрметтен, осы екеуі үшін аяусыз еткен еңбек пен ерліктен туады. Өткен Отан соғысында он тоғыз-жиырма жастағы азаматтар ерекше ерлік көрсетті. Жиырма жас – тарихи ерліктер жасайтын жас. Осыған әрқашан да әзір болу керек.

Жастарым Отаншыл болсын. Отаншылдық – әр адамға керекті ең ұлы қасиет. Ал Отаншылдық өз үйіңнен басталады. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анамен бірге туған бауырларымен тату болса, өзінің өскен ауылын, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе сол адам отаншыл болады. Өйткені, өз әке-шешесін ардақтамаған, өзгенің ата-анасын құрметтемейді.

## 34-САБАҚ

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Бауыржан Момышұлы өз еңбектерінде қатардағы жауынгер мен оның ұстазы болып есептелетін командирдің психологиялық бейнесін шыншылдықпен сомдап көрсетіп берді. Өйткені, әскер өмірінде осы екі тұлғаның бір-бірімен қарым-қатынасының ішкі мәнінде өте нәзік психологиялық астар жатқаны белгілі.

Өзінің «Жауынгерлік тәрбие туралы» жазбаларында ол ерлік, ұят, масқара болушылық сияқты жауынгер бойындағы сезімдерге, батылдық, айлакерлік, ептілік сияқты қасиеттерді тәрбиелеуге айырықша назар аудара келіп, мына төмендегі ұғымдарға талдау жасайды: 1) ерік дегеніміз не? 2) парасат дегеніміз не? 3) сезім дегеніміз не? 4) шеберлік дегеніміз не? 5) ұят дегеніміз не? 6) абырой дегеніміз не? т.б.

Қорғаныс жағдайында талай-талай ұрыс жүргізуді батальон командирі ретінде өз басынан өткізген Бауыржан Момышұлы жауынгер сезімін екі топқа жіктеп қарастыруы оның өте сезімтал байқағыштығын, ірі тұжырымдар жасай алатындығын жақсы аңғартады. Солдат сезімін Момышұлы былайша топтастырады:

1. Жоғарғы сезімдер (высшие чувства):
парыз (долг)
ержүректілік (мужество)
адамгершілік (благородство)
ерлік (отвага)
батырлық (храбрость)
қаһармандық (героизм)
2. Төменгі сезімдер (низшие чувства):
опасыздық (измена)
ұждансыздық (низость)
үрей (боязнь)
қорқыныш (страх)
шошу (ужас) және т.б.

Ол жоғарғы сезімдерге жауынгер бойындағы ең жақсы сезімдерді жатқызса, төменгі сезімдерге адам бойындағы ең бір жаман, ұнамсыз сезім-эмоцияларды жинақтайды. Солдаттың жан-дүниесіндегі ішкі күрес те осы сезімдердің арпалысынан туады.

Ұлы Абай үш-ақ нәрсе адамның қасиеті дегенде ол нұрлы ақыл, қайрат, жылы жүрекдеп осы үшеуін айтыс-тартысқа түсіретіні бар. Ақын осы үшеуінің билік қайсысына тиісті болу керек дегенде ақыл да, күш-қуат та екі жақты, олардың пайдалы да, зиянды да жақтары көп деп, билік жылы жүрекке тиесілі дейді. Ол жүрекке айырықша орын беріп, гуманизмнің, инабаттылық пен имандылықтың бәрі жүрекпен таралатынына ден қойған болатын. Бір кезде ұлы ойшыл түйіндеген ақыл, жүрек, қайрат – осы үш ұғым Момышұлының психологиялық ойларында жаңа қырынан, яғни ұрыс жағдайындағы жауынгер психологиясымен сабақтастырыла қарастырылады. Сөйтіп Момышұлы Ақыл, Сезім, Ерік сияқты солдат бойындағы қасиетке арнайы тоқталып, бұл жөнінде өзінің мәні терең ой қорытындысын ұсынады.

Командир, офицер солдаттың жәй тәрбиешісі ғана емес, ол ең алдымен ұрысты ұйымдастырушы басты тұлға, әскердің миы. Ол қарамағындағыларды ортақ мақсатқа жұмылдырып, олардың бойындағы ұжымдық сезім, жауынгерлік игі дәстүрлерді дарыта білуі қажет. Солдаттың сезіміне, – деп жазды Момышұлы, – бөлімшенің әлсіздігі – оның әлсіздігі, бөлімшенің масқара болуы, бөлімшенің даңқы – оның даңқы, бөлімшенің намысы – оның намысы; бөлімшенің сәтсіздігі – оның сәтсіздігі; табысы – оның табысы екендігіне жеткізу қажет». Ол жауынгер мен командирдің ара-қатынасын, жауынгерлік семьяның байланысын, міндеті мен парызын үлкен психологиялық тұрғыдан талдайды. Момышұлы командирді өнер адамдары сияқты творчествоның адамы деп біледі. Ол әбден байыпталған ойын тайсалмай жүзеге асыратын адам. Дұрыс шешім жасау үшін командир де қаншама іштен ойланып-толғанады, уайым-қайғы жейді, сөйтіп, түпкі шешім жасайды. Командирдің бұйрығы мен шешімінің жауынгерлерге ететін психологиялық ықпалы да зор. Солдат жанында командирі тұрғанын сезсе, көрсе, батыл да сенімді әрекет етеді. Ал командир толқи бастаса, жауынгерлері де толқып, командир қорықса – солдаттарды әп-сәтте үрей билеп алатынына назар аудартады. Командир ең алдымен өзінің ішкі қорқынышын жеңіп, толқуын басып алмай ұрысқа басшылық жасауға қақысы жоқ. Өзі табандылық көрсете алмай тұрған командир жауынгерлерін ерлікке жұмылдыра алмайды. Командир сәтсіздіктен қорқып, тайсақтамауы керек, ол қатал әрі қарамағандағыларға әділ болуға тиіс. Міне, сонда ғана солдат одан әділ мемлекет өкілін көреді, оған күдіксіз сенеді.

Әскери психологиялық ой-пікірлер тарихында сирек ұшырасатын Момышұлы қолданған кейбір ұғымдар мен түсініктерге тоқталып өтейік. Олар төмендегідей: ойлау (мышление), ес (память), назар (внимание), мінез (характер), сезім (чувство), парыз (долг), ар (совесть), абырой (гордость), ұят (стыд), масқара болу (позор), жігерлендіру (воодушевление), өзара-көмек көрсету және коллектившілдік сезім (взаимная выручка или чувство коллективизма), үрей (боязнь), қорқыныш (страх), зересі ұшу (ужас), сасу (паника), үміт үзу (отчаяние), өжеттілік, қайсарлық (дерзнование), ұлттық рух (национальный дух), ұлттық патриотизм (национальный патриотизм), күншілдік (зависть), зерігу (скука), қулық (приворство), екіжүзділік (лицемерие), күдік (сомнение), тобыр (толпа), ерік (воля), ынтасыздық (невнимательность), салақтық (неакуратность), күш-қайрат (энергия), табандылық (настойчивость), өзін-өзі ұстай білу (самообладание), бастаманы қолға алу (инициатива), батылдық (храбрость), шешімсіздік (нерешительность), мінезсіздік (безхарактерность) т.б. Батыр қырықтан астам психологиялық ұғымдар мен түсініктерге тоқталып, оларға нақты да дәл айқын, қанатты сөздей қысқа анықтама беріп отырады. Бауыржан Момышұлы талдаған психологиялық терминдердің ауқымы мен аясы, мазмұны мен ғылыми астары өте кең. Қарамағындағы жауынгерлердің тыныс-тіршілігін, мінез-құлқын, қабылет-қарымын, өз міндетін тамыршыдай тап басатын командир ретінде ол солдат психологиясына соншалықты зейін салып, терең үңіле білетіндігі ерекше байқалады.

Жауынгер тәрбесінде ол ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрлердің, яғни этнопсихологиялық ерекшеліктердің маңызы Ұлы Отан соғысы тәжірибелері арқылы айқын көрсетіп береді. Ол мұны терең ұғып, оның ерекше маңыздылығын түсіне білді. Б.

Момышұлы ұлттық рух, ұлттық патриотизм сияқты ұғымдарға аса назар аударып, әртүрлі этностар (қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен, украин, беларус т.б.) бойындағы жақсы қасиеттерді көре біліп, оларды ортақ мақсатқа, жеңіске жұмылдыра білуге үнемі зор мән беріп отыр.

Әскери тәжірибедегі басты әдіске жауынгерлердің көзін жеткізе білуді жатқызып, оны мәжбүр етуге қосалқы құрал ретінде қарайтыны, өйткені солдатты еріксіз мәжбүр етіп, өз ықтиярына көндіргеннен гөрі көз жеткізудің пәрменділігіне, ал көзі жеткен адам өз міндеті мен борышын саналы түрде ғана емес, зор шабыт, творчестволықпен орындайтынына асқан білімділікпен назар аудартады, сондықтан ол бас июшілікке, көнбістікке, көнтерілікке тәрбиелеуді – адамды моральдық тұрғыдан толық езіп-жаншу деп біледі.

Б. Момышұлы жалпы Шығыс халықтарына ежелден тән намысқойлық, үлкенді сыйлау, ар-ұят, парыз, имандылық, Отанға, ата мекенге деген сүйіспеншілік, үлгі-өнегеге мойын ұсынушылық сияқты ана сүтімен қанға сіңіп дағдыға айналатын жауынгерлік қасиеттердің психологиялық астарларына тоқталады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындарының (көкпар, аударыспақ, сайыс, асық ойнау т.б.) солдаттарды ептілікке, шырақтыққа үйрететініне, ал мұның өзі жауынгерге ұрыс жағдайында ауадай қажет екендігін тәптіштеп түсіндіреді.

Бауыржан Момышұлының психологиялық пікірлерінің кесектігі мен ірілігі, терең талдаулары мен тұжірімдарының сонылығы – оның қолбасшылық қасиеттерінің даралығы мен жандүниесінің кеңдігі, асқан жаңашылдығын байқатады. Осынау психологиялық ой-пікірлер мен толғаныс-тұжырымдар тек жауынгерлерді тәрбиелеуге ғана емес, қазіргі әскери психология ғылым үшін де маңызы зор.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз.

**2-тапсырма.** Мәтінді аударыңыз.

**3-тапсырма.** Мәтін мазмұнын түсіндіріңіз.

**4-тапсырма.** Мәтінді әңгімелеу үшін жоспар жасаңыз.

**5-тапсырма.** Жоспар бойынша мәтінді әңгімелеңіз.

**6-тапсырма.** Мына сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тиісті сөзді жазыңыз.

1) Ұлы Абай үш-ақ нәрсе адамның қасиеті дегенде ол ..., ..., ... деп осы үшеуін ... түсіретіні бар.

2) Ақын осы үшеуінің ... қайсысына тиісті болу керек дегенде ..., ... та екі жақты, олардың ..., ... жақтары көп деп, билік жылы ... тиесілі дейді.

3) Ол ... айрықша орын беріп, ..., ... пен имандылықтың бәрі ... таралатынына ден қойған.

4) Сөйтіп Момышұлы ..., ..., ... сияқты солдат бойындағы қасиетке арнайы тоқталады.

5) Командир, офицер солдаттың жәй тәрбиешісі ғана емес, ... ең алдымен ұрысты ... басты ..., әскердің ... .

6) Ол қарамағындағыларды ортақ ... жұмылдырып, олардың бойында ... сезім, ... игі ... дарыта білуі қажет.

7) Б.Момышұлы жалпы ... халықтарын ежелден тән ..., үлкенді сыйлау, ..., ..., ..., Отанға, ата-мекенге деген ..., үлгі өнегеге мойын ұсынушылық сияқты ана сүтімен қанға сіңіп дағдыға айналатын ... қасиеттердің ... астарына тоқталады.

## 35-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз.

### НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА



**(1887-1934)**

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында өзінің тәлім-тәрбиелік ойларымен қазақ әйелдерінің арасынан тұңғыш әлеумет өмірінде көрінген кісінің бірі – Нәзипа Құлжанова болды. Ол өткір журналист, педагог-тәлімгер, екі тілде бірдей жазатын аудармашы, Шығыс еңбекші әйелдерінің І-съезін ұйымдастырушылардың бірі, Орыс география қоғамының Семей бөлімшесінің мүшесі еді.

Құлжанованың ұстаздық, тәлімгерлік тұлғасын таныта түсетін екі еңбегі бар. Оның бірі – 1923 жылы Орынборда шыққан «Мектептен бұрынғы тәрбие», екіншісі «Ана мен бала тәрбиесі» (Қызылорда, 1927).

Қазақ қоғамы жағдайында жас ұрпақты тәрбиелеудің ғылыми астарлары әлі де болса айқындала қоймаған кезде Н.Құлжанованың осынау тың жатқан істі өзіне зор міндет, басты проблема етіп көтеруі – оның асқан батылдығы да, бала тәрбиесінің сан-салалы шараларын көрсете алатын біліктілігінде еді. Аталмыш еңбектерінде автор мектепке дейінгі балалар мекемелерінің тарихын, олардың отандық және шетелдік үлгілерін сөз етумен бірге қоғамдық ортадан тәрбие алатын баланың жас ерекшелігіне қарай, оның қоршаған ортасының ықпал-әсерінен туындайтын психологиялық өзгерістерді кеңінен баяндайды. Ғалым-педагог баланың жан тәрбиесіне әр жас кезеңінде әр түрлі тәрбие беру керек екенін айта келіп, үш жасар баланың психологиясын былай сипаттайды: «Үш жасар бала бір тыным жоқ «басты қатырады» деп шешесі зарлайды. Үш жасар бала істі өзі орындағанды жақсы көреді. Өзім істеймін деп араласады. Сұрамайтын сөзі жоқ, неге бұлай? Ол өзі ұстап байқағанды жақсы көреді. Кісіні шаршатады. Ат болады, түйе болады. Шешесі болып

ойнайды, тағы да басқа ойын дүниесіне кіріседі... Үш жасардың сөзінің түбі жоқ. Айтқанды тыңдауға, тынымсыз, сөзбен жағалас жүреді... Нәрсенің бәрін білгісі келеді... Тапқан заттарының бәрін ойын қылады... Ойын оның шын тіршілігі ... Төңіректегі нәрседен өзіне қызықты ғана көзіне түсіп, ықылас тартады...».

Бұдан 70 жыл бұрын айтылған осынау психологиялық сипаттамалардың қазіргі ғылыми психология айтатын түйіндерден ешбір айырмашылығы жоқ, өресі биік, сындарлы ой-пікір екендігіне шүбә келтіруге болмайды.

Н.Құлжанова қазақ отбасыларында мектепке дейінгі бала тәрбиесінде орын алып келе жатқан кейбір кемшіліктерді көрсетеді. «Жас балаға үлкендер тыныш отыруды бұйырады. Үйге қамап қояды. Шамасынан артық қызмет тапсырады. Қазақ қыздарын үйге отырғызып қояды. Балалар далаға шығып, басқалармен ойнағысы, қозы қуғысы келеді. Үлкендер өз еркімен жүргісі келген балаға зорлық жасайды... Баланың өзіне керегін істетпей, «адам болмайсың» деп ұялтады... Онан білгенінің көбіне көңіл бөлмейді... Бала ойнақтаған құлын тайдай, желкілдеген гүлдей өсуі керек».

Қазақ баласының психологиялық ерекшеліктерін жазбай танитын ол ересектер мен бөбектер арасындағы қарым-қатынас мәселесіне айрықша мән береді. Бұл жөнінде ол былай дейді: «Балаға сусындай керегінің бірі – сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі – баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы. Сұрағына жауап бермей «мазамды алма» деп, үнемі баланың бетін қайтару арқылы оның сол білімге құмарлығының негізін жоғалтып жіберуге болады», – дей келе автор, бала ойыны тану, білу құмарлығымен ұштасып жататындығын ескертеді. Н.Құлжанова баланы жас кезінде көбінде табиғат аясында бағып-қағудың тиімділігін айтады: «Жаратылыстың, – деп жазды ол, – өз дүниесінде, даланың кеңшілігінде шылпылдап суына түсіп, жүгіріп, құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасында сайрандап жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей тегіс өсіп, өркендемек». Ол осы пікірін әрмен қарай жалғастыра келіп: «Әрбір қулықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, жан және дене мүшелерінің машықтары бала әдетіне төңірегіндегінің бәріне еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік, жас кезінде кіріп, сіңіп қалады», – дейді автор. Ойын баласының мектеп жасына дейінгі бүкіл тыныс-тіршілігі, оның мектепте алар тәлімінің әзірлік саьысы болып табылатындықтан осы кезеңдегі тәлім-тәрбиеге ерекше мұқият қараудың маңыздылығына тоқталады.

Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын байқалады. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке тәрбиелеу жайындағы методикалық құралдар төл тілімізде әлі күнге дейін тапшылық етеді. Сондықтан аталған еңбектердің маңызы зор.

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер

1. Нәзипа Құлжанова деген кім?
2. Оның өмір жолын баяндаңыз?
3. Н.Құлжанова қазақ баласының психологиялық ерекшеліктерін қалай көрсетеді?
4. Ол адам мен табиғат арасындағы байланыстың маңыздылығын қалай баяндайды?

**3-тапсырма.** Төмендегі сөз тіркесімен сөйлем құраңыздар.

Психологиялық, сипаттама, ғылыми сипаттама, жақсы адам, өресі биік, көңіл бөлмеу, білуге құмарлық, бала ойыны, табиғат аясы, ойын баласы, талшыбықтай икемді, әзірлік сатысы, көшпелі тұрмыс, көбілік қуу, саураңдап жүру, еңбек ету.

**4-тапсырма.** Мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз.

**5-тапсырма.** Төмендегі сөздермен сөз тіркестерін жасаңыз.

Мұғалімдер-
жаңа-
тәлімгерлік-
басты-
қоғамдық-
психологиялық-
сындарлы-
табиғат-

**6-тапсырма.** Мәтіннен сын есім сөздерді теріп жазып, аударыңыз.

**7-тапсырма.** Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

*Жас ұрпақ, ғылыми астар, қоршаған орта, психологиялық сипаттама, бала тәрбиесі, білу құмарлығы,адам мінезі,өмір шындығы.*

**8-тапсырма.** «Нәзипа Құлжанованың тәлімгерлік тұлғасын танытатын еңбектері» тақырыбына пікірлесіңіздер.

**9-тапсырма.** «Н. Құлжанова пікірлерінің ғылыммен сабақтасуы» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз.

**10-тапсырма.** Мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз.

**11-тапсырма. Мәтін бойынша қажетті сөзді қойыңыз.**

1. Н. Құлжанованың ұстаздық, тәлімгерлік тұлғасын танытатын… еңбегі бар
а) екі
ә) үш
б) төрт

2. Үш жасар балада бір… жок.
а) әрекет
ә) уақыт
б)сезім

3. Шешесі болып…, тағы да басқа ойын дүниесіне кіріседі.
а) ойнайды
ә) күледі
б) жылайды

4. Нәрсенің… білгісі келеді.
а) бәрін
ә) түгел
б) көп

5.Қазақ баласының… ерекшеліктерін жазбай таниды.
а) әлеуметтік
ә) философиялық
б) психологиялық

6. Түрлі… түбірі – баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы.
а) білімнің
ә) ғылымнның
б) кітаптың

## 36-САБАҚ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып,мазмұнын баяндаңыз

### ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ЖАЗУШЫСЫ
### (Мұхтар Әуезов. 1897-1961)



Мұхтар Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте қазіргі Шығыс Қазақстан облысының (бұрынғы Семей облысы) Шыңғыстау бөктеріндегі Қасқабұлақ деген елді мекенде дүниеге келді. Мұхтар туылғанда, Абай елу екі жаста, есімі елге кеңінен тараған атақты ақын еді. М.Әуезов Абайды өз көзімен көреді. Жастайынан Абай өлеңдерін жаттап, ауылдағы ескі құлақ қариялардан аңыз-ертегілерді, жыр-дастандарды жалықпай тыңдап, Абай мектебінен осылайша тағлым алады; ұлы Абай поэзиясының асыл қасиеттері жас Мұхтардың жүрек түкпіріне сөз өнерінің ұрығын терең сеуіп, келешекте шешек атып гүлдеуіне негіз жасайды.

Жас Мұхтар Семей қаласындағы медреседе, бес кластық орыс мектебінде, оқытушылар семинариясында (1914-1919) білім алады. Бұл кез Семей қаласының қазақ даласындағы рухани-саяси орталықтардың біріне айнала бастаған уақыты болатын. Осындағы оқыған қазақ жастарымен, әсіресе ұлт азаттығын мақсат тұтқан алашордашылармен қоян-қолтық араласудың барысында семинарист Мұхтардың ұлттық сана-сезімі жетіліп, біржола халықтық, ұлттық жолға түседі. М. Әуезов осы жылдарда қалыптасқан ұлттық-халықтық бағыттағы азаматтық бет-бағдары үшін өмір бойы (әсіресе 30,50-ші жылдары) кеңес өкіметі тарапынан қуғынға ұшырап, әупірім-тәңіріммен аман қалып отырды.

М. Әуезов оқуын бітірісімен бұрқ-сарқ қайнап жатқан қоғамдық өмірге белсене араласып кетеді: Семей губерниялық атқару комитетінде председательдің орынбасары, соңынан төрағасы болып, Орынборда КАЗЦИК-тің орталық аппаратында істейді. Ленинград университеті қоғамдық ғылымдар факультетінің тіл-әдебиет бөлімін (1923-1928),

